Увидев, подошедшего к ним журналиста, больные дружно стали просить хлеба и сигарет. На предложенную сигарету сбежались с протянутыми руками. Увидев, что больные отвлеклись от работы, сторож Азамат криком и угрозами разогнал всех по местам. "Ничего им не давайте, - посоветовал парень. – Иначе они у вас все выпросят. Они ненасытные".

Одна из больных, сажая рассаду, украдкой совала в рот какую-то зелень. Когда контрибьютор IWPR подошел к ней, больная испугалась и спрятала руку. Лишь убедившись, что у нее не собираются отбирать ее пищу, она спешно стала доедать оставшийся в руке пучок клевера.

г) Использование на приусадебном участке лечебниц. Трое больных из наркологического отделения Кызылжарской психиатрической больницы трудились на полевом участке больницы. Сыдык Т., который находится здесь на излечении от алкоголизма, рассказал, что работа у них

начинается в 6 утра и заканчивается с закатом солнца. “Делаем то, что говорят врачи. Нас убеждают, что это трудотерапия, и говорят, что так и должно быть. Вот и работаем. Еду нам дают три раза в день, это макароны или перловка, отваренные в воде. А лекарств я никаких не получаю”.

К беседе подключился другой больной, Аман К. Он сказал: “Мы сажаем кукурузу, копаем огород, но денег никаких не получаем. Иногда дают сигареты, дополнительный кусочек хлеба”. Аман показал кусок черного хлеба, который он приберет на обед.

д) Ограниченное питание. Разумеется, при такой интенсивной “трудо­вой терапии” питание пациентов оставляет желать лучшего. Из бюджета государства в день на питание одного больного выделяется 13 сомов (примерно 30 центов). Контрибьютор IWPR заглянул на кухню Ошской психиатрической больницы, где повара показали, что они варят на обед больным: суп из воды и нарезанного кусками теста. “Морковь, лук и специи не кладем, потому что они слишком дорогие”, - заметила женщина-повар.

Ради справедливости надо отметить, что, все же, долго покопавшись черпаком в кастрюле, повариха нашла небольшую кость, которая, видимо, должна была придать блюду запах мяса. Здесь же, на кухне, журналист заметил несколько огромных крыс, которые не вызывают ни удивления, ни страха у пациентов и медперсонала. Султан З. сказал: “Эти крысы и у меня в палате бегают. Ничего в этом особенного нет”.

Контрибьютор IWPR прошелся по отделениям Чымкоргонской психиатрической больницы во время обеда. Больные, увидев постороннего человека, умоляли дать им хлеба или чего-нибудь поесть. На обед больным в тот день подавали желто-бурого цвета жидкость, которая называлась супом. В этом супе вместе с рисинками плавали червяки.

Клара К. является пациенткой Кызылжарской психиатрической лечебницы с 1995 года. Врачи поставили ей диагноз “шизофрения 1-ой степени”, и в периоды обострения болезни ее госпитализируют. Она рассказала, что пациенты здесь постоянно голодные. “Кормят вареным рисом или перловкой, в которых часто попадают черви. А некоторые медики забирают соображающих больных домой на работу. Но зато там они могут иногда покушать нормальную пищу, попить сладкий чай с лепешками, а вечером обратно возвращаются в отделение”.

Когда Клара выписывается из отделения, ее встречает сестра. Она и рассказала IWPR, что Клара приезжает из больницы страшно похудевшая, кожа да кости. “На голове и в белье полно вшей”, - добавила она в конце разговора.

Больные Кызылжарской больницы говорят, что с трудом пережили нынешнюю зиму. “Чуть от голода не умерли”, - сказал больной по имени Борис.

е) Вымогание денег медперсоналом за послабление режима содержания. В Кызылжарской психиатрической больнице есть платежеспособные пациенты, которые находятся на особом положении. Пациенты 2-го отделения принудительного лечения, которые вроде бы должны находиться под неустанным надзором, имеют свободный выход за территорию лечебницы. В конце января нынешнего года санитары отпустили в поселок одного из больных по имени Капар.

Санитар, попросивший не указывать его имени, рассказал контрибьютору IWPR, что временами они выпускают пациентов, имеющих деньги: “Они приносят нам водку и закуску, а иногда платят деньгами”. Как сообщили очевидцы, “больной”, погуляв по поселку, основательно напился спиртного. На подходе к больнице он подрался с местным жителем Панарбеком.

Увидев драку, санитары 2-го отделения открыли двери, и больные побежали на выручку своему товарищу. Один из санитаров рассказал контрибьютору IWPR, как развивались дальнейшие события. “В потасовке кто-то из больных пырнул ножом Панарбека. В результате парень попал в больницу. Тем не менее, дело было замято, и никто никакой ответственности не понес”.

В Чымкоргонской психиатрической больнице есть также категория пациентов, которые пользуются определенными привилегиями. Например, во время ужина в одно из местных кафе зашли два парня. Как потом они сами рассказали, оба находятся на принудительном лечении и содержатся в 4-ом отделении, которое охраняется сотрудниками милиции.

Один из этих парней пользуется льготами, потому что качественно ремонтирует автомобиль главного врача больницы. А второй оказался земляком главного врача. Так что, при определенных обстоятельствах и наличии материальных ресурсов, некоторые пациенты психиатрических лечебниц могут обеспечить себе сносное существование.

Общие выводы

По мнению правозащитника из Жалалабада Абдуназара Маматисламова, “в психиатрических лечебницах Кыргызстана не только не лечат, так как там недостаточно средств на лекарства и препараты, но и здорового человека делают психически больным”. Как считает Маматис-

ламов, обществу пора начать оказывать реальную помощь пациентам психиатрических больниц, поскольку положение, в котором находятся психически больные, усугубляет их и без того тяжелую жизнь.

Известный правозащитник Ырысбек Омуразков также полагает: “Кыргызстанцы не должны быть такими черствыми и равнодушными к психическим больным и спокойно наблюдать, как попираются их права и как они вынуждены есть собак и питаться клевером”. По его мнению, наступило время, когда данная проблема должна стать предметом серьезного изучения и поисков выхода из кризиса.

«До последнего времени, если пользователь психиатрической больницы писал жалобу на плохое питание, грубость врачей, пропажу личных вещей или нарушение правил выписки из больницы, ее... аккуратно подшивали к истории его болезни, - рассказала одна из сотрудниц Республиканского центра психического здоровья. – Это было как бы дополнительным подтверждением тревожного или агрессивного состояния пациента, а в суть его проблем и претензий никто никогда не вникал.

Только в последнее время ситуация начала меняться, появились люди, готовые отстаивать интересы пациентов психиатрических больниц».

PS. Через два дня после посещения контрибьюторами IWPR чымкоргонской лечебницы, там же побывали сотрудники независимой федеральной службы защиты лиц с расстройствами психического здоровья в США юрист Дебора Дорфман и ее коллега, адвокат Крейг Аумиллер.

“Я не думаю, что нам удалось увидеть реальную картину всего того, что имеется в Чымкоргоне, - сказал Крейг Аумиллер. – Было видно, что в больнице нет достаточного питания и неполное лекарственное обеспечение”.

Более оптимистично настроена Дебора Дорфман. Она говорит: “Я видела очень хорошие взаимоотношения между медперсоналом и больными”.

“Несмотря на трудности и недостаточность финансирования, персонал больницы, и особенно руководители, были очень открытыми с нами. Видно их желание улучшить ситуацию, которая сейчас наблюдается, даже при тех скудных ресурсах, которые сейчас у них имеются”, - закончила свою мысль Дебора Дорфман.

На вопрос контрибьютора IWPR о том, оправдало ли официальное посещение больницы их ожидания, американские юристы ответили, что они “увидели то, что хотели”. “Перед нами были открыты все двери. По нашей просьбе, мы свободно беседовали с пациентами больницы наедине”.

Имена и фамилии пациентов психиатрических лечебниц изменены из этических соображений.

MediaNet Халықаралық журналистика орталығы

 **ЖУРНАЛИСТІК ЗЕРТТЕУЛЕР**
МАҚАЛАЛАР ЖИНАҒЫ

КІРІСПЕ

Бұл жинақ – MediaNet халықаралық журналистика орталығы жобасының қорытынды жұмысы.

«Қазақстандағы әлеуметтік маңызы бар тақырыптар бойынша журналистік зерттеудің практикасын дамыту» жинағына бұл жанрға жаңа келген жандардың материалдары да және оларға қал-қадірінше жол сілтей алатын, біршама тәжірибесі барлардың да жарияланымдары енгізіліп отыр.

Жинаққа болған жайттың толық бейнесін көзге елестету үшін және белгілі бір оқиғаларға сын көзбен қарау үшін мұқият зерттеуді қажет ететін, нақты жағдайлар мен мәселелерді көтеріп отырған түрлі мақалалар енгізіліп отыр.

Жинақ авторларының көпшілігі Қазақстанның түрлі аймақтарының өкілдері, олар Украина мен Қырғызстаннан келген журналистік зерттеудің шеберлері өткізген арнайы тренингтерге қатысып, білім қорларын молайтқан-ды. Бұл шаралардың барысында олар әлеуметтік маңызы бар тақырыптарды көтерген материалдарды жазудың және заң шеңберінен шықпай, қауіптің алдын қалай алудың талаптарын меңгеріп, әдіс, құралдарын үйренді.

Журналистік зерттеу бүгінгі күнгі қазақстандық журналистиканың ең бір кенжелеп қалған жанры деген ой айтуға болады. Бұған бірқатар жағдайлар себеп болып отыр. Олардың бірі зерттеудің «сөз көтермес» тақырыптарға арналуына қатысты, зерттеу жүргізетін журналист қуғын мен қысымға ұшырайтыны да, өкінішке орай, өмірде кездесіп жатады.

Ал шенеуліктер журналистердің сұранымдарына мүлде ақпарат бермей не шектеліп қалған ғана мәліметтер берген кезде, БАҚ қызметкерлері ақпарат тапшылығын анық сезінеді.

Журналистік зерттеудің дамымай жатуының тағы бір себебі – журналистердің зерттеуді жүргізу техникасы білмеуі, себебі зерттеу қазақстандық журналистика үшін салыстырма түрде алғанда жаңа жанр түрі, оның «қиын-қыстау» жағдайда дамып келе жатқанына 15 жылдан астам уақыт өтті.

Кітаптың бір тарауы Орталық Азиядағы журналистік зерттеу бойынша ең тәжірибелі деген журналистердің бірі Ұлықбек Бабақұловтың мақалалар жинағына арналып отыр. Аталған журналист адам саудасы тақырыбын ашу үшін, өз еркімен Қазақстандағы темекі плантацияларына сатылған болатын. Сонымен қатар, Ұлықбек Қырғызстан мен Өзбекстан күштік құрылымдарының азаматтарға қатысты азаптауды қолданатыны жайлы жарияланымдарымен де танымал.

Жинақ журналистика саласында қызмет етіп жүрген, алайда әлі де болса журналистік зерттеуге маманданбаған жандарға да, осы бағытта жұмыс атқарып жүргендерге де бірдей пайдалы болуы мүмкін. Журналистік зерттеумен айналысып жүрген журналистер өздеріне жаңа идеялар мен ұсыныстар таба алады, ал журналистикаға жаңа аяқ басушылар журналистік зерттеудің мысалдарымен танысып қана қоймай, олардың жасалу жолдарын игеріп, қазіргі демократиялық қоғам үшін әлеуметтік маңызын түсінеді.

*Басылым: «Южный Казахстан» газеті, қазан 2010 жыл
Авторы: Оксана Сивцова*

«ХРОМАЯ ЛОШАДЬ» ТҮНГІ КЛУБЫНДА БОЛҒАН ОҚИҒА САБАҚ БОЛМАДЫ МА?

Ресейде Пермь қаласында «Хромая лошадь» түнгі клубында шыққан өртке қатысты істің алдын-ала тергеу процесі басталып кетті. 156 адамның өмірі мен 400-ден астам адам жарақат алғаны үшін жауапқа тартылған сегіз адамның үстінен іс қозғалды. Бүкіл дүние жүзін дүр сілкіндірген осынау қайғылы оқиғадан соң, пиротехниканың түр-түрімен безендіруге белгілі бір шектеу қою керек екенін түсінсе абзал ғой клуб басшылары. Алайда бәрі ойдағыдай бола бермейді. Олай дейтініміз, дәл осындай оқиға Шымкентте де орын ала жаздады.

Осы жылдың басында Ж. Шанин атындағы облыстық драма театрында шымкенттік бір модельдік агенттігінің бес жылдығына орай мерекелік шара ұйымдастырылады. Авансценаны айнала алаумен, отшашумен безендірген екен. Обалы нешік, ұйымдастырушылар аямай ақша жұмсағаны сезіліп тұрды.

Сонда, ең қызығы, не театр басшылығынан бір де бір адам, не оның өрт сөндіру қызметінен бір де бір адам ҚР Төтенше жағдай Министрлігінің жабық ғимараттарда пиротехника қолдануға ресми түрде тыйым салған үкімін пысықырмаған. Ол жайтты тек кеш соңында ескереді, себебі, қорытынды алау мен отшашулардың күшті болғаны соншалық сахна төбесінде ілініп тұрған мата жанып кетеді де, жанған мата бөлшек-бөлшек боп шоуға қатысқан адамдардың үстіне жаңбырша жауып қоя береді. Олардың арасында кішкентай балалар да болды. Қайта театр қызметкерлері мұны дер кезінде байқап, жанған матаны өздері түсіріп, қолдарымен, аяқтарымен сөндіреді. Театр басшылығының бақытына орай, өрт сөндіргіш құралдың көмегінсіз-ақ өрт тез сөндірілді.

Облыстық драма театрында орын алған бұл оқиғаны басында жергілікті Төтенше жағдай басқармасынан жасырып келген театр басшыларының бұл әрекеті ұзақ уақыт құпия түрінде сақтала қойған жоқ. Кейін олар басқарма алдында есеп бергенде соншалықты дүрліктіретіндей ештеңе болған жоқ қой, өртті дер кезінде сөндірдік қой деп ақталады. Дегенмен, Пермьдегі қайғылы оқиғадан соң, ондай жан түршіктіретін дүниенің болмағаны абзал. Соны қадағалауға тиістіміз.

Сол кездегі ОҚО Мәдениет басқармасының басшысы болған А. Ниязов былай деп мәлімдеді:

Шыны керек, егер журналистер болмаса, мұндай жайттың болғанын

сол күйі білмей кетуім әбден мүмкін еді. Мені қатты таң қалдырған тағы бір нәрсе – модельдік агенттіктің өздерінің бес жылдығын бізбен бір ауыз ақылдаспай атап өткендері. Заң бойынша, ондай шара боларын олар бізге алдын-ала айтып, ескертіп, ақылдасып, рұқсат алуы керек. Олардың бұл әрекетін мен Заңды белінен басқаны деп бағалаймын. Ал, театр директорын шақыртып, болған оқиғаға түсінік беруін сұрағанда, отшашу, алаулар менің келісімімсіз орнатылған деп жауап қайырды. Бар мән-жайды біле сала, театрға өзім барып, бас сұқтым. Өрттің ізін қанша жуып-шаюға тырысқанмен, жанған мата еденге бөлшек-бөлшек болып түскені арнайы құрылғылардың көмегінсіз-ақ көрініп тұрды. Жауапкершіліктен жалтармақ болған театр директорына мен бәрібір қатаң сөгіс жарияладым.

Осы тұрғыда облыстық драма театрының басшысы Бастарбек Пірімбетов те өз «шындығын» айтып, ағынан жарылды:

Сол оқиға болған күні мен театрда болған жоқпын. Бірақ оқиға орын алған күннің ертесіне орынбасарыма, өрт сөндіру қызметкерлеріме, қауіпсіздік техникасы мен еңбек қорғау ісіне жауапты инженеріме қатаң сөгіс жарияладым. Бірақ инженердің сөзіне сенер болсақ, ол отшашуларды орналастырып, бекіткен адамдарға бірнеше рет барып, ескерту жасапты. Алайда олар қорқатын ештеңе жоқ, екі жақты келісім шарт жасалып, пиротехниканы қолдануға рұқсат алғанбыз деп сендірген. Бұл қып-қызыл өтірік! Енді болары болып, бояуы сіңіп қойған соң, ақталып қажеті қанша? Келесіде мұндай нәрсе қайталанбайтын болады. Ендігәрі келісім шарт жасасқанда үтір-нүктесіне шейін тексеретін болдық қой...

Шымкенттік театрда орын алған оқиғаға тікелей және жанама қатысы бар адамдардың бәрінің ой-пікірін білдік. Олардың дені көбі «Ештеңе білмедім, ештеңе көрмедім» принципіне салып, жас балаша көздерін жыпылық-жыпылық етіп отыр. Солардың арасында модельдік агенттігінің басшысы Марина Ким де бар:

Ант су ішейін, жабық ғимараттарда пиротехника қолдануға болмайтын жайлы заң қабылданғанын мүлде естімеппін де. Мерекелік шара басталар алдында бірер сағат бұрын театр қызметкерлерінің бірі менің адамыма келіп, ескерту жасаған екен. Алайда қарбалас кезінде ол ескертуге ешкім аса мән бере қоймады.

Кейін облыстық Төтенше жағдай басқармасының өкілдері бұл істі өз назарына алып, зерттеу жасап, барлық «бұлтты сейілтп», өз үкімін шығарды. Кейін бізге өрт қауіпсіздігінің ережесі бұзылғандықтан орын алған оқиғаның тергеу барысы аяқталып, ОҚО ТЖ департаментінің бастығы полковник Ә.Ү. Ережеповтың қолы қойылуға дайындалған ресми құжат жөнелтілгені жайлы мәлімет келіп түсті. Шығарылған қорытынды бойынша, пиротехника маманы Д. Насретдинов және

театрдың сегіз қызметшісі әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Ал, ауданаралық экономикалық сотқа жіберілген материалдағы мәліметтерге сүйенсек, өрт шалған белгілі бір аймақтар мен ғимаратты өрт қауіпсіздігі талаптарына сай етіп жөндеуден өткізу күн тәртібіне енгізілді.

P.S. Модельдік агенттіктің бес жылдығына қатысып, болған жайтты өз көзіммен көрген болатынмын. Екінші қатарда отырып, бей-берекетсіз кешті тамашалап отырған едім, ойда жоқта өрт басталып кетті. Мұндай болады деп кім ойлаған? Көз алдыма бойын үрей билеген халық жапатармағай кішкене екі есікке жүгіре жөнелген сәті елестеп кетті. Шыны керек, қатты қорқып кеттім. Бағымызға орай, біздің оқиғамызда адам өлімі тіркелген жоқ.

«Южный Казахстан» газеті, сәуір 2010 жыл
Авторы: Оксана Сивцова

«ШАТЫРЫ» КЕТКЕН... ҒИМАРАТ ЕМЕС

«Мүгедектерді қайта қалыптастыру орталығы емделушілерінің қайсы бірі күнделікті өздерінің өлім аузында тұрғандарын білмейді де: 1942 жылы салынған ғимарат кез-келген уақытта құлауы мүмкін...» - деген жолдармен басталатын «Ескірген тұрақ» атты басылым осыдан бір ай бұрын республикалық газеттердің бірінде шыққан болатын. Осындай шулы мәлімдемемен тағы бір жергілікті баспа орны дау көтерді. Мақала Орталық қызметкерлерінің ғана емес, сонымен қатар онда емделіп жатқан мүгедектердің де наразылықтары мен түсініспеушіліктерін туғызды. Жағдайдың анық-қанығын анықтау мақсатымен, «ЮК» тілшісі Орталық директоры Н.Берендеевамен кездесті.

Наталья Анатольевна 2010 жылдың 19 наурызында жасалған ғимараттың техникалық жағдайын растайтын тәуелсіз комиссиялық тексерудің ресми қорытындысын бірден көрсетті. Бұл комиссия ОҚО әкім орынбасары Б.Оспановтың нұсқаулығымен құрылған екен. Құрамына облыс әкімшілігінің, ТЖ басқармасының, ГАСКтың, азаматтық қорғаныстың мобилизациялық дайындығының, тәуелсіз жобалау мекемелерінің қызметкерлері кірген. Бес беттен тұратын құжат ғимараттың әр аумағы толық тексеруден өткендігін растайды. Сараптау шешімінен уәзділер:

«1. Тексеру шешіміне сай, «ОҚО мүгедектерді қайта қалыптастыру

орталығы» кешені толық жөндеуден өткен және басты құрылымдар ғимарат ескілігін сипаттайтын мөлшерге сәйкес емес.

2. ДГП «Южгосэкспертиза» бекіткен жұмыс жобасы бойынша жүргізілген толық жөндеу аяқталғаннан кейін, ғимарат толықтай қолдануға беріледі де, оның басты элементтері мен құрылымдары жұмысқа әбден жарамды, сондықтан комиссия ғимараттың госприемкасын ресми заңдастыруды ұсынады».

«БАҚ-тағы хабарламаларды Орталықтың авариялық жағдайын және ескілігін уақытынан бұрын хабарлаған және шындыққа сай емес деп тану керек» деп, шешімнің 5 пункті тіптен, жағдайдың соңғы нүктесін айқындаған.

Толық дәлелі болмай тұра, ақиқаттап жазған әлгі шулы мақаланың авторларына комиссияның шешімімен таныспауларына не кедергі болды? Бұл жайлы тек қана болжап айту мүмкін. Бірақ, қызықтыратыны басқасы. «Жел соқпаса, шөптің басы қимылдамас» деген сөз бар. Бірнеше жүздеген оңтүстік қазақстандық мүгедектердің қайта қалыптасу және жұмыстерапиясынан ойдағыдай өткен кешеннің тыныш өмірін осындай жолмен сілкіндіру біреуге керектігі айдай анық еді.

Наталья Анатольевнаның бұл жайлы айтқысы-ақ келмеді. Бәлкім, бұл жайт осылай өршімесе, айтпас та еді. Шыдамның соңғы шегі - Орталықтағы пациенттер мақаладан мекеменің авариялық жағдайы жайлы білгеннен кейінгі денсаулықтарының нашарлауы еді.

Мекеме 2008 жыл мамырында облыстық қаржы департаментінің бұйрығымен «ОҚО мүгедектерді қайта қалыптастыру орталығына» берілді, ал мұндағы мамандандыру лицейі Кентауға ауыстырылды. Шымкенттегі Иляев көшесі 75 мекемесі ол кезде айтарлықтай жақсы жағдайда емес еді, өртке қарсы және санитарлы-эпидемиологиялық мөлшерлерде бұзушылықтар болған. Сол жылы оны облыстық бюджеттен бөлінген 3,5 млн. және 20 млн. демеушілік қаражатқа толық жөндеуден өткізді.

Тексерудің алғашқы лебі комплексті жөндеу кезінде-ақ өтіп кетеді. Берендееваның айтуы бойынша, тиісті мекемелермен бірнеше рет тексерілген. Содан кейін, «Конструктор-80» ЖШС бастықтың мекемені толық жөндеу жұмысының көлемі мен түрлерін анықтап беру қайырымдылық көмек өтінішін ескеріп, көмектесуге бел буады.

Ғимарат тексеруінің акт шешімінде «Мүгедектерді қайта қалыптастыру Орталық ғимараты жұмысқа жарамсыз жағдайда және күрделі жұмыс жүргізуді қажет етеді»-делінген (стилистика сақталған). Алайда, осы

жылдың наурызында тексеру жүргізген комиссия , ғимараттың ескілігіне байланысты жұмыстардың тоқтатылуына себепші болатын «Конструктор-80» шешімін таппаған. Бірақ толық жөндеуден өткен нысанны өткізіп-қабылдау процесі «құрылымдық» шешімдердің негізінде тоқтатылды. Дегенмен, ғимаратты жарамсыз деп танып, тіптен оны жабу үшін тек бір жобалау мекемесінің емес, осы жылдың наурызында жасалғандай- коммуналды жекеменшік иесінің басқаруындағы құзырлы комиссияның шешімі керек.

Шыны керек, 2009 жылдың қазанында-ақ ОҚО ауданаралық экономика соты әкімшілік ғимараттың және төле бөлмесінің жұмысын өрт қауіпсіздігі ереже кемшіліктері толық жойылғанша тоқтату жөнінде шешім шығарған. Бірақ, сот шешімі өз күшіне енбей тұрып, әкімшілік ғимарат шатыры өртке қарсы құрамды жабдықпен өңделіп, төле керек емес жабдықтардан тазартылып, өртке қарсы дыбыстық сигнализация орнатылады.

«Бұл ғимаратты толықтай жөндеуден өткізу үшін, біз тек қана бюджет қаражатына қарап отырмай, басты екіпінді демеушілік көмекке түсірдік. Бүгінде бұл мүмкіншілігі шектеулі адамдардың қозғалысын ыңғайлатуды ескере отырып салынған, екі қабатты көптеген жапсыра салынған жайлары бар тамаша кешен. Әлі де жеке кеудемсоқтық үшін аяғымыздан шалуға дайын жүрген адамдардың бар екендігі менің де, біздің емделушілеріміздің де көңілін қарауытады»-деп баспасөзде өршіген шатақ жайлы облыстық үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының бастығы Ж.Мәуленқұлов та бір ауыз сөз айтты.

Шынымды айтсам, екі жақтың қайсы бірін жақтауға құқығым жоқ екенін біле тұра, басылым авторы ретінде мен де қынжыламын. Мен Орталықтың тағдырын оның пайда болуынан бері қадағалап келем. Иляев көшесіндегі ғимаратты жөндеу кезеңдерінің - қабырғалар мен төбені түзеу, есік керегелерін қоларбамен жүретін мүгедектерге арнап кеңейтіп, бекіту жұмыстарын өз көзіммен көріп, күәгер болдым. Қарсы шығушылардың белсендігіне қарағанда Орталық әлі де талай тексеруден өтетіні әбден мүмкін. Бірақ бүгінде оның емделушілері өз өмірлеріне қорықпай, еш алаңсыз емделе алады. 90-шы жылдары салынған ғимарат «кез-келген уақытта құлап» қалмай, оңтүстік қазақстандықтардың игілігіне жарап, әлі бірнеше онжылдыққа шыдайды деп үміттенеміз.

Басылым: «Ақтобе Таймс» газеті, сәуір 2010 жыл
Авторы: Ольга Белова

АУРУХАНАҒА БАРАР ЖОЛДАҒЫ ӨЛІМ

Жедел жәрдем он жасар Женяны ауруханаға дейін жеткізе алмады, ол жол үстінде әкесінің қолында қаза болды. Бұған дейін сырқаттанған баланы «103» қызметі мен бөлімше дәрігерлері тексеруден өткізсе де, аурудың анық белгілерін таба алмаған. Мамандардың оған алғаш қойған диагнозы өкпенің қабынуы екен.

Соколовтар отбасының туыстары мен таныстарының айтуына қарағанда Женя ақкөңіл бала болып, жас гимназист қыз әрқашан «бестік» және «жақсы» деген бағалалармеп оқыпты. Аулада ойнағанды да жақсы көрген екен. 11 ықшамауданға бұл отбасы жаңадан көшіп келсе де, Женя өзі қатарлы достарымен тез тіл табысып үлгеріпті. Барлық балалар секілді түрлі жұмсақ ойыншықтар мен қонжықтардың топтамасын жинапты. Қазір бұл ойыншықтардың барлығы жетімсіреген күйде, себебі Женяның өмірден өткеніне екі апта болды.

Анасы Наталья мен әкесі Ринат есеңгіреген күйден әлі арыла алмай жүр. Барлық уақытта көңілді жүретін дені сау қыз екі күннің ішінде «жоқ» болды.

- Дүйсенбі, бесінші сәуір күні Женя мектептен келгенде бәрі жақсы болған. Серуендеп келейін деп сұранып еді, мен қарсы болдым. Сосын Женя үйде отырып, сабағын орындады. Түнге қарай қызымыз өзін нашар сезініп, құсып, ыстығы көтерілді. Мен оны астан уланып қалды ма деп, белсендірілген көмір бердім. Сейсенбі күні ертеңгісін бөлім дәрігерін шақырдым. Ол келген жоқ. Телефон арқылы хабарласқанымда, уланған болар деген ойымды айттым. Ол дәрі-дәрмектер тізбесін беріп, үш күннен соң тексерістен өтуімізді сұрады. Түнге қарай Женяның ыстығы 39-ға көтерілгендіктен «жедел жәрдем» шақыртуға тура келді. Олар келіп, дәрі егіп, спиртпен денесін сүртіп шықты. Женя өзін жақсы сезініп отырғандығын айтқан соң, дәрігерлер кетті. Бөлім дәрігері де сәрсенбі күні Женяны бір қарап кетті. Сол күні түн ортасында Женяның ыстығы 41,7-ге көтерілгендіктен, қайтадан «жедел жәрдем» шақырдық, -дейді Женяның анасы Наталья.

- Мен телефон арқылы ешқашан кеңес берген емеспін, - деп сендіреді №3 КДП бөлім педиаторы Ақмарал Ержанова.- Мен баланы қарауға «дабыл парағын» алған соң ғана келдім. Ал оған дейін қыздың анасы ешкімді шақырмаған. Бізде мұның барлығы арнайы журналда белгіленіп отырады. Мен баланы көруге сейсенбі күні түскі уақытта келдім. Қыз

көңілді ойнап отырған еді. Толықтай қарап ешбір ауырлық таппаған соң «ОРЗ» диагнозын қойдым. Егер ыстығы көтерілген жағдайда парацетамол мен жылы суды көп ішкізуін айттым. Қыз сұрақтарыма жауап беріп, тіпті кетерімде мені шығарып салды. Бронхит пен өкпенің қабыну белгілері байқалған жағдайда ауруханаға жеткізулерін ескерттім. Сонымен бірге ертесі тексерістен өтулерін өтіндім. Қорқынышты белгілер болса «жедел жәрдем» алып кетер еді ғой. Келесі күні Женяның қайтыс болғанын естідім. Моргқа және ата-анасының үйіне көңіл білдіруге бардым. Алдыңғы қойылған диагнозы өкпенің қабынуы екен. Бірақ оның қысқа уақытты өлімге әкеліп соғуы мүмкін емес. Өкпе қабынғанда бала күшін жоғалтып, әлсірейді. Күні бойы көңілді ойнап жүрген қыздың өлуі қалай? Менің басым жетер емес. Қалайша 15 жыл бойы жұмыс істеп өкпенің қабынуы мен ОРЗ-ды ажырата алмаймын?

«Біз кітаптан оқыдық бұндай жағдай 1000-нан 1 адамда кездеседі екен,- деп әңгімені №3 КДП педиатрия бөлімінің меңгерушісі Роза Тұңғатарқызы бөлді.- Бұл аса жылдам тарайтын өкпенің қабынуы».

Осы аралықта екінші рет шақырғанда келген «жедел жәрдем» тобы балаға құрысуға қарсы реланиум препаратын егіп, қызды ауруханаға жатқызу керектігін шешеді. Әкесі Женяны жамылғымен орап, «жедел жәрдем» машинасына кіргізді, дәрігерлер кішкентай науқасты «Шипагер Ақтөбе» клиникасына ала жөнеледі. Сауықтыратын орын теміржол ауруханасының жанында орналасқан.

«Көлікте өте суық болғандықтан біз тіпті Женяны төсекке жатқызбадық. Күйеуім оны қолынан түсірмеді. Дәрігерлер болса, түсіп бара жатқан жамылғыны түзетуден басқа еш амал істемеді. Біз ұзақ жүрдік. Женяның тыныс алмай жатқанын байқадым, тіпті еріндерінің өзі ағарып бара жатты. Сол кезде күйеуімнен: ол демалып жатыр ма?- деп сұрадым. «Олай ойлаушы болма, әрине демалып жатыр» деді. Ауруханаға келіп, қабылдау бөлмесінде дәрігерлерді күттік. Бізді екінші қабатқа жіберіп, Женяға кислород маскасын кигізді. Маска мен шлангты күйеуім өзі ұстап тұрды. Біраз уақыттан соң жансақтау бөліміне апару керектігін айтты. Бұл ауруханада болса жансақтау бөлімі жоқ екен. Күйеуім айқайлап, неліктен бірден жансақтау бөлімі бар ауруханаға апармағандарын айтты. Барлығы үнсіз. Ешкім тіл қатпады. Қызымыздан масканы шешкен күйеуім қызды алып, көлікке жүгірді. Біз балалар емханасына жол тарттық. Женя тыныс алмай жатқандай еді...

Көлік жетісімен, күйеуім бірден баланы көтеріп, ішке тартып кетті.

«Дәрігер жүгіріп келіп, баланы төсекке жатқызыңдар деді» дейді көз жасына малынған Наталья.- Пульсн тексеріп, айқайлап жіберді. Баланы қолына алып, жансақтауға аттанды. Бізді ішке кіргізбеді. Біраз уақыттан

соң дәрігер шығып, Женядан айырылып қалғандығымызды айтты. Бізге баланы неліктен кеш алып келдіңдер деп айғайлады. Мен болсам есеңгіреген күйде «жедел жәрдемді» екі рет шақырғанымызды, бізді ауруханадан-ауруханға тасығандарын айтым. Әрі қарай не болғаны «есімде жоқ».

«Ауруханаға қызды өлі күйінде алып келген кезекші дәрігер жай ғана биологиялық өлімін анықтап берген», - деп түсіндіреді ГДКБ жетекшісі Қайырбек Тоқтаров. Бұдан шығатын қорытынды бала ауруханадан ауруханаға барар жолда жан тапсырған. Сол сәтте жол бойы бірге болған жедел көмек дәрігерлері мұны байқамаған. Міне осы жерде туындайтын сұрақтар: баланың ауыр жағдайда болғанын біле тұра дәрігерлер неліктен бірден жансақтау бөлімі бар ауруханаға жеткізбеді? Неге уақыттың барлығын жолға жіберді? Неліктен жақын тұрған облыстық балалар емханасына алып бармады? Сол күнгі «жедел жәрдемнің» құрметті кезекшісі, балалар дәрігері осы сұрақтарға жауап бере аласыз ба? Шешім қабылдауда нені басшылыққа алдыңыз?

«Біздің жұмыстың нақты регламенті бар, кез келген жағдайда біз науқасты тұрғылықты мекен – жайына сәйкес клиникаға алып баруымыз шарт. Осыған сүйендік. Біз апарған клиниканың лицензиясы бар, бірнеше жылдан бері жұмыс жасап отыр. Ал ол жерде жан сақтау бөлімінің бар- жоқтығы олардың өз мәселелері. Біздің жіберген қателігіміз - ата- ана мен кезекші дәрігердің сөзін тыңдап, баланы қайтадан басқа клиникаға апаруға келіскеніміз. Өзімізге берілген нұсқауға сәйкес біздің жұмысымыз – науқасты тиісті клиникаға жеткізу, қалған шешімді клиника дәрігері қабылдайды. Ал «жедел көмекке» жалпы саладағы ауа беретін маска сияқты жабдықтары жоқ топ барған болатын. Регламентке сәйкес мұндай құралдардың болуы шарт емес. Топтың құрамында білікті дәрігермен бірге фельдшер болды. Қандай жағдай болса да оған баға беру әлі ерте. Гистология нәтижелері анықталмай жатып ештеңе айта алмайсың. Мүмкін бұл вирусты өкпенің қабынуы немесе басқа ауру шығар. Егер бала вирусты басқа жерден өзі жұқтырған болса, бұған «жедел жәрдем» дәрігерлері кінәлі емес».

Осы жерде өзіңнің және балаларыңның өмірі жайлы ойлануға да қорқасын. Жоғарыда айтылғандардан түсінгенім, төтенше жағдайдың өзінде дәрігерлер әрекетінде ұйымдасушылық жоқ сияқты. Тек нақты қатып қалған регламент. Әрқайсысы «өз жұмысын» ғана біледі. Әрі қарай өртеніп жатсаңда, өзің білесін. Ал қатып қалған регламенттің өзінің сақталып отырғандығы шамалы. «103» бригадасы қызды клиникада қалдыру керек еді - қалдырмады. Лицензияға сәйкес медициналық қызмет көрсетілу керек еді, бірақ мұнда жан сақтау бөлімі болмады. Тыныс алу қиындап жатқан баланы тасымалдауға реанимобиль қажет болатын, ол да шақырылмады. Дәрігерлік қызметтің ұйымдастырылғаны

қайда? Адам өмірін барлығынан жоғары қоятын Гиппократ антына адал болғандары осы ма? Әлде мұның бәрі атышулы «Жедел жәрдем» сериалының кадрларында қалып қойды ма? Ал іске келгенде армиялық регламентті сақтаймыз деп баланың өліміне себепші болып отыр.

Айтпақшы, құрметті балалар клиникасының дәрігерлері, сіздердің әрең тыныс алып жатқан баладан кислород маскасын алып тастап, «жедел жәрдемге» маскасыз жібергендеріңіз қалай? Келген «103» бригадасы да масканың бар-жоқтығын сұрап алмаған ба. Әрине медициналық препараттар мен жабдықтар алтынның құнына тең, бірақ қолдарыңызда 10 жасар қыздың өмірі тұрған жоқ па?

«Баланы ол күні кезекші дәрігер қабылдаған, қызды өте ауыр жағдайда алып келді, дәрігер лезде ауа жібергіш масканы кигізді, бірақ бұдан артық ешқандай көмек көрсете алмады. Баланы бірден жансақтау бөліміне жатқызу керек еді, бірақ бізде ол бөлім болмады. Одан «жедел жәрдем» дәрігерлері хабардар болатын. Қыз тұратын 11 ықшамаудан мен қалалық балалар емханасының аралығы біздің клиникамен қыздың үйінің ара қашықтығындай. Жоқ болғанда облыстық балалар емханасына алып баруға болар еді. Мен кейіннен «жедел жәрдемге» қоңырау шалып, баланы неге бізге алып келгендігін сұрағанымда, сол күні кезекшілікте тәжірбиесіз дәрігердің болғандығын естідім. Қалайша бұлай жасауға болады? Балада гипоксияның белгілері айқын көріне тұра бізге алып келген», - дейді «Шипагер Ақтөбе» клиникасы балалар бөлімінің меңгерушісі Қайырбай Құдабаев.

Дәрігерлердің сөзіне қарасақ, әрқайсысы өз жұмысын орындап, өз шекараларынан шықпаған. Әрқайсысы баланың өмірін сақтап қалуы үшін қолдарынан келгенше көмектерін аямаған. Бірақ қалайша дәрігерлер ауруды анықтай алмаған, өздері де түсінбейді.

Қазіргі күні Наталья мен Ринат есеңгіреген жағдайдан біраз өздеріне келіп, енді дәрігерлердің ісін қарауды сотқа тапсырмақшы. Сонымен бірге, полицияның Саз бөлімінде бала өлімі жайлы мәлімет бар. Оған қатысты соттық - медициналық экспертиза тағайындалған. Енді полиция қызметкерлері қыздың туыстары мен дәрігерлерді сұраққа алу жұмыстарын жүргізуде.

Әрине, осыған қатысты туындайтын сұрақ көп. Бірақ жауабы ешбір жерден табылмайды. Тапқан күннің өзінде де баласын жерлеп қойған ата-анасы мен немересінің жоқ екендігіне әлі күнге сене алмай жүрген Женяның әжесінің көңіліне жұбаныш бола алмайды. Енді қызды қайтару мүмкін емес. Ешқашан.

«Металлург» газеті, наурыз 2010 жыл
Авторы: Светлана Егорова

КОНТРАЦЕПЦИЯ – БОСАНУҒА ШЕК ҚОЮ ЕМЕС!

Олар бөгде адамдардың аяғы баспайтын, кедейліктің шегінде өз заңдарымен өмір сүреді. Сондықтан да жүктіліктен алдын ала сақтану жайлы ойлануға шамалары жоқтың қасы...

Бақытты болу үшін қанша перзент керек?

Жиырма жастаға Настя жетім балалар үйінің тәрбиеленушісі болған. Бірақ оның ата-аналық құқығынан әлдеқашан айырылған анасы бар. Настяның әпкелері мен бауырлары да жетім балалар үйін жағалап өскен. Қазір олар үйлеріне бірте- бірте орала бастады. Әрине, оралғандарымен тұратын үйлерінен әлдеқашан айырылып қалған. Оларды ескі «екі бөлмеліктің» ордеріне жазып қойды. Қазір Настя екі баласы бар аурушаң туыс әйелдің қарамағында тұрып жатыр. Ары қарайғы өмірлерінің қалай өрілетіні бір Аллаға аян. Өмірінің қиындығына қарамастан Настя жас ана. Бұл қағазға олардан бөлек он адам жазылған. Қалай және қайда тұратындықтары бір Аллаға ғана аян. Осының бәріне қарамастан Настя жас ана. Ұлы жақында ғана бір жасқа толы.

Настя, сен жүктілікті жоспарладың ба? – деп сұрадым. Біз бұл пәтерге репродуктивті денсаулық жайлы сөйлесу үшін арнайы «Кредо» үкіметтік емес ұйымының өкілі Елена Билоконьмен бірге келген едік.

Жоқ, осылай болып қалды, - қыз тұнжыраған күйде көзін төмен түсірді. Біз таңертеңмен ерте келдік, Настяның ұйқысы толық ашылмаған. Оның баласы арғы бөлмеде ұйықтап жатыр, ал біз кіре берісте әңгіме жүргіздік. Пәтер иесі, Настяның туысы мұнда және кімдер тұратындығы жайлы қысқаша айтып өткенде мен шатасып та кеттім. Себебі, бұл үйде бәрі араласып тұрады – екінші немесе үшінші күйеулер, мүгедектер, көптеген балалар, олардың ішіндегі ересектерінің өз балалары бар. Көп ересектердің ішінде үшеуі ғана ішімдікке құмартпайды.

Сен, қай кезде болсын сақтанып көрдің бе? – мен Настяны «қинауды» жалғастыра бастадым.

Жоқ.

Өзің жетім балалар үйінен шықтың, тұрақтайтын үйің жоқ, жұмысың жоқ. Соған қарамастан бала босанудың не қажеті бар?

Осылай болып қалды, - деді ашаң келген қыз.

Ал қазір сақтанып жүрсің бе?

Мен өз жұбайыммен көп уақыттан бері бірге тұрмаймын, - қыз ақырын жанарын көтеріп, маған қарады. – Сақтанудың не қажеті бар маған.

Настя, сен жассың, егер де көңіліңдегі ер азаматыңды кездестірсең не болады? Қанша дегенмен, табиғат өз бергенін қайтарып алады... Білмеймін.

Осы кезде есік соғыла бастады. Есік алдында екі әйел кісі пайда болды. Олардың бірі – Настяның анасы. Светлана өзі бөлек, осыдан жарты жыл бұрын қайтыс болған азаматтық некедегі күйеуінің үйінде тұрады. Егер соттың шешімімен оны үйден шығаратын болса, ол да осында тұратын болады. Бұл үйдегі жиһаздардың тозығы жеткен, көрпешелер еденге төселген, жіңішке коридорда үні өшпейтін ит, жоғарғы жақта кір жаятын жіптер, онда түрлі өлшемдегі киімдер ілінген. Пәтердегілер кезекпен, алмасып ұйықтайды.

Сіз сақтанасыз ба? – деп сұрадым Светланадан.

Сіз не айтып отырсыз, менің күйеуім қайтыс болған, маған ешкімнің керегі де жоқ. Маған осы да жетеді, әне – қаншама балам бар, - ол өзінің «ішімдікке тәуелді» өткен өмірінен және көрініп тұрғандай қазіргі де өмірінен еш именбей, қуанышпен айтып отыр. – Кезінде спиральмен сақтанатынымын, сонда да жүкті болып қалдым – ең кенже ұлымда осылай болған. Мені босануға алып бара жатқанда дәрігерлер: «О, біздің қоянымыз келіпті ғой» - дейтін.

Ал мен сақтанамын, - деп әңгімеге Светланамен бірге келген туысы араласа түсті. – Менде спираль тұрғанына сегіз жыл, әлдеқашан алдырып тастау керек болатын, бірақ дәрігерлерге баруға қорқамын – себебі құжатым жоқ.

Ұзақ уақыт сұқбаттастық. Әйелдер бізге негізінде шешімін табу қиын емес мәселелерді үйіп тастады. Тек қана олардың тарапынан ниет болса болды. Лена Билоконь оларға кеңестерін берді және өз офісінде кездесу белгіледі. Соңына қарай үй иесінен: Контрацептивтерді қолданасыз ба? – деп сұрадық.

Мен екінші баламды әрең босандым, өліп кетуіме аз қалған. Содан маған операция жасаған, енді бала босана алмаймын, – деп жауап берді ол.

Ия, қарасаң, бір пәтерде алуан тағдыр иелері мен неше түрлі проблема бар. Бірақ, бұл – «әлеуметтік-сәтсіз категориядан шыққан әйелдер» айсбергінің кішкентай ғана көрінісі.

Әрбір әйелге – контрацептивтен!

Бірде, «Кредо» ҮЕҰ қызметкерлері №4 поликлиникадан, наркотицистерден, СПИД ке қарсы күрес және профилактикасы бойынша Орталықтан, өз базаларынан да әлеуметтік жағынан сәтсіз отбасылардың тізімін алып, сауалнама жүргізуге барды. Сауалнама сұрақтарыны контрацепция және репродуктивті денсаулыққа қатысты еді. ҮЕҰ қызметкерлерін таң қалдырғаны, тәуекелшіл құлықтағы көптеген азаматтар өздерінің ВИЧ-статустарын білмейді және дерлік ешқайсысы сақтанбайды. Ал оларды өмір сүру салты тіптен қорқынышты – ішімдік, наркотиктер, кедейлік және аурулар. Бұл әйелдер өз заңдары бойынша өмір сүреді. Әрқайсысының екі-үштен және одан да көп балалары бар. Ал бикештеріміз бүгін болмаса ертең қайтадан жүкті болып қаламыз-ау деп бастарын да қатырмайды. Аналық құқығынан айырып баласын жетім балалар үйіне бөліп тастай отырып, ол әйел келесісіне жүкті болып қоятын жағдайлар да кездесіп отырады... «Кредо» қызметкерлері ішімдік пен наркотикке тәуелділермен олардың өмірінің біраз жылдан кейін не болатындығын түсіндіргенде, әйелдер ойлана бастады. Олармен осы уақытқа дейін ешкім бұл тақырыпта сөйлеспеген екен.

Олар тек бір күнмен өмір сүреді. Топтасып алып, үнемі ішімдік ішіп, қыдырып жүреді. Бала туу артып, тіпті немерелі деп болып жатады.

Дәрігерлердің сөздерінше, контрацепция жайлы сауалнамалар мен сұхбат жүргізу әлеуметтік жағынан әлсіз топтардан шыққан бала көтеруге қабілетті әйелдер арасындағы жоспарланбаған жүктілік пен жасанды түсіктер азайтуға көмектеседі. Шынайы өмірде мүлде бөлек: - Өкінішке қарай, мұндай әйелдер бізге сирек келеді. Олардың қызығушылығы басқа, проблемалары мен өз құндылықтары бар. Оларды мұнда шақыру қиынға соғады. Дегенмен біз олармен кез келген қолайлы жағдайларда әңгімелесуге тырысамыз. Мүшеқаптар таратамыз. Бірақ ондай әлеуметтік топтағы әйелдер үшін басты контрацептив маткаішілік спираль. Себебі олардың таблетка немесе мүшеқап алуға шамалары жетпей жатады. Олардың тұрғылықты аймағында гинеколог мамандардың болуы шарт емес, себебі бір кез келген жағдайда қабылдау жасай береміз. Біздің тіркеуде тұрған әлеуметтік жағдайы төмен әйелдердің 70 пайызы ұзақ мерзімді контрацепцияға ие, яғни спираль. Әлеуметтік жағдай төмен әйелдердің 85 пайызын болашақта контрацепциялаймыз деп жоспарлап отырмыз,- дейді №4 поликлиникасының балалар мен аналарды қорғау ісі жөніндегі директор орынбасары Классик Людмила Ивановна.

«Кредо» үкіметтік емес ұйымы әлеуметтік әлсіз топтардан шыққан жүктілікке қабілетті әйелдерге сауалнама жүргізу арқылы өте үлкен мәселені шешуге бастама болды. Бұл сауалнама контрацепция түсінігін

анықтауға, оларға қазіргі уақытта жүкті болудың қаншалықты маңызды екендігін түсіндіруге көмегін берді. Сауалнама нәтижесі таң қаларлықтай еді: тәуекелшіл топтардағы әйелдер дәрігерлерден де, басқа адамдардан жасырынып жүреді екен. Сонымен бірге мұндай әйелдердің «Отбасын құруға» ыңғайлы жолы жасанды түсік жасау сияқты...

Қазіргі уақытта Теміртау қаласындағы әрбір поликлиникада әлеуметтік жағдайы төмен адамдардың тізімдері құрылып, ұдайы жаңартылып отырады.

Олардың өмір салты мен жағдайын көргендіктен, концентрациялау мәселесі бізді толғандырады, - дейді тәуекелшіл мамандар жайлы № 4 поликлиниканың бас дәрігері Арғын Ноянұлы Бидайбаев.- Әлеуметтік жағдайдың төмендігі мен сақтанбау салдырынан ана мен бала өлімі, жасанды түсік туындайды. Сондықтан да денсаулық сақтау саласының қалалық бөлімдері осы топтағы адамдарға назар қояды. Біздің акушер – гинекологтарымыз үнемі мұндай отбасылардың патрионажын жүргізіп отырып, қолымыздан келгенше оларды концентрациялаймыз. Біз қалалық бюджет қаржысына есебінен алынған таблеткалар мен жатыршілік спиральдарды таратамыз. Кейбір әйел адамдарының құжаттары болмаған жағдайда ешбір қарсылықсыз қабылдау жасаймыз, себебі біздің проблемаболмаса да өзге поликлиниканың мәселесі болар еді...

«PlatonKZ» интернет-порталы, мамыр 2010 жыл

Автор: Елена КУЛАКОВА

ЧКАЛОВ АУЫЛЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ «ТҰТҚЫНҒА» АЙНАЛДЫ

Қарағанды облысында сынап қалдықтарын қайта пайдалану жобасы іске қосылды. Ол жергілікті тұрғындар үшін қауіпті. Эколог мамандарды көмілген сынаптарды қайта қазу мәселесі мазалап жатыр. Ал, ауыл тұрғындары өздерін «жауапсыздықтың тұтқынымыз» деп есептейді. Бұл ауылды («Карбид» зауытының «арқасында») кеңес заманынан бері сынаппен қымтап тастағанына қарамастан, ауыл тұрғындарының пікірінше, сынапты пайдаға жарату жұмыстарының өзінде де заң бұзушылықтар бар.

Жобаның алғашқы кезеңі 2007 жылы Теміртау қаласында «Карбид» полигон және демонтаж зауытының құрылысынан бастау алды. Бұл жоба Нұра өзенінің Ынтымақ суқоймасына шейін сынаппен ластануы-

на себепші болған-ды. Ацетальдегид және карбид кальций өндірісінің химиялық реакциясын жеделдетуі үшін, осы комбинатта көп жылдардан бері сынап катализатор ретінде пайдаланылған болатын. Мұның барлығы өндірісте пайдаланылды. Бірақ, 1990 жылдары Кеңес Одағының ыдырағаннан кейін, зауыт банкротқа ұшырап, цехтері бөлініп кетті. Бұрынғы өндірісті кәсіпорынның аумағы қараусыз қалғандықтан, қаланың ішінде сынап сақталған ыдыстар табыла басталды.

Ауқымды жоба ауыл халқының қарсы пікірі тыңдалғаннан соң қолға алынды. Теміртаудың өзге тұрғындары аса наразылық танытпады. Дегенмен, Чкалов ауылының тұрғындар дабыл қағуда.

Алғашқыда жоба жайында ауыл тұрғындарымен ешқандай кездесулер ұйымдастырылмады. Қандай жұмыс жүзеге асатынын халыққа ешкім түсіндірмеді. Уақытша өзге елді-мекенге қоныстандырамыз уәде берген-ді. Жергілікті халық денсаулықтарына шағымдана бастағаннан кейін жергілікті билік санитарлық-медициналық тексеріс жүргізуге тапсырыс берді. Тексеріс барысында сынап адам ағзасында, суда тіпті, ана сүтінің құрамынан табылыпты. Дегенмен, мамандар әлі де болса дабыл қағуға асықпайды.

- Біздің ауылдың тұрғындарының қан қысымы жоғары. Денсаулықтары мазалайды. Кейде ауа жетпей, тыныс ала алмай, дем жетпей де қалады. Менің ойымша, жаппай барлық ауыл тұрғындарының денсаулығының төмендігі суда сынаптың пайда болуы. Және де сынап сіңіп қалған жерді уақытында тазаламағаны деп ойлаймын, - деп, Чкалов ауылының тұрғыны Тамара Антоновна шағымын білдірді.

Осы ауылдың тұрғыны Маня апай үйінен бір қадам да аттап баспайды екен. Ауа райының ластануынан көшеге шықса ұстамасы ұстап қалатынға ұқсайды.

- Он жылдан бері сынап көмілген жерді, қаза бастағаннан маған дем жетпей қалатын болды. Оданда ол жерге тимей-ақ қоюлары керек еді. Немесе сапалы түрде жұмыс жасаса, ешкімде уланбас еді, - дейді, зейнеткер.

Сынап қалдықтарын қайта пайдалу жобасын жасаушылар экологтармен бірлесе отырып, ауылдың жері мен суын тексерістен өткізді. Зерттеу жұмыстарынан кейін:

- Бұл жерде шын мәнінде де, сынап көп мөлшерде шоғырланған. Жергілікті халыққа жақын арадағы өзендегі балықты аулауға оны асқа пайдалануға болмайды, - дейді, Нұра өзенін тазалау жобасы бойынша техникалық қадағалау қызметінің инженері Манфред Нуссбаумер.

Сондай-ақ, бұл жерде мал бағудың өзі қауіпті. Себебі, мал уланған суды ішіп қоюы мүмкін. Улы суды ішкен малдың, еті мен сүтін ішуде денсаулыққа қауіп төндіреді.

Сынаппен уланған суды ауыл тұрғындары құдықтан ішіп уланып жүр. Тек үйлерінде су тазартуға арналған арнайы ұңғымасы бар тұрғындардың ғана суды тазартып ішуге мүмкіндігі бар. Ал, тексеріс жұмыстарынан соң, жергілікті билік халықты «ауыз сумен» қамтамасыз етеміз, жаңа су құбырларын жүргіземіз деген уәде берген болатын. Бірақ, ұмытып кеткен секілді.

- Ауыл тұрғындарының шағымдарынан кейін су құбырларын жүргізу жобасы жасалған болатын. Бірақ, барлығы жобаны қаржыландыруға тіреліп тұр, - дейді, Су ресурстары Комитетінің өкілі Юрий Корнев.

Сондай-ақ, жоба барысында қателіктер кеткені анықталды. Сол себепті, халық сусыз отыр. Бүгінгі таңда, осы жобаның арқасында ауыл тұрғындары егін егіп, бау-бақша өсіре алмай қалды. Нәтижесінде, ауыл тұрғындары қолдары қысқарған күйге енді. Тексеріс жұмыстарын сапалы жүргізу үшін Чкалов тұрғындары Дүниежүзілік реконструкция және даму Банкінен арнайы өкіл келуін шағымданып жатып, шақырды. Ол мекеме оңды шешім табуға уәде берді.

- Болашақта ауа ластануынан сақтану үшін, уланған жерді құнарлы топырақпен жабамыз деді. Бірақ, бұнда ешқандай жұмыстар жүргізілген жоқ, - дейді, бұрынғы ауыл тұрғыны, қазір Теміртау қаласының тұрғыны Людмила Семенова.

Жобаны мемлекет және Дүниежүзілік реконструкция және даму Банкі қаржыландырады. Бірақ, орын алған мәселе бойынша, олар өздерін кінәлі санамайды. Себебі, ауқымды жобаны іске асырмастан бұрын жергілікті билік өкілдері бүге-шегесіне дейін қадағалап, тексеруге міндетті еді. Дәл осындай жобалар өзгеде ластанған аумақтарда өткізуге жоспарлануда. Сондықтан да, ұйымдастырушылар алдыңғы уақытта осы қателіктер қайталанбайтынына сенеді.

Жоспар бойынша, сынап қалдықтарын қайта пайдалануға арналған жоба биыл аяқалуы керек-ті. Дегенмен, уақытша тоқтап тұр. Сондықтан да, сынапты жою процесі әлі де созылуы ғажап емес. Яғни, бұл жоба нақты шешімін таба алмай отыр. Қазірдің өзінде сынап көмілген жердің тұрғындарының денсаулығы мәз емес. Дегенмен, он жыл ішінде де қауіпі жоғары сынаптан құтыла алатынымызға ешкім кепіл бере алмайды.

«Азаттық радиосы», желтоқсан 2010 жыл
Авторы: Елена Кулакова

МҰҒАЛІМДЕР МЕН АТА-АНАЛАР МУЗЫКА МЕКТЕБІНІҢ ҒИМАРАТЫ ҮШІН КҮРЕСУДЕ

Теміртау қаласындағы №2 музыкалық мектептің ұстаздары мен ата-аналары мектеп ғимаратын көшіру мәселесіне қарсы шағымданып жатыр. Жуырда ғана директоры ауысқан мектеп ғимаратын прокуратураға қолданысқа беру жоспарланып отыр.

Бір апта бойы Теміртау қаласының бір топ тұрғыны жергілікті билікке музыкалық мектепті көшірудің қажеттілігі жоқ екенін алға тартып сендіруде. Себебі, музыкалық пәндер тыныш өтпейді, ал ол үшін арнайы ғимараттар керек.

Көптің көкейінде жүрген мәселе, мектепке жаңа ғимарат берген күнде де оқушы саны азайып қалуы мүмкін. Өйткені, үйреншікті орыннан қаланың екінші бір жағына қатынау оқушылар мен ата-аналарға ыңғайсыздық тудырады. Сондай-ақ, мектептің көшуіне қарсы топ музыкалық аспаптар мен инструменттерді көшіру олардың істен шығуына, жарамсыз болып қалуына себепші боларын айтады.

- Музыкалық аспаптарды көшіру үшін арнайы мамандар тартамыз деп уәде беріп жатыр. Бірақ, біздің қалада көшіретін мамандар тұрмақ, тіпті инструментті жөнге келтіре алатын мамандар да жоқ, - дейді, ән сабағының мұғалімі Светлана Корнева.

Мұғалімнің сөзіне сенсек, ғимарат толығымен музыкалық мектепке қарамағында болған кезде бұл оқу орынында 700-дей оқушы тәлім алса, бүгінде оқушы саны 200-ден сәл асады.

- 22 жыл бұрын ғимарат музыкалық мектепке берілді. Содан бері осы мектеп ғимаратын иеленгісі келетіндердің саны көп болды. 90 жылдары да дәл осылай ғимаратты бізден тартып алмақшы болған, бірнеше айлап мұғалімдер айлық алмай отырғанына қарамастан, қазір зейнеттегі бірақ, сол кездегі мектеп директоры мен ұжымның ұйымшылдығының арқасында мектепті сақтап қалдық. Бірнеше жыл бұрын біздің қасымызға қалалық білім беру бөлімін, сосын «Нұр-Отан» партиясы филиалын көшіріп әкелді. Ал, енді тіпті бізді далада қалдырмақшы. Бұның орнына ұсынып отырған ештеңелері жоқ, - дейді, ән сабағының мұғалімі Татьяна Колышева.

Мектеп орнына прокуратура?

Шенеуліктер көшіру мақсаты мектеп авариялық ахуалда оны жөндеу үшін қалалық бюджетте қаражат қаралмаған, мүмкіндік жоқ деп түсіндіреді. Бірақ, бұл ғимаратты прокуратураға беру жоспарда тұр. Журналистерге қала әкімі Нұркен Сұлтанов: «бұл ғимаратқа прокуратура көшіп келетін болса, жөндеу жұмыстарына арналған шығынды республикалық бюджет көтереді» - деп мәлімдеді.

Дегенмен, педагогтар мектепті көшіру себебі ғимараттың апаттық жағдайы еместігін айтады. Педагогтар: «Жаңа оқу жыл басында тексеру жұмыстары жүргізіліп, СЭС және өрт сөндіру инспекциялары барлық құжаттарға қол қойыпты. Енді келіп ғимарат жарамсыз деп жатыр. Олай болған күнде, бұл ғимаратқа ешкім де көз салмас еді» - дейді.

Оқу ғимаратына көз тіккен Теміртау прокуратурасының өкілдері журналистерге өз тұрғылықты ғимараттарын ауыстыру себебін бұрынғы ғимараттың ескіргенімен байланыстырып түсіндірді.

Қайғылы тәжірибе

№2 музыкалық мектептің мұғалімдері және ата-аналары мектеп көшіруден бұрын болған қайғылы тәжірибені ұмытпағанын айтты. Сондықтан да, педагог мамандар жергілікті билікті «бұрынғы қателіктерге» қайта жол бермеуін сұрайды.

- Осыдан бірнеше жыл бұрын Теміртау қаласының үшінші музыкалық мектебі орын ауыстырған болатын. Барлығы дәл біздікіндей басталды. Кейін тіпті, мектеп шашырап кетті. Мұғалімдер – жұмыссыз, оқушылар білімсіз қалды. Бүгінде осы мектептен шыққан инструменттер қайда қалғанын да ешкім білмейді. Басында бұл мектептің ұжымына да шенеуліктер сығылысыңыздар, басқаларды сыйдыру керек деген еді – деп, осы мектептің мұғалімі Светлана Корнева еске алды.

Жаңа директор

Мектепті көшіруге қарсы топтың айтуынша, алғашқыда қоныстандыру орны белгісіз болса да, қыстық демалыстан соң-ақ мектепті көшіру жоспарланыпты. Бұл мәселе көпшілікті дүрліктірген кейін мектеп мұғалімдеріне көшіру жұмыстары уақытша шегерілгенін, бірақ музыкалық мектеп міндетті түрде көшірілетін мектептің жаңа директоры Индира Омашева мұғалімдер жиналысында хабарлапты.

- Бұл жерде жұмыс жасауға жағдай жасалмаған. Қазір мектепті қоныстандыратын орын әлі белгісіз, бірақ бұл көшірмейді деген сөз

емес. 2011 жылдың аясында осы мәселе шешімін табады. Дегенмен, менің түсінгенім бойынша, осы мектеп ғимаратында оқу жылын аяқтаймыз. Билік бізді далада қалдырмайды. Міндетті түрде музыкалық мектепке лайық ғимарат тауып беретініне сенемін. Сондықтан да, ертеңгі күні небір бұрмалаушылық болмас үшін, маған да түсініспеушілікпен қарауларыңызды сұраймын, - деп, №2 музыкалық мектептің директоры Индира Омашева педагогикалық кеңесте мәлімдеді.

Бірқатар педагог мамандардың сөзіне зер салсақ, музыкалық мектептің жаңа директоры мұғалімдер мен ата-аналардың пікіріне құлақ аспайды. Олардың айтуынша, директор өз орынан айырылып қалмауы үшін, биліктің айтқанына көніп отыр. Бұрын осы қызметті Светлана Ярошинская атқарған болатын.

- Конкурстық іріктеуден өтпедің деген сылтаумен мені осы қызметтен босатты. Мен жергілікті биліктен 200 шаршы метрлі, 200 орны бар үлкен залды, хорға арналған сахна мен залдың төбесін жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін қаражат сұраған болатынмын. Жөндеу жұмысына арналған шығыстың сметасын жасап, білім беру бөліміне өткіздім. Барлық құжаттары дайын болғанына қарамастан, мақұлдамады. Ең қызығы, осыдан соң қызметімнен алып тастады. Себебін енді түсінгендеймін, - дейді, қазір №2 музыкалық мектепте оқу ісі жөніндегі меңгерушісі қызмет атқарып жүрген Светлана Ярошинская.

Мұғалімдердің айтуынша, №2 музыкалық мектепте жөндеу жұмыстарын жасау үшін, тіпті жаңа музыкалық инструменттер сатып алынуы үшін осы күнге дейін бірде-бір рет қаражат бөлінген емес екен.

Мектеп оқушыларының ата-аналары президент әкімшілігі, бас прокуратура, облыс және Қарағанды қаласының әкімдігі, «Нұр-Отан» партиясы, білім және ғылым министрлігіне де шағымданып, хат жазыпты. Ата-аналарды айтуынша, еш бір билік орнынан ешқандай жауап келмеді.

24 желтоқсанға белгіленген педагогикалық кеңес пен жаңа басшылықты таныстуға арналған жиналыс айхай-шумен аяқталған-ды. Жиналысқа жиналған ата-аналар мен мұғалімдердің айтуынша, мектепті көшіру себебі түсініксіз. Сондай-ақ, балалардың құқы бұзылып жатыр.

«Прокуратураға ғимаратты жөндеу үшін бюджеттен ақша бөлінсе, неге өз ғимараттарын жөндеп алмайды? Неліктен балаларды мектептен көшіру арқылы, олардың жағдайы жасалуы керек? Экономикалық есеп-қисап қайда? Ғимараттарды көшіру, оларды жөнге келтіруден гөрі арзанырақ болады дегенді кім шығарды? Көшу, қоныстандыру аясында жұмсалатын қаражаттың есебімен көпшілікті ашық таныстыруларыңызды, сұраймын», - деді, Дмитрий Федоров есімді ата-ана.

Педагогикалық кеңес аяғында, мұғалімдер мен директордың ұстанымы анықталған қорытынды шығарылды.

- Ұжым мектеп ғимаратын көшірмей, осы ғимаратқа жөндеу жұмыстарын жүргізуді талап етті. Ал, мектеп директоры болса, көшуге бой бермеді және ұжымның пікірімен санаспады деген хаттатама толтырылды, - дейді, осы мектептің мұғалімі Татьяна Колышева.

Тағы басқа мектепті де сығылыстыруға шешім қабылданды

№2 музыкалық мектептің жаңа директорымен ата-аналар және мұғалімдердің кездесуі өткен соң, Ғазиза Жұбанов атындағы өнер мектебінің директоры Иосиф Туровский әкімшілікке шақырылды. Иосиф Туровскийдің айтуынша, өнер мектебінің қасына не №2 музыкалық мектеп көшіріледі, болмаса өнер колледжі көшіріледі деп осы екі нұсқаның бірін таңдауды ұсыныпты. Балаларға арналған өнер мектеп директорын бұл мәселе тығырыққа тіреді.

- Біздің ғимарат 900 балаға есептелген, ал қазір мұнда 1 315 тәлімгер оқиды. Яғни, өзіміз сыймай жатырмыз. Енді біздің мектепке тағы да бір мектепті немесе колледжді сығылыстырса, сабақ кестесінде, іс-шараларды өткізуге қиындық тудырады. Музыкалық инструменттердің тозуына ықпал етеді. Мен қала басшылығына бұның мүмкін емстігін айтып, түсіндірдім, - дейді, «Ғазиза Жұбанова атындағы балаларға арналған өнер мектебінің» директоры Иосиф Туровский.

Сондай-ақ, директордың айтуынша, үлкен рояльдарды орнынан жылжытып көшіру, оны қоқысқа тастай салғанмен тең. Оларды бір орыннан екінші орынға жылжытуға, көшіруге болмайды. Өйткені, бұзылып, тіпті жарамсыз болып сынып қалуы мүмкін. Ал, оны қайта жөндеп, ретке келтіру екі есе қымбатқа түседі. Шығынын өтейтін ақша табуда оңай емес екендігін, өнер мектебінің директоры алға тартты.

- Мысалы, кішкентай қарапайым кабинеттерде жұмыс жасауға арналған рояльдың бағасы 800 мың теңге, ал үлкенінің бағасы миллионнан асады, - дейді, Иосиф Туровский.

Директорың айтуынша, билік оған ойлануға уақыт берген іспетті. Бірақ, ата-аналар музыкалық мектепті көшіруді тоқтату үшін түрлі мекемелерге хат жолдап, өз сұраныстарын білдіріп жатыр.

ПОЙЫЗ БАҒЫТЫНАН АЛЫНА МА?

«Қарағанды-Мәскеу» бағытындағы пойызды алып тастап, қызметкерлерін қысқартады деген сыбыс естідік. Қарағанды мен Мәскеуді байланыстырып отырған жалғыз пойызды бағытынан айыру не үшін керек? Кімге тиімді?» Осындай хат өткен аптада редакциямызға келді. Өз тарапымыздан жауап іздеуге кірістік.

Жан айқайы

Бұл хатты Қарағанды қаласының тұрғындары жазыпты. Олардың ішінде бұрын теміржолда жұмыс істеген қызметкерлері мен жолсеріктердің туыстары бар. Сондай-ақ, Мәскеуге қарай жиі қатынайтындар да кездеседі. «Қарағанды-Мәскеу» пойызы күн ара қатынайды және Мәскеуге бару үшін басқа пойызға ауысып отырудың қажеттілігі жоқ болғандықтан жолаушыларға да ыңғайлы бағыттағы пойыз. Қарағандылықтардың айтуынша, 2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап пойыз бағытынан алынып, енді Мәскеуге Астана арқылы баруға тура келмек. Бұл әсіресе, Жезқазғандық жолаушылар үшін ыңғайсыздық тудырады. Себебі, олар бірінші, Қарағандыға жетіп, осы жерден Астанаға қарай бағыттауға мәжбүр. Содан соң ғана Мәскеуге қарай жол тарта алады.

Тұрғындар тіпті Нұрлан Нығматуллинге де хат жолдаған көрінеді. Бұл хатта: «Сіз облыстың бұрынғы әкімі, Қарағандының патриоты ретінде осы жайды назарыңыздан тыс қалдырмайтыңызға сенеміз», - делінген. Қарағанды аймақтық «Солтүстік» («Северный») жолаушыларды тасымалдауға бағытталған филиалдың қызметкерлерін әңгімеге тарттық. Оларға қысым көрсетілуі мүмкін болғандықтан, өз аты-жөндерін жасырды. Бірақ, жуырда жаңа жылдан бастап «Қарағанды-Мәскеу» бағытындағы пойыз төрт күнде бір рет жүретіні көрсетілген факсограмма келгенін айтты. Ескі маршрут тиімсіз тәрізді. Бірақ, теміржолшылар бұны сылтау ғана санайды.

Ашулы қызметкерлер: «Біз айлығымыз қысқарып, тіпті жұмыстан айырылып қалудан қорқамыз. Себебі, егер біздің пойыз төрт күнде бір рет жүретін болса, айлықтың қысқаруы мүмкін. Не соған сәйкес жолсеріктердің саны қысқаруы да ғажап емес», - дейді.

Егер қызметкерлердің болжамына жүгінсек, 50 шақты маман штат қысқаруына ұшайрайды әбден мүмкін.

Өзгерістер енуі сөзсіз

(«Северный») «Солтүстік» учаске бастығы Қайрат Майдин, жаңа жылдан бастап өзгерістер енуі мүмкін екенін мақұлдады. Бірақ, оның айтуынша, «Қарағанды-Мәскеу» бағытындағы пойыздың кестесіне қысқартулар енгізу ең оңтайлы шешім. Өйткені, қазір күн ара 7 вагонды пойыз жүріп жатса, ол кезде төрт күнде бір рет жүргенімен вагондар саны көбейеді-мыс. Ары-бері вагондар бос жүрмес үшін, осындай өзгеріс енгізілмек. Қайрат Майдинге сенсек, штат қысқарту мәселесі туралы сөз қозғалмаған іспетті.

- Біздің жұмыс уақытымыз тоқсандық сағатпен есептелінеді. Себебі, жұмыс жасау кестеміз жылжымалы. Егер республикадан шет елге шығу тиімсіз болған жағдай да, еліміздің ішкі маршруттарының санын көбейтуіміз керек. Мысалы, Қарағанды – Павлодар – Қостанай тікелей бағыттағы пойыз жіберу жоспарланып отыр. Дегенмен, әзірге, әртүрлі нұсқалар қаралып жатыр. Сондай-ақ оңтүстік аймақтарға қарай бағытталған Қарағанды - Сары-Ағаш – Қызылордаға қатынайтын пойыз жіберуге ұсыныс жасап отырмыз, - деп, учаске бастығы Қайрат Майдин жұбатуға асықты.

Жан-жақты қолдау

Қарағанды жол бөлімінің ардагерлер Кеңесі де жолсеріктерді қолдауға кірісті. Осы жағдайға байланысты, аталған Кеңестің төрайымы Галина Домрина өз көзқарасын білдірді

- Біздің Кеңестің өзге мүшелері сияқты, менде пойыздың бағытының кесілуі дұрыс емес деп есептеймін. Қарағанды халқы тығыз орналасқан, оның үстіне үлкен облыстан пойыз бағыты алынуы әділетсіз. Осы күнге дейін де Қарағанды-Киев, Санкт-Петербург, Екатеринбург секілді пойыздарды бағытынан алып тастады! Ал, Қарағанды-Мәскеуді алып тастаймыз дегені тіпті, ақылға сыйымсыз. Өйткені, бұл бағыт бойынша тек жаз айларында ғана емес, қыста да билеттерге сұраныс жоғары. Мысалы, бұрын бұл бағыттағы пойыз күнде қатынаушы еді, - дейді, теміржолда 41 жыл бойы қызмет жасаған Галина Домрина.

Ардагерлер Кеңесінің мүшелері де облыс әкімі Серік Ахметовқа хат жолдапты. Мақсат біреу - «Қарағанды-Мәскеу» пойызының бағытын өзгертпеу. Әрине, қысқартпау.

Былықты түсіну қиын

Мен, өз кезегімде облыстық әкімшіліктен түсініктеме сұрадым. Ұжымдық хат келгенін, бірақ билік ешқандай көмек көрсете алмайтыны

анықталды. «Бұл облыс әкімшілігі көлемінде шешілетін мәселе емес екенін, түсініңіздер! Республика көлемінде, Көлік және коммуникация министрлігі құзырында қаралатын мәселе» - деп, облыс әкімінің баспасөз қызметкері мәлімдеді.

10 қараша күні министрдің Қарағанды облысында оқып, жұмыс жасағаны ескере отырып, Көлік және коммуникация министрі Әбілғазы Құсайыновтың блогына журналистік сауалымды жолдадым. «Осы мәселені министрлік көлемінде шешуге болады ма?», деп сауал жолдадым. Хат ресми сайтта үш күн бойы тұрып қалды. Жауап жазуға асықпады. «Сұрағыма жауап қайтпады» деген сілтеме жасауға мәжбүр боламын деп, сауалымды қайта жолдадым. Осыдан кейін ғана менің жеке электронды поштама осы мекеменің баспасөз қызметінен: «Құрметті арызданушы! Сіздің 57451 сұрағыңызға ресми сайтта жауап жазылған» сондай-ақ «Сауалыңызға кешіктіріп жауап беруіміздің себебі, блогтағы сұрақтарды жекелеп зерттеп, талдауға мерзімді уақыт жұмсалады. Өйткені, бізге Самұрық-Қазына ҰБҚ құрамына кіретін ҚТЖ, «Жолаушыларды тасымалдау» АҚ жауап күтуімізге тура келді. Дегенмен, бүгінгі күнге дейін ҚТЖ-дан жауап келмеді», - делінген хат келді.

Соған қарағанда соңғы шешімді өздері қабылдайтынын біле тұра, Көлік және коммуникация министрлігі халықты дүрліктіргісі келмейді-ау. Немес пойыздың бағыты қысқаратыны белгілі болғанынан бастап, қызу талқыға айналғанынан министр хабардар емес секілді.

«Өлімді күту өлімнен жаман» дегенмен, «үмітсіз шайтан». Теміржолшылар жауап күтуде. Билік қызметкерлерді жұмыссыз қалдырмас, сондай-ақ Мәскеуге жол тартқалы жатқан жолаушылардың да жолын ұзартпай тиімді шешім қабылдайтынына сенейік!

«PlatonKZ» интернет-порталы, мамыр 2010 жыл.

Авторы: Елена КУЛАКОВА

КІШКЕНТАЙ ҚАЛАДАҒЫ СЕКС

Теміртаулық қыздарды тәнін сатуға не итермелейді?

Қазіргі таңда елімізде 10 мыңнан астам жеңіл жүрісті қыз-келіншектер бар. Бір ғана Теміртау қаласындағы аты шулы Каршоссе көшесінде де сауық-сайран құрып жүргендердің саны аз емес. Олардың көбі түнгі клубтарда, сауналарда тәнін сатып, ақша табады. Былтырғы жылдың өзінде сексуалды қызметті дамытып жүрген «жеңгетайлар»

мен олардың сауық-сайран құрған ұяларына байланысты 8 факті тіркелді. Ал, биылғы жылы бүгінгі таңға дейін дәл осы саланы дамытып жүргендерге байланысты 4 іс қозғалды.

Сарапшылардың мәліметіне жүгінсек, бұл жолға түсетін әйелдердің себебі қаржы жетіспеушілік. Олардың жас мөлшері 18 бен 35 аралығы. Теміртаулық полиция қызметкерлерінің тәжірибесіне сүйенсек, нашар отбасында тәрбиеленген немесе есірткіге тәуелді қыздар жеңіл жүрісті таңдайды. Себебі, олар өздеріне қажетті «дозаны» алу үшін, бірінші көрінген еркекке берілуге дайын.

- Өкінішке орай, бүгінгі таңда жезөкшелікті жаңғыртып жүргендерге қарсы заң болмағандықтан, құқық қорғау органдарыда оны тоқтату үшін үзілді-кесілді шаралар қолдана алмай отыр. Тек осы қыздарды жұмыспен қамтамасыз етіп отырған мекеме не жеңгетайлықпен айналысып жүргендерге ғана жаза қолдана аламыз, - дейді, зорлық-зомбылыққа қарсы күрес бөлімінің аға инспекторы Светлана Гаркуша. Былтырғы жылы қаладағы саунаның бірінің әкімшісі дәл осылай жеңгетайлықпен айналысып жүрген жерінен ұсталған болатын. Заң бойынша, жеңгетайлықпен айналысатын адам бірінші рет ұсталса, оған 500 немесе 1000 айлық көрсеткіш көлемінде айыппұл салынады. Болмаса, 3 жылға бас бостандығынан айырылады. Ал, егер де бұрын соңды сотталған адам не ұжымдасқан топ болса 5 жылға түрмеге қамалады.

Теміртауда делдалдық қызмет көрсетіп жүрген бір ер адам ұсталыпты. Ол клиентіне апарып берген екі қыз үшін 2 мың теңге алған. Дәл осылай 56-57 жастағы екі әйел кісі сыйақыға «жеңгетайлық» қызмет көрсетіп жүрген үшін ұсталды. Және де осыдан бірнеше уақыт бұрын-ақ полиция қызметкерлері тағы да бір «жеңгетайды» ұстаған еді.

- Бізге осындай бір әйел қыздарды жеткізіп береді деген ақпарат түсті. Бұл істі ашып дәлелдеу қиын болған соң, бір қызметкеріміз арнайы белгіленген ақшалармен сатып алушының рөліне кірді. Әдетте, осы саланың «бүгешегесіне» дейін жаттап алған, қазіргі таңда жасы келгендіктен ер адамдар жағынан сұранысы жоқ, бұрынғы тәжірибелі жезөкшелер «жеңгетайлық» қызмет атқарады. Оларға жұмыс жасау оңайырақ. Себебі, бұл бизнесті бес саусағындай біледі, - дейді, Светлана Гаркуша.

Жеңіл жүрістің де қиындығы бар

16 жасар Юлияның тағдыр жолы оңай болмады. Әкесі – есірткіге тәуелді болса, анасы – арақтан арылмаған. Осындай нашар отбасында өскен бойжеткен қу ақша үшін даңғыл жолға түсуге мәжбүр болды. Себебі, оның білімі жоқ, тіпті кәмелет жасқа да толмаған еді. Түрі сүйкімсіз, киетін киімі жоқ болғандықтан оған клиенттердің назары

аса ауа қоймады. Бұл оның табысына кері әсерін тигізді. Тапқаны тек күнделікті қажеттілігіне яғни, тамағы мен арзан киімге ғана жететін. Барлығыда осылай бір қалыпта жалғасар ма еді, кім білсін? Бірақ күздің суық түнінде күнделікті жұмысын жасауға Каршоссенің бойына шыққан Юлияның қасына машина тоқтап, бір топ ер жігіт қызмет көрсетуін сұрайды. Үйреншікті табысынан артығырақ төлейміз деп ұсынғандықтан, бойжеткен бірден келіседі. Артық ақша, жаңа белдемше деген оймен Юлия көлікке отырады. Бірақ, артығымен төлейміз деп уәде берген әлгі көліктегі жігіттер құмарларын қандыру емес, итше ойын қажет болған екен. Осыны түсінген Юлия көлікке отырған соң жарты сағатта-ақ өз шешіміне өкініпті.

- Күздің қара суығында, көшеде стриптиз билеп беруімді талап етті. Одан жалыққан соң топтасып ұрып, сырамен шомылдырды. Кейін суға кіріп су ішінде би көрсетуге мәжбүрледі, - деп, үреймен Юлия есіне алды.

Талаптарына қанағаттанған сұмырайлар қызды өзен жағасында қалдырып, өздері көлікке мініп жөнеледі. Осыдан кейін Юлия клиенттерге талғаммен қарайды...

Жетімдер үйінде өскен, Теміртаулық Наташаның да өмір жолы мәз емес. Балалар үйінен шыққан соң барар жер таппай жүреді. Күдердің-күнінде ақ Мерседестегі «ханзада» кездеседі. Ол Наташаға өзінің көңілдесі болуын ұсынады. Жан мен тән ляззаты үшін бойжеткенге пәтер жалдап береді. Бағалы сыйлықтар сыйлап, қуыршақтай киіндіп, ішіп-жегізді. Қызда қарсылық білдірмеді, тіпті бауыр басып үйреніп те қалды. Бірақ, бұл сәтті басталған ертегінің соңы тәтті болмады. Сонымен, көңілдесі оны еркектердің, яғни өзінің ақшалы достарының қойнына салып берді. Осылайша бойжеткен жезөкшеге айналып, қолдан-қолға кетті... Сүйгенінің тауарына арналған Наташа «Шапағат» қоғамдық қорынан көмек сұрап келді.

Кім қол ұшын созады?

Өкінішке орай, еркектердің қуыршағына айналған Юлия мен Наташа сияқтылар аз емес. Адасып осы жолға түскен қыздардың қолдарында көбіне тұрғылықты тіркелуі де, өзге құжаттары жоқ. Сондықтан олар еш қараусыз, қорғаусыз. Жезөкшелер үшін қалалық ЖҚТБ-ға қарсы күрес орталығы мен «Шапағат» қоғамдық қоры секілді екі ұйымнан басқасында есік жабық. Тек осы ұйымдарда да ғана жеңіл жүрісті қыздарға психологиялық, құқықтық және әлеуметтік көмек тегін көрсетіледі.

- Бұл қыздар бізге ЖҚТБ орталығы арқылы шығады. Ол жерде «достық» кабинеті бар. Сол жақтан біздің қоғамдық қорға жезөкшелерді жол-

дамамен жібереді. Ал біз өз кезегімізде, емхана және перзентхана-лармен тығыз байланыста жұмыс жасап, келісім жүргіземіз. Мысалы, осы қыздар үшін медициналық тегін тексерістен өткізіп, жүкті болған жағдай да тегін жасанды түсік жасатамыз. Сондай-ақ, әлеуметтік көмек көрсету бөлімдеріне хабарласып, жұмыспен қамтамасыз ету әлеуметтік бағдарламалар бойынша жұмысқа орналастыруға көмектесеміз. Кейде, тіпті қалалық тұрғылықты тіркеуге қою жұмыстарын жүзеге асырамыз, - дейді, «Шапағат» қоғамдық қоры төрағасының орынбасары Зоя Ружникова.

Осы жылдың ішінде төрт жезөкшеге тегін жасанды түсік жасалып, біреуі медициналық тексерістен өткелісе, тағы біреуіне ДКК комиссиясынан өтуге көмек көрсетілді. Ал, былтырғы жылы екі қызды жұмысқа орналастырып, тағы үшеуіне қалалық тұрғылықты және уақытша тіркеуге тұруға көмек көрсетілді.

Жезөкшелікті заңдастыру керек пе?

Өткен жылы «Тірлік» Қарағанды қалалық қоғамдық қорының төрайымы Роза Петрусь ҚР үкіметі мен депутаттарына жезөкшелікті заңдастыруға ұсыныс жасаған болатын. Тіпті, «интимдік қызмет» көрсету үшін «қыздар» жалдай алмайтын мүмкіндігі шектеулі жандар үшін бюджеттен қаражат бөлінуін де сұраған-ды.

Қыз-келіншектерді қолдау орталығының мамандары бұны сандырақ санайды. Біріншіден, жезөкшелікті заңдастыру «жеңгетайларға» жеңілдік жасайды. Екіншіден, секс-индустрияны дамыту жасөспірімдер арасында жезөкшелікті санының көбеюіне апарады. Сондай-ақ, өскелең ұрпақтың бойында әйелге – сексуалды тауар, ал, жезөкшелікке – қалыпты табыс көзі реті деген түсінік қалыптастырады.

«Новый вестник» газеті, тамыз 2010 жыл

Авторы: Елена Братухина

ӨЗІҢІЗДІ ФОРМАДА ҰСТАҢЫЗ

Мұғалімдерге арнап дресс-код енгізу қажет пе?

«Көп ұзамай мектептер казармаға айналатын шығар. Бізге тәжірибе жүргізуді қашан қояды?», - деп қала мектептерінің бірінде қызмет істейтін мұғалім өзінің көңіл толмаушылығын білдіріп жатыр. Жас ұстаз

өзін және басқа да әріптестерін біркелкі киіндіру керектігін естіпті. Білім және ғылым министрлігінде мұғалімдерге дресс-код енгізіп, оларды біркелкі костюмдерге киіндіру мәселесін қолға алған.

Күтпеген жаңалық жаңа оқу жылының қарсаңында, 18-ші тамыз күні өткен он-лайн конференцияда айтылған. Республикалық кеңесте ұстаздар, облыстық білім беру басқармаларының бастықтары, киім өндірушілер және ата-аналар қазіргі ұстаздың сыртқы түр-сипатын қызу талқылады. Шенеуніктердің пікірінше, тәлімгерлердің киімі оқу жүйесіне қатты әсерін тигізеді. Кейбіреулері оқушыларды оқытуға қысқа юбка, алды ашық көйлектерді киюді де дағдыға айналдырған. Шын мәніне келгенде, ұстаздың киімі біркелкі әрі іскери болуы тиіс.

Талғам мен түс

Биылғы жылы бірдей костюмдерді еліміздің бірнеше мектеп ұжымы киеді. Үкіметтің бастамасын бірінші болып Қызылорда және Батыс Қазақстан облыстары қолдады. Олар үшін бірдей форманы мемлекет өз қаржысына тігіп беретін болды. Ал қалғандары өз қаржысына тігуге мәжбүр болады.

«Форманы енгізетін үш аймақта оны мұғалімдер өз қаржысана тіктіреді», дейді Білім және ғылым министрлігінің мектеп жасына дейінгі және орта білім беру департаментінің директоры Нұрғали Аршабеков. Оның айтуынша, ұстаздар үшін форма арзан бағамен тіктіріледі. Орташа есеппен форманың құны 15 мың теңгені құрауы мүмкін.

Ал бірыңғай киімді киюді құптамаған мектеп ұстаздарын іскери костюмдерге киіндіру ұсынылып отыр. Бірақ ол костюмдердың түр-сипаты жайында пікір-талас көп болды. Мәселен, Батыс-Қазақстан облысының ұстаздары алғашқы қоңырауда оқушыларын етегі тізеден төмен түсетін ашық қызыл түсті көйлектер мен үстіне ақ пенжак киіп қарсы алмақ болды. Бірақ министрлікте олардың мұндай ұсынысы құпталмады. Шенеуніктердің пікірінше, ұстаздар таңдаған қызыл түс оқушыларды сабақтан алаңдатып, үлгерімдеріне кедергі келтіреді. Оларға салмақты түстерден киім тіктіру ұсынылды.

Әрбір мектептер өз талғамдарына қарап бірыңғай киім тіктіруге құқылы болды. Дегенмен де киімдердің түстері тым ашық болмау керек және костюмдердің юбкалы болғаны құпталды. Ұстаздардың шалбар киюі жақсы қабылданбады. Бірақ мамандар таңдаудың ауқымын кеңейту үшін ұстаздар қауымына «Педагогикалық кеңес» кітабын оқуға сілтеме жасады. Оны Алматы қаласының білім беру басқармасы мен біліктілікті арттыру және кадрларды қайта даярлау Институты шығарған. Ол жерде ұстаздың имиджі туралы былай деп жазылды: тәлімгердің киімі көзге

басылмайтын түстерден тігілу керек. Ең қысқа деген юбка тізеден сәл жоғары ғана болуы абзал. Ер азаматтардың костюміне ұқсайтын шалбарлы киімді киюге рұқсат етілсе де, ол ұстаздың беделін юбка кигеннен артық асырмайтынын ескеру абзал екендігі де айтылды. Киімдерді мынадай түстерден тіктіру дұрыс делінген: сұр, көк, ақшыл қоңыр, қоңыр, ақ-сарғыш. Күлгің, қызғылт және сары түстерден киім түігуге рұқсат етілмеді. Ал батпақты жасыл қою кофе түсті киімдерді тіктіруге рұқсат етілгенімен, оған да аса жақсы баға берілген жоқ. Қызыл түске ұстаз ерекше өте мұқият болу керек. Өйткені бұл түс жүйке жүйесі әлсіз балаларға кері әсерін тигізуі мүмкін».

Тапсырысқа

Ұстаздар өздеріне сәйкес киімдерді таңдап жүргенде Алматылық дизайнерлер мектеп ұжымдарынаарнайы киімдерін ұсынуда. «Сымбат» сән академиясының топтамасында әр түсті классикалық шалбарлы және юбкалы костюмдер бар. Олардың үлгілері бірдей десе де болады. Екі шетінде немесе артында қиығы бар юбкалар тізеден сәл ғана төмен түскен. Ұлттық нақыштағы ою-өрнегі бар ұзартылған пенжактар да саудаға шығарылған. Олардың жағасы да келісімді.

- Біз мектеп формасын алғаш рет осыдан 10 жыл бұрын ұсындық. Бірақ ол кезде қоғамнан қолдау таппадық. “Сымбат” сән академиясының вице-президенті Светлана Альсейпулованың айтуынша, қазіргі уақытта киім үлгісін тігуге ұстаздардың өздері және министрлік тапсырыс береді. Бұл жақсы идея, банк қызметкерлері де біркелкі киінеді ғой, деп Светлана ханым өз ойын қорытындылады. Ұстаздар үшін қандай киім үлгісі жарасатына туралы біз көп уақыт ақылдастық. Олардың киімі үшін тым ашық емес, бірқалыпты түстерді таңдадық. Оқытушылардың қазақстандық екендігі айтпқ-ай көрініп тұруы үшін киімге ұлттық нақыштағы ою-өрнектерді де енгіздік.

Маталарға да мұқият болу керек. Тоқыма, лайкра, синтетика маталары міндетті түрде өзіне әр түрлі иістерді сіңіріп, тез тозады. Алматылық дизайнерлер тіккен костюмнің құрамына үш киім кіреді. Оның бағасы 30 мың теңге шамасында. Бірақ дәл осыны, бірақ пенжаксыз алатын болсаңыз, құны 2 есе арзан болады. Киімнің құны матаның сапасына байланысты. Мата неғұрлым сапалы болса, оның бағасы да соғұрлым қымбат болады дейді, Светлана Альсейпулова. Бірақ біздің ұстаздар үшін бұл аз ақша емес. Қазір дүкендердегі костюмдер қалтаға недәуір салмақ түсіреді. Ұстаздар болса, жақсы киінеді, киімге ақшалараны аямайды.

Оқушыларға үлгі болсын

Қарағандыда құзырлы министрліктің ұсынысын салқын қандылықпен қабылдады.

- біздің облыста бұл туралы әңгіме жоқ. Біздің ұстаздар онсыз да іскери киінеді. Бұл да жеткілікті. Бірдей киіну үшін ателье керек, бізде ондай өндіріс жоқ, дейді облыстық білім беру басқармасының бас маманы Жібек Мұқұшева.

- біз бұрыннан іскер киінеміз. Бірақ қазір формалық киім туралы айтып отырмыз. Қазірше оны тек нұсқап отыр. Ең бастысы, ешкімнің құқығы шектеліп қалмасын деп есептейді қалалық білім беру бөлімі бастығының орынбасары Наталья Окарская. Бір жағынан бұл талғамы нашар адамдарды бір қатарға теңестіретін еді. Бірақ кері жағы, көшеде форма киіп кетіп бара жатқан адамның ұстаз екендігі тайға таңба басылғандай көрінеді.

- сонда бірегейлік қайда?

- Менің ойымша, әр түрлі киінуге болады. Бірақ бір стильді сақтау керек.

Тәлімгерлер үшін біріңғай форманы енгізу, енгізбеу мәселесі қызу талқыланып жатқанда № 101 мектеп-лицейінің ұстаздары біркелкі киіну жөнінде талқылап жатыр. Олар үш жыл қатырынан Алматыдағы сән академиясынан мектеп формасына тапсырыс беріп жүр. Енді ұстаздар ұжымына да біркелкі киім тіктірмек.

- Бізге киім үлгілерін жіберді. Біз оларды қарастырып, енді ательеден оның бағасын сұрамақшымыз. Оқушылар мен ұстаздардың да форма кигені несі артық, дейді №101 мектеп-лицейінің математика пәнінің ұстазы Алма Жұмабекова. «Әрине оны ұстаздар өз ақшасына тіктіреді. Оқушылардың формасына деген ақшаны да ата-аналары жинап береді. Біздің мұғалімдер қарсылықтарын білдіріп отырған жоқ. Әрине әйел адам болған соң әрқайсысымыз жаңа көйлегімізді киіп көрсеткіміз келеді, бірақ дәл сондайын техникалық жұмысшылардың үстінен де көргенде өзінді ыңғайсыз сезінесін. Бұл адамдарды топтарға бөлу емес. Тек әр адам өз үстіндегі киіміне ұқсас дәл сондайын басқа біреу кісе қаламайтыны анық».

Мектеп басшылығы болса, әр ұстаздың жеке даралығын сақтап қалдық деп сендіреді. Костюмдердің жиынтығын әрқайсысы өз талғамына қарап таңдапты. Ең бастысы, стильдің біріңғайлығы.

Білім және ғылым министрлігі бүкіл елде ұстаздарға дресс-кодты міндеттеуді жоспарлап отырған жоқ. Әзірше ұстаздардың жұмыс формасы тек нұсқаулық күйінше қалып отыр. Немесе ой қозғайтын тақырып қана. Жақын болашақта киімге деген еркіндіктің де шегі келетін сияқты.

*Басылым: «Новый вестник» газеті, қазан 2010 жыл.
Авторы: Елена Братухина*

ОҚУ ДӘПТЕРЛЕРІНІҢ КӨШІРМЕСІ ПАЙДА БОЛДЫ

Сәрелерде «Өзін-өзі тану» жазбаларының пираттық көшірмелері пайда болды.

Шенеуніктер оқушылардың бәрін оқулықтар және жазба дәптерлерімен қамтамасыз ете алмаған тұста, баспаханалар бұл істі қолға алып, өз пайдасына жаратқан сияқты. «Өзін-өзі тану» пәніне арналған жазба дәптерлерінің көшірмелеріне сұраныс көп. Ата-аналар көшірме дәптерлердің түпнұсқалығынан екі есе қымбаттылығы мен сапасына назар аударып жатқан жоқ.

Жақында «Жаңа хабаршы» қалалық білім беру бөлімінің өкілдерімен жедел байланыс желісін орнатты. Редакцияға хабарласқан ата-ананың сұрағы қонақты біраз әбігерге салды. Екінші сынып оқушысының анасы сатылып жатқан «Өзін-өзі тану» пәніне арналған дәптерлердің сапасына көңілі томайттыңдығын жеткізді. Олардың көшірмеден өткізіліп, желімделгені көрініп тұр екен. Сәл кідіріп жауап берген мейман Айгүл Қиясова, «Бөбек» ғылыми орталығының оқулықтар мен дәптерлерді саудаға әлі шығармағандығын жеткізді. Оның үстіне жаңадан енгізілген пән бойынша оқулықтар мен дәптерлерді «Ермековтер кітап үйінде» ғана сатуға рұқсат етіліпті. Олар баспамен тікелей келісім-шарт жасасқан. Ата-ананың келтірген уәжінен кейін, біз мектеп дәптерлерінің шын мәнінде де қалада саудаланып жатқандығын тексеріп көрмек болдық.

Сұрақтың тарихы

Еліміздегі білім беру саласындағы маңызды жобалардың бірі ойдағыдай іске аспаған сияқты. «Өзін-өзі тану» пәні сабақ кестесіне биылдан бастап енгізілді. Бірақ 2000 жылдан бастап бұл пән тәжірибе ретінде екі балабақшаға, үш мектепке және бес жоғарғы оқу орнына енгізіліпті. 10 жылдан кейін әдеп пәні еліміздің 184 білім беру мекемелерінің сабақ кестесіне қосылды. Енді оқушылардың бәрі адамның мүмкіндіктерін танып-білетін болады. Бірақ оқу жүйесіндегі мұндай жаңалыққа мектептердің бәрі бірдей дайын болмай шықты. Оқытушылар мәселесінде гәп болған жоқ. Өйткені бастауыш сынып мұғалімдері мен әдеп пәнінің оқытушылары арнайы курстар оқып, білімдерін тереңдеткен болатын. Басты мәселе, бұл пән спецификалық болғандықтан, оны арнайы сыныптардың ішінде оқыту керек болды. Мәселен жобаны ұсынған адам сыныптағы парталарды басқаша қою керек дегенді алға тартады. Оқушылар бір-бірін көріп және бір-бірімен

тығыз байланыста болу үшін ортаны айналып отыру керек. Кабинттің іші де арнайы жасақталған болуы шарт. Жерге міндетті түрде кілем төселіп, магнитофон, теледидар, интерактивтік тақта болу керек. Бірақ бұған барлық мектептердің жағдайы келе бермейді.

- Бізде төрт сабақ болды,- дейді орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі. Бірақ біз сабақты қарапайым сыныпта өтеміз. Сабақ өту барысы ойдағыдай, «бақыт шеңбері» деген сияқты және басқа да ойындар ойнаймыз. Сабақтың құрылымы жақсы. Бірақ материалдық база соған сәйкес келмейді.

Кейін ата-аналарды оқушыларға қажет оқулықтар мен дәптерлерді кім береді деген тағы бір мәселе мазалай бастады. Шенеуніктер оқушылардың бәрін қажетті әдебиет және дәптерлермен қамтамасыз етеміз деп кәміл сенді. Сол үшін де кітап дүкендері «Өзін-өзі тануды» баспагерге тапсырған жоқ. Олар бұл оқулық мектептерде таратылатындықтан оған деген сұраныс болмайды деп ойлаған. Алайды қыркүйек айында кітапқа деген тапшылық пайда болды. Оқулықтар бәріне бердей жетпеді. Білім беру бөлімі 99 пайыз оқушыға оқулық және отбасы жағдайы нашар бастауыш сынып оқушылары үшін ғана дәптер алғызыпты. Қалғандары дүкендерді аралаумен болды. Бір қызығы, жаңа пән бойынша кітап пен дәптерлер саудада жоқ болып шықты.

Білім құны

Бұл жағдайды кәсіпкерлер өз пайдасына асырды. Базарда оқу дәптерлерін күнделікті саудалайтын сауда нүктесі пайда болды. Сұраныстағы дәптерлердің қай жерде саудаланып жатқандығы туралы хабар бүкіл қалаға лезде тарады. Біз де бұл мәліметті тексеру мақсатында базарға аттандық. Сауда нүктесін табу аса қиындық туғызған жоқ. Өйткені редакцияға хабарласқан ата-ана жазба дәптерін «Хозяюшка» дүкенінің алдында сатып алғандығын айтқан болатын. Шын мәнінде де, дүкенге кіре берістің алдында мектеп құралдарының қатарында «Өзін-өзі тану» пәні бойынша дәптерлер сатылып жатты. Үстелдің үстінде қатты қағазға «жазба дәптерлер» деп жазылып та қойған. Мен оқушының анасы рөліне еніп, дәптерлер жайлы қызығушылығымды таныта бастадым.

- Қанша тұрады?

500 теңге, - дейді шәйін ұрттап отырған сатушы.

- Неге қымбат? Танысым бұл жерден 450 теңгеге сатып алдым деп айтқан еді.

Бұл бағамен 10 дәптерден көп алатындарға ғана сатамыз.

Олар сіздерге қайдан келген? Бүкіл қалада жоқ қой.

Бәрі де Алматыдан. Олардың саны шектеулі. Базарда оларды тез сатып

алып кетеді. Кеше мәселен маған жиырмасын әкелді.
Сонымен мұны қайдан әкелетін болды?
Оның сізге қажеті қанша?
Дәптердің көшірмесі болмасын деп қорқып тұрмын. Өткен аптада ғана білім беру саласындағы шенеуніктер саудаға мұндай дәптерлер әлі шыққан жоқ деп еді.
Бізде бәрі жақсы. «Бөбек» баспасы деп жазылып тұр. Білім және ғылым министрлігімен бекітілген. Сонымен алатын болдыңыз ба?
Әрине.

Екінші сынып оқушылары пайдаланатын дәптерді сатып алып, мен мектептерді араладым. Мақсатым, көшірме мен түпнұсқалығын салыстырмақ болдым.

№ 86 мектептен бастадым, сәті түсті. Оларға оқу жылы басталғанда бір сыныпқа деп бірнеше дәптер таратыпты. Бастауыш сынып оқытушылар екі дәптерді қолдарына алып, мұқият қарауға кірісті. Дәптерлердің бір-бірінен аса айырмашылығы байқалған жоқ. Көлемінде ғана ерекшелік бар. Ұстаздар көрсеткен дәптер менің қолымдағы дәптерден сәл үлкендеу, альбом сияқты болып шықты. Мен сатып алған дәптер болса, А4 форматтағы бетті екіге бүктеген сияқты пішінде.

Бұл дәптерлер қажетті көлемге дейін кішірейтілген, бояулары да қанық емес. Оның үстіне әріптердің біразы дұрыс бастырылмаған, дейді ұстаз Татьяна Дмитриевна.

- Мазмұнын да қарап көріңізші, дейді әріптестері.
- Мазмұны түпнұсқадағыға сәйкес келу керек. Өйткені оның көшірмесі емес пе. Бұл мәселені пайдаланып, кейбір адамдар пайда табатын көрінеді. Ата-аналар амалсыздан балаларының үлгерімі жақсы болу үшін кітаптарды сатып алады.

Ұстаздар қауымы өз сөздерін "Алматы емес, жергілікті баспаханалар жасап жатқан шығар", деп қорытындылады.

Басқа мектептерде қызмет ететін тәлімгерлердің де таңданысы шексіз болды. Оларды таңқалдырған мәселе, дәптер бағасының қарапайым оқулықпен бірдей болуында.

Кітапханашы Людмила Понамаренко дәптердің бағасы 200 теңгеден аспайтын шығар деп ойлағандығын айтады. "Біз ата-аналарымыздан кімге қандай оқулық қажет деп сұрағанымызда, мен "Өзін-өзі тану" пәні бойынша оқулықтар 200 теңгеден аспайтын шығар деп айтқан едім. Енді кітаптардың дүкен сөрелеріне келіп түсуін күтетін боламыз. Олар саудалана бастағанда, бізге айтады. Сонда сатып аламыз."

Айта кетерлігі, дүкен сатушылары да саудада жүрген дәптер жайында ештеңе білмейтін болып шықты. Ал кітап үйінде маған бұл пәннен дәптерлердің әлі келмегендігін айтып, алғашқы түсімнің қазан айында ғана болатындығын жеткізді.

Бірақ оқу жылы басталып кеткендіктен ата-аналардың түпнұсқадағы кітаптардың шығуын күтетін уақыты тығыз. Қиын жағдайдан әрбір білім ордасы өздігінше амал қарастырып, шығуға тырысып бағуда. Кейбір ата-аналар қажетті оқулықтар мен жазба дәптерлерінің беттерін өздері көшірмеден өткізіп жатыр. Басқалары дәл сондай кітаптарды жергілікті баспаханаларға тапсырыс беріп бастыруда. Бірақ бұған да уақыты шектеулі ата-аналар амалсыздан оқулықтардың көшірмесін базардан сатып алуға мәжбүр.

- Менің ойымша, ата-аналар дәптерлерді базарлардан сатып алмауы керек. Кітаптардың өзіндік мемлекеттік стандарттары болады, дейді қалалық білім беру басқармасы жалпы және орта білім беру бөлімінің меңгерушісі Светлана Чжао. Мәселен, пішіні, жасалған қағазы, қанық түстері, стандартты бояулар осының бәрі химиялық тексеруден өтеді. Олар балалар үшін қауіпсіз болады. Егер де бұл түпнұсқаның екі есеге кішірейтілген көшірмесі болса, ол баланың көру мүшесіне де кері әсерін тигізуі мүмкін. Немесе кітапты бастырған кезде улы бояулар пайдаланылуы мүмкін.

«Біз бақылауда ұстаймыз»

Сатылып жатқан әдебиеттердің сапасын қадағалайтын және соған жауап беретін мекемені табу оңайға соққан жоқ. Облыстық және қалалық білім беру департаментіндегілер оқулықтардың сапасын біз қадағаламаймыз деп ат тонын ала қашты.

- Базарда ашық саудалай ма? Қызық екен, дейді құзырлы департаменттің қызметкерлері. Әрине саудалауға болмайды. Бірақ сауда нүктелерін қадағалау біздің міндетімізге кірмейді. Бұл іспен билік өкілдері немесе прокуратура айналысады. Бірақ айтқандарыңыз жақсы болды. Міндетті түрде басшылыққа хабарлаймын. Бұл мәселені бақылауда ұстап, сіздерді де хабардар етеміз деп ойлаймын.

- Прокуратура болса, бұл заңсыз кәсіпкерлік болғандықтан, онымен қаржы полициясы айналысуы керек дегенді айтады.

- Егер де саудагерлер базарда салық төлеп, өз жұмысын атқарса, ол заңды кәсіпкерлікпен айналысу болады,-дейді қаржы полициясының баспасөз хатшысы Оксана Драчева. Сапаны анықтайтын сертификаттар бұл мүлдем басқа әңгіме. Бірақ оны біз келіп түскен өтініштерден

ғана біле аламыз. Ол үшін тұрғындар өтініштерін жазу керек. Мәселен, тұрғындар мектеп құралдарын сатып алуға бөлінген ақшаның қайда кеткендігін білу туралы өтініш жазсын.

Бұл мәселенің анық-қанығын білу осымен ғана шектелді. Осындай ұзақ зерттеу мен әңгімеден кейін жергілікті шенеуніктер жүктің бәрін министрлікке артып отырған сияқты. Біз ұлттық ғылыми-тәжірибелік “Бөбек” сауықтыру орталығына хат жаздық. \ олар “Өзін-өзі тану” пәні бойынша оқулықты басып шығарумен айналысады.\ Біздің ойымызша, орталықта көлеңкелі бизнеспен айналысып жүрген саудагерлерге қызығушылық танытатын адамдар табылады.

Басылым: «Новый вестник» газеті, маусым 2010 жыл
Авторы: Елена Братухина

СҮТ ӨЗЕНДЕРІ

Сусыннан толыққанды өнімді қаптамасы ажыратады

Үкімет сүт өнімдерінің таңбалануына қатысты талаптарды күшейтті. Екі аптадан соң сүт деп тек таза табиғи өнімді ғана атауға болатын жаңа ереже шығады. Ал, ұнтақтан қайта даярланған өнім «сүт сусыны» деп аталатын болады.

3 тамыз күні дүкен сөрелерінде жаңа қаптамадағы йогурт, ірімшік, қаймақ және басқа да сүт өнімдері пайда болады. Тауардың беткі жағында оның қандай сүттен жасалғаны көрсетіледі, яғни толыққанды немесе қайта қалпына келтірілген. Ал, өнімнің атауы мен жаңа жазулар бірдей көлемде жазылатын болады.

- Қазіргі техрегламент бойынша құрғақ сүттен дайындалған өнім тек «қалпына келтірілген» деп қана көрсетілетін, қаріптің үлкендігіне және оның қай жерде орналасуына ешқандай талап болмаған, - деп Kazakhstan Today ақпарат сайты ауылшаруашылық министрлігінің қайта өндіру өнеркәсібі және агро азық-түлік нарығын дамыту департаменті директорының орынбасары Шәймерден Ахметовтің сөзін келтіреді. – Кейбір өндірушілер осыны пайдаланып, қажетті сөзді майда қаріппен, оған қоса оны «көрінбейтін» жерге жазады. Нәтижесінде толыққанды өнімді құрғақтан ажырату қиын болатын.

Сүт қосылған су

Тұтынушының дастарханында пайда болар алдында сүт ұзақ жолдан өтеді. Жаңа сауған сүтті заводқа алып келеді, салқындатады, өңдеп, дүкендерге жібереді. Осындай сүтті толыққанды деп атайды. Бұл туралы бізге өндіруші міндетті түрде хабарлайды, өйткені пайдалылығы бойынша ол жаңа сауған сүттен кейін екінші орында. «Ақ сусынды» дайындаудың екінші әдісі тіпті қиын. Сүтті ұзақ уақыт бойы буландырады, технологиясын сақтай отыра оны ұнтаққа айналдырады. Бұндай сүтті қанша уақыт болса да сақтауға болады, кез-келген қажетті уақытта оны алып, су араластырып, кәдімгі сүтте бар көрсеткіштерге дейін жеткізіп, дүкендерге жібере алады. Бұрын өндірушілер сүттің осындай жолмен жасалғанын жазбауға тырысатын, ал енді оларда басқа амал жоқ.

- Негізінен тағамдық құндылығында еш айырмашылық жоқ. Яғни, екеуі де организм бірдей қабылдайды. Ал, егер ақуыз, май және көмірсу көптігіне қарайтын болсақ, әлбетте табиғи сүттің пайдасы зор, - деп Қарағанды медициналық университетінің тамақтандыру кафедрасының доценті Светлана Ахметова түсіндіруде, - Дегенмен, сүтті көптеген витаминдердің көзі деп атау қиын. Оның пайдасы – кальций мен фосфорда.

Өндірушіге сүттен ұнтақ жасап, оған су араластырып, көз тартарлық қаптамаға құйып немесе одан ірімшік жасауға ешкім де тиым салмайды. Бірақ енді ол өнімінің құрамын толық көрсетуге міндетті, тіпті атын өзгертуі де мүмкін. Мысалға, қайта қалпына келтірілген сүттен дайындалған айран енді, «айран өнімі», йогурт – «йогурт өнімі», ал сүт болса – «сүт сусыны» деп аталатын болады. Осылайша тұтынушы нағыз табиғи өнім немесе одан әлдеқайда арзандау ұнтақтан жасалған сүт арасында таңдай алатын болады.

- Бұл тұтынушы үшін өте әділетті шешім болмақ. Өйткені өнімді сатып алған адам не үшін ақша төлегенін және сол өнімнен ертең қандай әсер алатынын білуі тиіс, - дейді Светлана Ахметова.

- Одан да өңделмеген кәдімгі табиғи сүт сатып алған оңайрақ емес пе?

- Бұл өте қиын мәселе. Сіз сүт сатып алған адамыңыздан ол мал қаншалықты таза, дені сау болғанын тексересіз бе? Оған қоса қайнату режимі деген бар. Біз сүтті қайнатқаннан оның бар құнарлығы жоғалады. Жеке өз басым көшеде сатылатын сүтті алуға қарсымын. Немесе, міне тағы бір мысал, сиырға егу жасалған соң оны 15 күн бойы саууға болмайды. Ал, сізге дәл сондай сиырдың сүтін сатып тұрмағанын қайдан білесіз. Оған қоса гигиеналық тұрғыдан алсақ та болады. Мұндай сүтті пластикалық шөлмектерде сатады, ал оның қай жерден алынғанын

сіз тағы білмейсіз. Мүмкін қоқыстың арасынан терілген де болар. Ал, өндірісте барлығы тексерістен өтеді. Сүт қайта өңделеді.

Бар шындық қаптамада ма?

Сүт зауыттары мұндай жаңалыққа қуанып отырмағаны түсінікті. Қаптамадағы «шындық» олардың қалталарына біраз кесірін тигізуі мүмкін. Сүт пен сүт сусының арасында таңдап тұрған тұтынушы, әрине табиғи өнімді алуды жөн деп санайды. Демек, оған деген сұраныс шарықтап өседі деген сөз. Ал, дәл сол сұранысты өндірушілер қамти алатындығы туралы айту әлі ерте. Сүт өнімдерін дайындайтын Қарағандының бір компаниясының технология тіпті жаңа ережелер енгізілгеннен кейін олардың тауары қымбаттауы әбден мүмкін екендігін де жасырмады. Жаңа қаптамаларға тапсырыс берудің өзі бір себеп.

- Қазіргі талаптар тіпті таң қалдырады. Қаптамаға ананы да, мынаны да жаз дейді. Оның көптігі соншама тіпті көп жағдайда сыймай да жатады, - деп сүт зауытының қызметкері өз ренішін білдірді. – Бүкіл жерде жазу болса, біздің жеке, брендтік дизайн қайда қалады? Сертификаттың бар екендігін, өнімнің құрамын, көмірсу, осының барлығын ірі қаріппен жазу керек. Осыны ойлап тапқандар бірінші бір қаптамаға сонша жазуды қалай сыйғызуға болатынын өздері көрсетсін.

- Өндірушілер құлыққа барып, сыртына «табиғи өнім» деп жазғанымен, ішіне қайта қалпына келтірілген сүтті құя ала ма?

- Әрине, ұнтақтан жасайды да, бірақ табиғи деп атай салады, сөйтіп сатады. Оны тек сараптама ғана анықтай алады. Оның өзінде қалай дейсіз ғой? Өндіруші зауыт тексерушілер келген күні табиғи өнімді пайдаланып, ертеңіне қайтадан ұнтақтан жасауы әбден мүмкін. Нақты тексеру үшін күнде зауытта болу керек. Бар үміт тек өндірушінің әдептілігінде.

Дегенмен шенеуніктер сол әдептілікке қарап отырайын деп тұрған жоқ. Жаға заң енгізілген соң арнайы құрылған комиссия шұғыл түрде дүкен сөрелерін тексеретін болады. Ескі қаптамадағы өнімді көрсе, бірден сатылымнан алып тастайды. Ал, өндірушілер, сонымен қатар таратушыларға айыппұл салынады.

Біздің газетіміз де осы жаңа заңның жүзеге асуын бақылап отырады. 3 тамыздан кейін біз де дүкен сөрелерін бір шолып шығамыз.

Басылым: «Новый вестник» газеті, қыркүйек 2010 жыл
Авторы: Елена Братухина

СҮТКЕ ЗАҢ ЖОҚ

Жаңа қораптағы тауар дүкен сөрелерінде жоқ

Дүкен сөрелеріне жаңа қораптағы сүт бір ай түсу керек еді. Бұл тауарды көру үшін біз тауар нүктелеріне арнайы брдық, алайда жаңа сүт қораптарын көзіміз шалмады.

Осы күні дүкенде неше түрлі сүт атасн таба аласыз. Әрқайсысының сыртында майлылығы, өндірушісі, пайдалы қоспалары көрсетілген. Шым-шытырық жазулардан басыңыз айналады, оның үстіне, жазылған көрсеткіштерді жақсы түсінетіндер сирек және оған көп адам назар аударып та жатпайды. Әріптері майда. Ең бастысы «сүт» деген ірі етіп жазылған ғой. Басқа не керек!? Алайда үкімет бұл мәселені шешпекке бел буыпты – халық не сатып алып жатқандарын білуі қажет емес пе. Енді өндірушілер өнімнің неден қайта жасалғаны (қоюландырылған сүт пе, әлде құрғақ сүт пе, т.б.) жайында хабарлауға міндетті. Әрі «құрғақ сүттен қайта жасалған» не «қоюландырылған сүттен қайта жасалған» деп жазулары керек. Жазу қораптың бетінде, бір көлемде болуы қажет.

Сауда қатары

Дүкенге біз сүтті қайта өңдеу ассоциациясының төрайымы Ирина Ушаковамен бірге бардық. Кір сала бізге қажетті үш бірдей бөлімге тап болдық. Алайда «осындай, осындай өнімнен жасалған» деген жазуы бар сүт таба алмадық. Шындықты жазудан қорқа ма? Әлде бәрі табиғи болып кеткен бе? Бір қораптағы алдық та, артқы бетінен «Пастерленген сүт. Құрғақ сүттен жасалған, ұзақ сақтауға арналған» деген жазу оқыдық. Ал сүттің құрғақ сүттен қайта жасалғаны жайлы бір де бір жазба көрмедік. Келесі қорапқа зер салдық: «Стерилденген сүт, сиыр сүтінен жасалған. Сақтау мерзімі ай». Тағы бірінде мына жазу бар екен: «Табиғи сүт, жаңа технологияларды қолдану арқылы жоғары сапалы сүттен өндірілген. Сиыр сүті, консервантсыз және жасандық қоспаларсыз. Сақтау мерзімі 1 жыл».

- Сүтті бір жыл сақтауға бола ма екен?, - деп ммен таң қалдым..

- Мен бұған қатысты ештеңе демей-ақ қояйын. Өндірушілердің ұяты білсін, - деді Ирина Владимирқызы. Бір сағат бұрын біз сүтті ары кетсе бір апта сақтауға болатындығы жайлы әңгіме айтқан едік. Алайда, кейбір өндірушілер «сүт ультрапастерленген», яғни жоғары темпе-

ратурада өңделген деп жазады, яғни бұл сақтау мерзімін ұзартуға көмектеседі.

Үшінші бөлімде біз «ішуге арналған сүт» дегенді таптық. Бұл оның атау екенін, я құрғақ сүттен жасалғандығын білдіретінін білмедік. Бірақ, сүттің полиэтилен пакетке құйылғандығы көңілге сенім ұялатты. Әдетте мұндай өнім ұзақ сақталмайды.

Айран, қаймақ, йогуртке қатысты жағдай да сүттікіндей. Құрамын майда әріптермен түгендей келе, өндірушілер өнімнің құрақ сүттен жасалғанын көрсетіп қояды. Алайда қораптың негізгі бетінде мұндай жазу жоқ.

- Қазір бәрі не жазғысы келсе, соны жазады. Себебі әрқайсысы регламентті өзінше түсінеді. Ал регламент секілді дүниелер нақты болуы керек, онда нені жазу керек, нені жазбау қажет, осы анық көрсетілсе жақсы. Біздің ассоциация сүт одағына қорапта не жазуылып тұру керектігі жайында ұсыныс жасаған болатын. Себебі, ыдысты қайта-қайта ауыстыра беру – шығын. Біздікі шаруа қожалығы. Он жыл бойы қорапты ауыстыра алмаймыз, себебі оған он миллион теңге керек. Біз негізгі өнімге несие аламыз, алайда ол қорапқа жетпей қалып жатады. Техрегламент бірінші кезекте ұзақ мерзім сақталатын сүт өндірушілер үшін енгізілген. Қалыпты сүт ұзақ уақыт сақталмайды, ал 20, 30, 40 күн сақталатындары – калориясы бар, еш пайдасы жоқ өнімдер. Йогурт пен айранға арналған ашытқыштарға да осы жағдай қатысты. Егер сақтау мерзімі жарты жыл болса, онда ол өнімде табиғи ашытқыш жоқ, керісінше консервант бар. Алайда, ең бастысы, біз Қазақстанды экспорт ағымынан қорғауымыз керек.

Кім жауап береді?

Техникалық регламенттің орындалуын стандарттау мен сертификаттау институтының мамандары бақылап отыруы қажет. Негізі, олар жаңа талапқа сай емес тауардың бәрін дүкен сөрелерінен алып тастаулары керек еді. Мұндай жағдайда сөрелер бірден босап қалар еді. Ал сүт өндірушілерге 40 мың теңгеге дейінгі көлемдегі айыппұл төлеуге тура келеді. Алайда, әзірге сарапшылар дүкендерде аралауды кейінге қалдырып отыр. Өндірушілер асықпауда өтініпті.

- Бізге сүт одағы мен өндірушілер хабарласып, қазір қорапты ауыстыра алмайтындықтарын жеткізді. Олар миллион этикеткаға тапсырыс береді, оның бәрінің ақшасы төленген, сондықтан артығын тастай алмайды. Күте тұруды өтініп отыр, - дейді «Қазақстандық стандарттау және сертификаттау институты» РММ-нің қарағандылық бөлімшесі бөлімінің басшысы Рабилла Жаңдилденова.

Басылым: «Новый вестник» газеті, мамыр 2010 жыл
Авторы: Елена Братухина

«БАЗАР» ҮШІН КІМ ЖАУАП БЕРЕДІ?

Майқұдықтық сатушылар шайқас жолына қайта түсті

Базар сатушыларының текетіресі жалғасуда. Бұл жолы «Горняк» сатушыларының қаһарына саяжайшылар мен оңтүстіктің тұрғындары ғана емес, билік өкілдері де ұшырады. Он беске жуық жанкешті сатушылар өз жұмыс орындарын тастап, шұғыл митинг ұйымдастырды.

«Әкімге масқара» «Базардағы тәртіпті талап етеміз» деген жазулары бар плакаттарды ұстаған олар сұмдық базарға қарама-қарсы жердегі тиісті емес жерде саудамен айналысуға тыйым салатын белгінің қасына барып тұрды. Жиналғандарды ең қатты ызаландыратыны заңсыз бәсекелестердің олардың барлық тұтынушыларын өздеріне тартып алатыны.

Бәрі әділетті болсын!

Белгіде: «Назар аударыңыздар! Тиісті емес жерде саудаға тыйым салынған! Осы ережені бұзғандарға жергілікті атқарушы органмен қарастырылған бес айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл қарастырылған», делінген. Ал, сол белгіден бір метрдей жерде әжей өзінің бес көк пиязын сатып тұр. Сатушы әжейдің қасына ешкім жақындамады, өйткені дәл соның қасында заңсыз сатушылардың әрекетіне ызаланған бір топ өз наздарын білдіріп тұрған-ды.

- Бәрін алып тастау керек, - деп айқайлап жатты сатушылар. – Біз әділеттілік болғанын қалаймыз. Қалада осындай заңсыз базарлардың барлығын әлдеқашан алып тастаған, дүңгіршектер қояды, дүкендер өз аулаларын ретке келтіреді. Ал, бізде ше?

- Бұл ластық, жағымсыз иіс, - деп сатушылардың сөзін көрші үйдің тұрғыны растады. – Тіпті саситындығы соншалық, біз кейде тереземізді аша алмаймыз. Бұл жерді ешкім тазаламайды да ғой. Ал, милиция бұған не істейді дейсіз? Барып, саяжайдан келгендерден жүз теңгеден жинап шығады, ал сатушылар болса әрі қарай саудасын жалғастырады.

- Олар салық төлемейді, мен неге ақшамды беруім керек? – деп сатушы Софья Четверкина шыдамай кетті. – Олар өздерінің тауарларын сатады да, кетеді. Ал, соның кесірін біз көреміз. Міне, қараңызшы, мына тұрғандар саяжайдан келгендер дейсіз бе. Шалғам, алма, апельсиндер.

Бұның барлығы оңтүстіктен келеді. Бұлар да мына жерде емес, базарда тұруға тиіс.

«Горняк» базары мен оның сыртында саудамен айналысатындардың дауын шешуге ешкім батпайды. Сондықтан сатушылар өздерінің кішігірім бизнестерін өздері қорғауға мәжбүр.

- Бізге адамдар келмейді. Біз күні бойы тұрып ешнәрсе де сата алмай кетеміз. Ал, мыналар, –деп, жерде көкөніс, сүт сатып тұрғандарды нұсқап, - жарты күн тұрады да, кете береді.

Ақшаны кассаға

Заңсыз саудамен айналысатын саяжайшылар мен оңтүстіктің адамдары болса, үндемегенді жөн көріп тұр. Өздеріне айтылып жатқан ауыр сөздерге кейбірлері ғана шыдамай, жауап қайтаруда.

- Жоқ, тұра тұрыңыз. Мен саяжайшылардың атынан сөйлеп тұрмын. – деп сатушының ұрысын тоқтатты. – Сіздер бізге сатушы сөрелерін дайындады дейсіз. Біз ол жерге қалай барамыз. Ол алыс жерде орналасқан, бізге тіпті тұтынушылар келмей қояды ғой. Ал, былай қарағанда бізде бар болғаны бірнеше байлам пиязымыз ғана бар, басқа сататын түгіміз де жоқ.

Базарға барып саудамен айналысуға құлықтары жоқ екендіктерін заңсыз сатушылардың барлығы осылайша түсіндіреді. Ол жер лас және ешқандай пайда болмайды дейді.

- Күніне жеті жүз теңгені не үшін төлеуіміз керек? – деп сүт сатып тұрған әйел өз таңданысын жасырмады. – Біз соншама ақша таппаймыз. Олар қайта базардың ішінде тұрып, барлығына жұмыс істейді, безбеннен жейді, сөйтіп табады. Ал, бізде барлығы ойдағыдай.

Сүт сатушылардың сөзіне сенсек, сауда орны үшін төлейтін ақшалары ойдағыдай. Саяжайшылар мен сатушылар күнделікті ақшаны белгісіз бір әйелдерге төлейді-мыс. Оған қоса олар нақты бөлінеді, біреуі саяжайшылардан, екіншісі ір саудамен айналысатындардан ақша жинайды. Алғашқыларынан бес жүз, ал кәсіпкерлерден екі жүз теңгеден жинайды екен.

- Біз Ларисаға төлейміз. Ол әрқашан келеді, мен қолына ақшасын ұстатамын, - дейді саяжайшы әйел. – Мен ол қай мекемеден келетінін білмейм. Ол келеді, біз ақшасын береміз, болды.

- Ол сіздерден не үшін ақша жинайды?

- Тіпті білмеймін, жерді жалға бергені үшін шығар, - деп күмәндана бастады.

- Ал, түбіртек береді ме?
- Жоқ.

Біздің базарға келген уақытым сол ешкім ешнәрсе білмейтін әйелдердің ақша жинайтын уақытымен сәйкес келді. Алғаш боп базарды Лариса бір айналып шығады.

- Мен бұлардан ақшаны қоқыс үшін жинаймын, оны сыпырушының жұмысына төлеймін, - деді тезірек жауап беріп, журналистер мен оны қоршап алған сатушылардан құтылуға асыққан Лариса Инякина. – Олар бұл жерді қалай ластайтынын білсеңіз ғой, кейін тұрғындар біз айқай естиміз. Осылайша біз осы жерді тазалағанымыз үшін ақша жинаймыз, елу «тиыннан».
- Саяжайшылар сізге орынды жалға бергеніңіз үшін ақша төлейміз деді.
- Жоқ, орын үшін емес, - деп Лариса бізді сендіруге тырысты. – Бұл мына сатушылар ластамау үшін. Біз осы жерді тазалаймыз, сыпырушымыз да бар.
- Мекемеңіз қалай аталады?

Бұл сұраққа Лариса бірден жауап бере алмады. Басында біраз үндемей тұрды, кейін осы жерді өзі сыпыратындығына сендіргісі келді.

- Лариса, сен ақшаның барлығын жинап, милицияға бересің ғой, - деп сатушылар шыдамай кетті.

Лариса бұған ешқандай жауап қайтармады және осымен әңгіменің тәмам екенін білдірді.

Ларисадан кейін бірден базарға оның әріптесі келді. Сатушылар ешнәрсе де білмейтін Гүлмира Әлімханова. Ол талондар берумен айналысатын басқарманың қызметкері болып шықты. Ақша жинаушы әйел өзін таныстырып, қызметтік куәлігін де көрсетті.

- Мен өз жұмысымды атқарамын, әр адамнан екі жүз теңгеден жинап, қолдарына талондарын ұстатамын. Менде бәрі заңды тұрғыда.
- Неге сіз саудаға тыйым салынатындығы туралы ескертетін белгінің қасындағы адамдардан ақша жинайсыз? Негізінде сіз оларды қуып шығуға тиіссіз.
- Өй, мен оны тіпті байқамаппын, - деп таң қалып, ақша жинауды тоқтатпады. Екі жүз теңгеліктердің орнына талон беріп. – Біз бәрібір бұлардан ақша жинаймыз. Өйткені, сауда жүріп жатыр, ал олар орындары үшін ақша төлеуі керек. Мен бәріне талон таратамын, ал ақшаны инкассаторларға тапсырамын.

*«FLASH!» Шығыс Қазақстан облыстық газеті, қазан 2010 жыл.
Авторы: Алексей Божков*

БУЛГАКОВТЫҢ ІЗІМЕН НЕМЕСЕ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ІД-НІҢ НОУ-ХАУЫ

Шығыс Қазақстан облыстық ішкі істер Департаментінің тергеу Басқармасы мойнына атақты жазушы Михаил Булгаковтың жауапты міндетін алып отыр. Басқарма қызметкері Воландтың рөлін ойнамақ. Ал Берлиоздың рөлі комсомол-қыздың рөліне иелік еткен түзету мекемелерінің бірінің қызметкері қағып кеткен азамат Г.-ға бұйырды. Ал оқырманның рөліндегі прокуратура мұның бәрімен келісті.

– Аннатай май төгіп қойды., - дейді тергеуші Воланд, - міне, осы себепті жүргізуші-комсомол О. автокөлікті тоқтататын мүмкіндіктен айырылды. Ал жәбір көрген Берлиоз шағым айтатын жеріне барып шағымын айта берсін. Ол бәрібір түкті де дәлелдей алмайды!

Егер бізде мүмкіндік болғанда, театр сахнасында шамамен осындай монолог қоя алар едік. Ал шын мәнінде қарастырылып отырған істің шешімін табу тіптен оңай, алайда полиция қызметкерлерінің оны күрделендіріп жібергендері соншалық, өздері де шатаса бастады, әр сұраныс келген сайын олар тағы қандай даналыққа толы жауап қайтарсақ деп бастарын қатыратын болды...

Оқиға қайда орын алған еді?

Азамат Г. гараждан шығып үйіне қайтып келе жатқан еді. Күздің бір қараңғы, бір жарық кеші, аспан ашық, жауын-шашын жоқ. Өзінің айтуынша, Бажов көшесіне жеткенде ол бақылау жүргізілмейтін өткел арқылы жолды кесіп өтепекші болған. Жол белгісінің үзік сызығына сәл қалғанда азамат Г.-ны ВАЗ-2110 автокөлігі қағып кетеді. Жәбір көруші ауыр дене жарақаттарын алады.

Ең бірінші болып жол-көлік оқиғасының орнына «жедел жәрдем» бригадасы жетеді. Олар өздерінің шақыру картасына оқиға орын алған жерді автокөлік «әуежай бағытындағы Бажов көшесінің бойындағы «талап бойынша» аялдамасында» тұр деп көрсеткен. Ал бұл болса жол-көлік оқиғасының сызбасына мүлде сәйкеспейді: сызба бойынша полиция келген кезде көлік автобус аялдамасынан 100 метр қашықтықта жүргіншілер жолының дәл ортасында тұрған еді. Яғни, не апат себепкері оқиға болған жерден көлігін жылжытып, басқа жерге қойған, не «жедел жәрдем» қызметкерлері бір жерден шатасқан!

Жәбір көруші бұл уақытта өзін қаққан автокөліктің алдыңғы орындығында отырады, оны ол жерден ешкім шығара алмай қойғанды. Жәбір көрушіден алкогольдің иісі шығып тұрды, медқызметкер «ішімдік ішкен» деген күні бұрын қойылған диагнозға жүгінеді. Спирт иісін сезген куәгерлер де жәбір көрушінің масаңдау күйде болғандығын айтып отыр. Ал оған әлдебір дүниені жағып, осындай күдікті қасақана тудыруға болатыны ешкімнің де ойына келмеген.

Көп ұзамай полиция қызметкерлері келіп, медиктердің көмегімен жәбір көрушіні өздерінің көліктеріне отырғызады. Жәбір көруші бұдан кейін ауруханаға жеткізіліп, алкогольға міндетті анализді тапсырады. Анализ оның қанында алкогольдің жоқ екенін көрсетеді. Яғни жәбір көруші спиртті ішімдік ішпеген.

Пьеса мәні ашыла түсуде...

Полиция қызметкерлері ЖКО-ның сызбасын түсіреді, сызбаға сәйкес ВАЗ-2110 автокөлігі соқтығыс болған жерден автокөліктің толық тоқтауына дейін 30,4 метр жерді жүріп өткен және 50 ш/с жылдамдықпен келіп тежегіш ізісіз тоқтаған! Бұл не автокөлік мүлде тоқтамаған деген сөз, алайда оның жылдамдығы мұндай жағдайда 14 м/с болу мүмкін емес еді. Не болмаса тоқтау жолы ұзын болған және автокөлік шұғыл тежелмей, жылдамдығын бірте-бірте азайтып барып тоқтаған. Ал бұлай болса жүргізуші неге қақтығыстан қашпаған?

Шақыру картасымен сәйкеспейтін ЖКО орнын куәгерлер куәләндріп отыр. ВАЗ-2110 автокөлігінің жылдамдығын осы көліктің бағытында, рұқсат етілген 60 ш/с-да 50 ш/с-на жылдамдықпен жолаушы апара жатқан таксист дәлелдеп отыр. Айтпақшы, бұл таксисит кездейсоқ түре жүргізуші О.-мен фамилиялас болып шықты!

Сонымен Өскемен полициясының Үлбі Бөлімінің тергеушісі сараптаманы бастайды. Кіріспе мәліметтерде ол асфальтты су (!) болған деп, автокөліктің жылдамдығы 50 ш/с, ал жаяу жүргіншінің жылдамдығы 5,1 м/с, яғни жылдам жүру болған деп көрсеткен.

Сарапшы осы көрсеткіштерді ескере отырып, автокөліктің оқиға орнынан 30,4 метр жерге барып тоқтағандығы, ал шұғыл тежеуді ескергендегі тоқтау жолының ұзындығы 34,6 метр болғандығы жайлы шешім қабылдайды. Яғни жүргізуші шұғыл тоқтау арқылы қақтығыстың алдын ала алмас еді.

Жүргізушіге қатысты қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы қаулы шығады. Қаулыда, сонымен қатар, жәбір көрушінің алкогольді ішімдік ішкен күйде болғандығы және жолға көліктің тура алдынан, өтуге бол-

майтын жерден шыға келгендігі көрсетіледі. Жәбір көруші бұл қаулыны жоюды талап ету туралы шағымымен прокуратураға жүгінгенде, олар да дәл жоғарыдағыдай қаулы қабылдайды.

Бұл дәлел емес қой!

Қарама-қайшылықтар көрер көзге ұрып тұр емес пе! Жәбір көруші де, бірқатар куәгерлер де сол күні «ауа райының ашық, жауын-шашынсыз» болғандығын айтып отырған кезде, «су асфальт» деген қайдан шыққан? Ал жәбір көрушінің қанында алкоголь жоқ деген анықтама бола тұра, алкогольді ішімдік ішкен деген шешім қайдан алынды?

Зардап шеккен Г. Шығыс Қазақстандық гидрометеорология орталығына аттанады. Орталықтан ол ЖКО орын алған күні ауа температурасының тұрақты түрде 6,5 градусты көрсеткендігі (шамамен температураның оннан бір бөлігіндей я жоғары, я төмен болуы мүмкін) және атмосфералық құбылыстардың болмағандығы жайында анықтама алады. Бұл құжатты ол біздің редакцияға алып келеді, кейін анықтама қағазы істің аққарасын анықтау үшін Шығыс Қазақстан облыстық ІД мен Шығыс Қазақстан облысының прокуратурасына жіберіледі.

Прокуратура тергеушіге қатысты тәртіптік өндіріс қозғалғанын және іс бұрынғыдан да тәжірибелі тергеушіге берілгендігі жайлы мәлімдеді. Департамент біздің дәлелдемелерге байланысты қосымша шаралардың жүргізіліп жатқанын хабарлады.

Бұл кезде біз жәбір көрушіге анализ жасалған «№1 қалалық емхана» ҚМКМ-не хабарласып, анализдің қаншалықты шындыққа сай екенін сұрадық. Нәтижесінде «анализ қорытындысы нақты әрі сенімді. Алкогольді құрамның биологиялық объектілерде бар-жоқтығын анықтайтын зерттеуді өткізу үшін ҚР аумағында рұқсат етілген әдістер қолданылады. Жұмысқа жіберілген лаборотория қызметкері сәйкес білім мен біліктілікке ие (токсикология бойынша мамандандырылу куәлігі)» деген жауап алдық. Аурухананың жауабына сәйкес, мұндай қолданылатын зерттеу әдістерінің саны төртеу екен.

Ал біздің бір ай бұрын алдарын орап кеткенімізді білмейтін Шығыс Қазақстан облыстық ІД жаяу жүргіншіні көлік тежегішсіз қағып кетті, тежегіш ізі осы себепті болмай тұр деген «керемет» хат ұсынады. Ал жаңбыр болса Бажов көшесіне жауған да, метеостансаға жаумаған (осыған байланысты ол метеорологтардың назарынан тыс қалды). Жәбір көруші ішімдік ішкен, ол туралы ауруларды қабылдау журналында көрсетіліпті (айтпақшы, бұл журнал «жедел жәрдемнің» шақырту картасы бойынша толтырылады, «жедел жәрдемнің» қызметкері, Денсаулық сақтау министрлігінің Жарлығына сәйкес, ақтық шешім

қабылдай алмайды, яғни бұл журналдағы жазбаның дәлел емес екендігін білдіреді). Ал сот-медициналық сараптама Орталығының қызметкерінің түсіндірмесіне құлақ ассақ, жәбір көрушінің қанында алкогольдің болған-болмағандығы жөніндегі анықтаманың жоқтығы «қандағы алкогольдің бар-жоғын анықтайтын әдістемені қолданудың дәл болмауына байланысты» екен. Яғни, 1 сағаттың ішінде алкоголь түрлі ферменттерге бөлініп, оның қандағы концентрациясы төмендейді-мыс, осыған байланысты жәбір көрушінің спиртті ішімдік ішкен-ішпегенін анықтау мүмкін емес. Сонымен қатар, «қанды зертханаға әкеле жатқанда, қателікпен қан сақталатын түтікшелер де ауысып кетуі мүмкін екен». Міне, осыған байланысты қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы қаулы еш күмәнсіз дұрыс негізделген-мыс.

Шығыс Қазақстан облыстық ІД-нің қызметкері ең үлкен ауру-ха медқызметкерінің мәліметтерін мойындамай, Денсаулық сақтау министрлігінің мүлде бөлек құрылымының қызметкерлерінің көрсеткендеріне сеніп отыр. Онысымен қоймай, жүрдім-бардым қарады деген сыңайда сол ауруханан қызметкерін кінәлауда!

Бұдан бөлек құқыққорғау органдарының қызметкері заңгер ретінде тергеу органдарына «мүмкін», «сірә, осылай-ау» деген анықтауларды қолдануға құқығы жоқ екенін білмеуі мүмкін емес еді.

Мамандардың анықтама қағазы

Редакцияда да, біз қосымша түсініктеме сұрап барған «№1 қалалық емхана» ҚМКМ бас дәрігерінің кабинетінде де аталған хат кекесін мен сарказм туғызды.

Сол күні-ақ аурулар тарихы көтеріліп, бас дәрігердің медициналық қызметтер сапасын бақылау бойынша орынбасары Сергей Попов келесіні хабарлады:

– Іс бойынша түсініктеме берген сот-медициналық қызметкер бізде жұмыс істемейді. Ол қан алу процедурасын, анализ сапасын, жеткізу жылдамдығын білмейді. Алкогольге қатысты қан бөлек алынады, бөлек ыдыста сақталады және ол жабылып, мөрмен бекітіледі. Сондықтан, оның ауысып кетуі мүмкін емес. Ал жәбір көрушіні жеткізу кезінде алкогольге тек бір ғана анализ жасалынады. Сондықтан оны ауыстырып не шатастырып алатындай жол жоқ.

Зертхана жетекшісі, сондай-ақ, қан үлгісінің бір ай сақталатыны және 30 күн ішінде алкогольге қатысты кез-келген зерттеу жүргізуге болатынын жеткізді.

Ал жаңбыр ше? Шығыс Қазақстандық гидрометеорология орталығынан қосымша сұрақ жауап келді, онда метростансаның Бүкіләлемдік метеорологиялық ұйымның ұсынысы бойынша 50 шақырымға 1 жиілікпен орналасқаны және осы себепті «Өскеменнің аталған стансаларының мәліметтері бүкіл қала аумағына және жақын жатқан жерлерге қатысты» екені айтылған. Яғни жаңбыр жаумаған болып тұр.

ЖКО бойынша сарапшы Сергей Тиль біздің өтінішіміз бойынша алынған мәліметтерге сүйене отырып, жүргізушінің құрғақ асфальтта соқтығыстың алдын алуға мүмкіндігі болған-болмағаны бойынша есептеулер жүргізді. Оның жауабы бір ғана шешімге келіп отыр: жүргізуші қақтығыстың алдын ала алар еді.

– Егер асфальт құрғақ болса, ең жоғарғы 50 ш/с жылдамдықта тоқтау жолы 29,6 метр болады. Егер жүргізуші дер кезінде шара қолданғанда, ол жаяу жүргіншінің жолына дейін 1 метр қалғанда тоқтай алар еді. Тіпті жаяу жүргіншінің көрсетіліп отырған 5,1 ш/с жылдамдығының өзінде ара қашықтық 30,4 метр, ал тоқтау жолы 29,6 болады. Ал жәбір көруші айтып отырған қалыпты қадам – 3,9 ш/с бойынша есептесек, онда ара қашықтық 30 емес, 40 метрді құрайтын еді. Мұның бәрі жүргізуші тежегішке мүлде баспаған дегенді көрсетеді. Алайда бұл оның көлігі бқзылмаған, ақаусыз деген шарт бойынша алынып отыр. Ал егер оның көлігі бұзылған болса, онда ол тіпті де жолда жүру ережесінн бұзып отыр ғой! – дейді Сергей Францұлы.

Прокуратура қорытындысы

Біз осы дәлелдердің бәрін жинап түйін шешіледі-ау деген үмітпен Шығыс Қазақстан облыстық прокуратурасына жібердік. Нәтижесінде, түйіннің шешімі біз ойлағандай болмады. Бізге келесідей жауап келді: «Қылмыстық құрамның болмауына байланысты қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы қаулы қайта шығарылды. Шығарылған шешіммен Өскемен прокуратурасы келісіп отыр, оны жоққа шығаруға не прокурор тарапынан қандай да бір шара қолдануға еш негіз жоқ». Шымылдық...

«Добрый вечер» газеті, қараша 2010 жыл
Авторы: Елена Бережная

«СЕРАГЕМ» – ДЕНСАУЛЫҚҚА ШИПА-ЕМ!

Әдеттегі массаж төсегінің көмегімен қатерлі ісік, қояншық, туберулез ауруларын емдеуге болатынына сенбейсіз бе? Онда Сіз «Серагем» демонстрация залында болмаған екенсіз. Ол жерде сізді массаж төсегінің ғажайыптарына куә болған жақтаушылар адамзаттың барлық ауруларынан айығатыныңызға сендіріп үлгерген де болар еді.

67 жаста қайдағы жүктілік? Ғажайып төсектің күшімен!

Бұл мақаланы жазуға көптен бері бірнеше адам өтініш білдірген еді. Олар біздің редакциямызға әр уақытты келіп, телефон шалып хабарласса да, олардың басын бір-ақ нәрсе біріктірді. Олар «Серагем» массаж төсегінің «емін» қабылдап, есеңгіреген жағдайда жағымсыз әсерлерімен бөлісті: «Егер қорықпасаңыз, бұл алаяқтық жайлы жазыңызшы! Өтірікші-мамандардың жаман пиғылдарынан қаншама сенгіш адамдар зардап шегуі мүмкін!»

- Жақында менің анам өзінің ескі танысын кездестіріп, өз «аурулары» жайлы сөз қозғап, анама «ғажайып-төсек» жайлы айтып берген екен, - деп Петропавл тұрғыны Лариса Брылева өз әңгімесімен бөліседі (келушілердің өтініштері бойынша есімдері өзгертілді). - «Серагемде ақысыз массаж жасап, барлық аурудан айығуға көмек береді, барайық» депті. Анам келісіп, кеңесшілердің көмегімен «бұл компанияның өкілдері диагностикаға, емдеу үрдісі, төсекті қолдануда пайда болған қиындықтарға жауап бермейді» деген қағаздарды бірден толтырып, ғажайып төсектегі 40 минуттық емді қабылдапты. Анамның айтуы бойынша, жағдайы бірден жақсарған екен. Тағы түсінгенім бойынша, уқалағанға дейін олар барлығы бірге қол шапалақтап, ән шырқап, «жалбарынулар» айтыпты. Сол күні анаммен телефон арқылы сөйлесіп, тек «Серагем» жайлы айтып, мақтағанын байқадым. Анам осыдан кейін барлық достарына хабарласып, оларды дамассажға шақырып үлгеріпті. Көпшілігі баруға келісім беріпті. Енді ол бұл уқалағыш – төсекті сатып алсам дегенді айтып жүр. Бедеуліктен арылуға бұл төсектің пайдасы көп деп, мені де бұл емді қабылдауға үгіттеп жүр. «Тіпті, менің құрдасым (67жастағы кемпір) 200 емнен кейін жүкті болыпты, «Серагемде» айтты. Барып көр, сенің де бағың жанып қалар» дейді. Елестетіп көріңізші, не деген сандырақ! Бірінші емнен бастап сендірген, енді оған қарсы ештеңе естігісі келмейді. Желіден «Серагем» жайлы ақпараттарды оқып, үлкен проблемалы мәселе екенін аңғардым.

- Осы жазда 6 рет «Серагемдегі» массажға бардым. Кейін бір ай бойы невропатолог маманнан ем алуыма тура келді. Нервқа зақым келгеннен, жүріп, отыра алмай қалдым. Ақысыз массаждың қымбатқа түскені соншалық, барлық зейнетақымды дәрі-дәрмекке жұмсадым. Ең өкініштісі, басында қағаз толтырып, жазғандарым үшін бұл ұйымға еш шағым түсіруге шамам келмеді.

- Мен бұл төсекке денсаулығым жақсы болғандықтан емес, ОРЗ, омыртқа қысылуы мен күш-қуатымның кетіп бара жатқандығынан бардым, - деп әңгімелейді Айжан Тілегенова.- «Серагемнің» кеңес берушілері мен тұрақты емделушілері ғажап әсер ететін төсекті мақтағандары соншалық, сатып алсам ба деп те ойладым. Денсаулығым келсем, басында жеңілдік сезінгеніммен, «басты нәтиже» алда болатынын кім сезген. Ем қабылдағаным екінің бірін ай болғанда тіземде өзгерістердің пайда болғанын байқай бастадым(осыған дейін буындарымда еш ауыру сезілмеген еді). «Серагемде» ауру байқалса бұл жазылып келе жатқанның белгісі деп үнемі айтып жүргендіктен, мән бермедім. Қысқасы бұл жағдай буын ауруына әкеліп соқты. Бұл уқалаушы төсек жасырын ауруларды «сыртқа» шығарады екен. «Серагемде» ем қабылдау кезінде айтылатын біраз мәселелерді жасырып қалып жатты, мүмкін мұндағы кеңес берушілер де білмеген болар. Себебі онда әр мамандық иелері, есепші, саудагерлер жұмыс жасайды.

- Мен «Серагемге» бар- жоғы бес рет бардым. Бірақ осының өзіп жетіп жатты,- дейді Раиса Андреевна. – Біріншіден, ондағы үлкен кезек күту мені шаршатты: төсекке жату үшін алдымен жарты сағат күтесін, кейін тағы біржарым сағат отырасың. Осы уақыт аралығында кеңес берушілер мен емделушілер бұл төсектің қандай ғажайыптарды жасайтынын айтып, сені соған сендіреді. Кейбіреулер тіпті «Серагемге» арнап өлеңдер оқып, әндер де шырқайды. Осы жағдайдың бәрі маған сектаны есіме түсірді. Екіншіден, мені тағы бір жағдай үркітті, неге екені белгісіз, ем қабылдаудың алдында тіпті қан қысымын тексерудің болмағандығы. Мұнда дәрігер атымен жоқ. «Жатыр миомасы» деген диагноз қойылған, менің массаж алуыма бала ма дегенімде әрине, болады деп, түсініксіз терминдерді қолданды. Мысалы, бір қыз «жатырдан лимфа шығып, жазылып кетесіз» дегенді де айтты. Сол сияқты, барлық адамның омырқасы бірдей ұзындықта болғандықтан, төсекті әр адамға бірдей күйде қоятындықтарын да жеткізді. Олардың медицинадан еш хабарлары жоқ екендігі бірден байқалады. Олар тек төсекті кез келген амалмен сатуға тырысқан саудагерлер. Құдай бетін ары қылсын, егер бір адам өмірбойы осы төсекке таңылып қалатын болса олар оған жауап бере ме деген сұрақ тағы мазалайды. Қайдам! Менің «Серагемдегі» жүрісімнің соңы сонда жұқтырған тұмаумен аяқталды. Әркімнің өз вирусы бар. Үйме-жүйме адам орналасқан залды дұрыстап желдетіп жатпағанның да әсері болады екен.

«ДВ» өз зерттеуі

Маған айтылған мәліметтерге сенімді болу үшін ұнтаспам мен фототаспамды алып, «Серагем» демонстрация залына аттандым. Менің алғаш келгенімді байқап, жаныма бір қыз жақындап: «Сіз мұнда бірінші рет сіз бе?».

Мен: «Иә, төсекті көрейін деп едім. Ал менің медициналық құжаттарым қажет пе? Медициналық карта...»

Кеңесші: «Жоқ, ештеңе қажеті жоқ. Бұл поликлиника емес қой!»

Мен: «Мен сүйікті әпкеме массажер сатып алайын деп едім. Қатерлі ісікпен аурушы еді...»

Кеңесші: (түріне қан жүгіріп): «Қатерлі ісік, әрине, үй жағдайында емдеген дұрыс. Зарарсыз қатерлі ісік «Серагеммен» оңай жазылады!»

Мен: «Зарарсыз?»

Кеңесші: «Әрине, бірінші, екінші, үшінші дәрежедегі...»

Мен: «Мүмкін әпкем алдымен сіздердің орталықтарыңызда емделіп көрер? Мүмкін оған жақпай қалса ше...»

Кеңесші: «Жоқ, үй жағдайында емделгені дұрыс. Неге жақпайды? Жағады, әрине!»

Мен: «Ал төсек қанша тұрады?»

Кеңесші: «2,5 мың доллар»

Жарқынжүзді әрі медицина саласында «өте сауатты» қызбен сөйлескен соң, үлкен кезекті күтіп отырған адамдардың қатарына қосылдым. Адам санында шек жоқ. «Серагем» жайлы газет-теледидарда, көшелерде жарнама болмаса да, зейнеткерлердің барлығы ол жайлы біледі. «Ұзынқұлақтан» асқан сәтті жарнама әлі күнге ойлап табылмаған шығар.

Басқа кеңесші қыз жиналғандарға «Серагем» төсегі жайлы: «Іс жүзінде бұл төсек барлық аурулармен күреседі, тіпті онкологиялық та...» Бұл сөздердің барлығы әуенді фильм және «Серагем, серагем, серагем...» деген жалбарыну өлеңмен қошаметтеліп жатты. Қабырғаға мән берсем, омыртқаның құрылысы мен аурулардың тізбесі жазылыпты. Эпилепсия, өкпенің қабынуы, жүйке тамырларының зақымдануы... Жанымда өтіп бара жатқан кеңесшіден нақтылай түспек ниетпен: «Осылардың барлығын «Серагем» емдей ме?» Нақты жауап: «Әрине!»

Міне, осылай! Барлық аурудың емі табылған сияқты - «Серагем». Бірақ менің бір нәрсені білетінім анық – мысалы, жүйке тамырларының ауруы мен қояншық ауруларында массаж жасау зиянды болып келеді.

Енді кеңесші қызбен «Серагем» төсегінде жүзден кем емделмеген адамдар диалогқа түсіп жатты. Біреулерді тер басса, біреулер аяқтарындағы саусақтарды қозғалтып әлек.

- Мен 220 ем қабылдадым. Гемоглабинім аз еді, енді жақсы. Ағзадағы қанттың мөлшері де жоғары еді... Енді, бәрі жақсы! Арықтапсың? Жооқ, бұдан емес! Отбасым ыдырады, менде енді жаңа отбасы бар – Серагем! Аллаға шүкір, мені Серагеммен кездестірген! (ду қол шапалақ).

Мен өзімді шынында ақылымнан адасып бара жатқандай сезіндім. «Ақылымнан адасқандай» көрінуіме «сергемистің» айтқан әні мен ғажайып төсек жайлы өлең шумақтары «Менің соңғы үмітім қарапайым, бар денемді жылытқан «Серагем» әсер етті.

Осыдан кейін «аналар мен әкелер» («серагемистер бір – бірін осылай деп атайды») жаттығуға тұрып, біртүрлі әуеннің көмегімен секіріп, «ғажайып төсектің» табынушылары бір бірінің дене бөліктерін шапалақтап: «Серагем, серагем – бәріне денсаулық» деген ұранмен хор айтып, емге аттанып жатты.

Шыға берісте мені тағы кеңесші қыз «ұстап алды». «Төсекті қандай жағдайда пайдалануға болмайды?» деген сұрағыма оның берген жауабы: «Шынымды айтсам, жүрек операциясынан алты айға, омыртқа операциясынан бір жылға дейін және жүктілікте», Мен: «Қатерлі ісікте ше?». Кеңесші: «Төсек аурудың бастапқы дәрежесінде қатерлі ісіктің жасушаларын өлтіретін қасиетке ие!»

Шынымды айтсам, осындай үлкен мәлімдемелерден кейін залдан есеңгіреп шықтым. Себебі, ауру адамдар осындай бос уәделерге сеніп, уақыттарын жіберіп, өз жағдайларын нашарлатады ғой!

Заңды ма?

Менің зерттеуім демонстрация залынан тысқары да жалғасын тапты. Солтүстік Қазақстан облыстық денсаулық сақтау басқармасына хабарласып, «Серагемнің» қызметіне лицензияның берілмегендігін анықтадым. Демонстрация залының қабырғасында фармацевтикалық қызметті Қазақстан шекарасында қолдануға болатын қандай да лицензиялардың көшірмесі ілінген. Ал бірақ бұның қаншалықты заңды екендігі – үлкен сұрақ!

- Ұйым демонстрациялық ем мен терапиялық массажер- төсекте медициналық массажды жасау үшін бізден медициналық қызметке лицензия алу керек, - деп санайды лицензиялау бөлімінің бас маманы Палеева Любовь Петровна.- Себебі аталған емнің жағымсыз жақтары

да болып, ойламаған нәтижелерге әкеліп соғуы мүмкін. Емделуші ем кезінде медициналық қадағалауда болуы керек.

Міне осы шарттардың барлығы демонстрация залында сақталмайды және еш қызметкер емделушілердің денсаулықтарына жауап бермейді. Жалпы «Серагемде» медициналық және тіркеу құжаттары жүргізілмейді. Келушілерден массаж қабылдауға болады деген де медициналық құжат талап етілмейді.

Компания қызметкерлеріне де қатысты, олардың да медициналық білімі немесе медициналық қызметті көрсетуге арнайы дайындықтан өткендіктері туралы құжаттары көрсетілмейді. Осындай жолмен «корей ғалымдарының жаңа зерттемелері» демонстрация залында қадағалаусыз іске асып жатыр. Біз не айтып кеттік өзі! Сауда орнының медициналық түсінікке қандай қатысы бар?

Сонымен бірге массаж кезінде компанияның кеңесшілері өз «емделушілеріне» құжат ұсынып, онда өздерін медицина саласының қызметкерлері еместіктерін және олардың жай-күйлеріне жауап бермейтіндіктерін айтып, ерікті түрде толтыртқан жоқ па. Қызметкерлердің бұндай іске баруының өзі адам денсаулығына зиян келетіндігін көрсетіп тұрғандай.

Тағы айта кететіні, мыңдаған адам жиналатын залда ауа тар. Суды ішу тәртібі мен залды залалсыздандыру да көңілге үрей тудырады. Төсектің өзі адамдар пайдаланғаннан кейін де залалсыздандырылмайды (жөтеліп жүрген ер адамнан соң жас әйелдің төсекке орналасып жатқанын көрдім).

Ғажайып төсекті сатып алыңыз! Қымбат!

«Серагемнің» экономикасын түсінуге желілік маркетингте он жылдан астам қызмет атқарып келген Владимир Кормщиков көмегін берді.

- Аталған компания 2,5 мың долларға Кореяның өнімі «Серагем» ғажайып төсегін сатумен айналысады. (Кореяда бұл төсекті 300-500 долларға сатып алуға болатындығы нақты екен),- дейді Владимир .- Төсек нефритті минералдар мен ғажайып көрпеден тұрады. Бұлардың барлығының пайдасы зор дегенімен, зияны жақтары басым. Бұл қалай жұмыс істейді? Әркімнің үйінде отыратын әжесі бар, дәрігерге бару олар үшін әдетке айналған. Осы жерде әженің досы пайда бола қалады. «Мен осындай ғажайып клиниканы білем, онда ақысыз массаж алуға болады, бәрін емдейді. Менімен жүр» дейді. Сіздің әжеңіз досымен бұл орталыққа барып, нағыз көріністің куәсі болады. Бір ауырған адам «Жүрегім, бүйрегім, ауырып, 50 емді массажер-төсекте қабылдағаннан

жазылып кеттім» дейді. Ары қарай ұйымдасқан жұмыс іске асады. Олар келушілерді психикалық жағынан емделіп шығатындарына сенім білдіріп, үгіттейді. Бірінші ем осылай өтіп, екінші, үшіншісіне жалғасады. Ары қарай не? Бітті! Зейнеткердің ендігі әңгімесі төсек жайлы болмақ: «Балам, қызым, немерем, төсек сатып алып бер!» Өздеріңіз білесіздер, үлкен адамды алдау қиынға соқпайтындығын. Әжеміз бар жинағанын осы төсекке жұмсауға дейін барады.

Мен деманстрация залында болғанымда екі зейнеткердің қалай сөйлесіп жатқанын естідім: «Төсектің жарты ақшасын жинап қойдым. Қиын әрине, бірақ өмір сүргім келеді. Сондықтан сатып алсам деймін...»

Балалары да ата-аналарының өздеріне жасаған жақсылықтарын ақтауға тырысады. Яғни, жақсы дәрігерлерге қарату, керектілерін алып беру дегендей... Сонда барлығының ойына «Серагемнің» келетіні рас. Қалай болса да төсектердің сатылымы нашар емес. Он төсектен 20 000 АҚШ доллары.

Қол массажы жақсы!

Шынымен де «Серагемде» барлық аурулардан айықтыратын не күштің барын білу үшін, кәсіби массажист, үлкен өтілі бар врач-физиотерапевт маман Рыбалкин Федор Васильевичқа жүгіндім:

- Қайдағы ғажап? Жекелей қолдануға арналған әдеткі массаж төсегі. Мысалы, саяжайдан шаршап келіп, төсекке жатып, біраз демалып алдың, сол сияқты. Ол еш аурудан айықтырмайды. Кез келген массажаға, тіпті ғажайып төсектегі массажаға бару үшін де невропатолог, терапевт мамандардың кеңесін алу керек. Механикалық массажды қол масса-жымен салыстыруға болмайды. Машинаға қарағанда, маман оның денесін қолымен сезініп, еш зиянын тигізе алмайды. Кез келген қол массажы пайдалы, соған сәйкес, ақылы болса, «Серагем» ақысыз.

Заңгердің пікірі

«Серагемнің» қызметіне мәлімдеме жасауды М.Қозыбаев атындағы СҚМУ заңтану кафедрасының оқытушысы Павл Афанасьевтан өтінген едік:

- «Серагем» жайлы айтатын болсақ, менің ойымша, бұл ұйымның қызметі коммерциялық бағытта. Оларға төмендегілер жатады:

Біріншіден, қандай да бір докторлық еңбек немес зерттеменің емдік қасиеті болса, олар ол жайлы ашық айтып жатады. Сол сияқты үміт беретін секталар да бар. «Серагем» сауықтыруға, секталар адам жанын сақтап, кейін өлімге әкеледі.

Екіншіден, «Серагем» ұйымында арнайы ұйымдасқан жақтаушылар тобы бар. Ұйымда көшбасшылар мен көмекшілер қызмет атқарады. Сонымен бірге, «Серагемнің» «емделушілері» «Серагемдіктердің» ұйымдастырған әр мерекелеріне қатысуға тиісті екен. Ал мұндай практика жаңашыл діндерде кездеседі.

Үшіншіден, «Серагем» төсегін пайдалану қандай да дін жоралғылары мен құдайға құлшылықты еске түсіреді. Ем алдындағы өлеңдер дұғаның орнына қолданылады.

Мысалы Евдокия Марченконың оқытуы бойынша білгілі бір діни ырғақтарды сөздер, әріптер алмастыра алады екен.

Менің білуімше, «Серагемдегі» дәстүрлер дін конфессияларындағыдай әрқалай болады: бастапқы(алғашқы таныстық), жай(сезіммен алмасып, қолдау көрсету), ерекше (психологиялық жағынан қажеттілікті сезіну) болып бөлінеді.

Төртіншіден, кез келген дінде құдайға сыйынатын, храм сынды орындар болып және құрамындағы адамдар мен шекараның ауқымын кеңейтіп, жасыру үшін орын өзгертіп тұрулары мүмкін. «Серагемде» бұлай емес пе?

Бесіншіден, осындай дәстүрлі емес сыйынуларда беделді адамның «ашық» әңгімелері болып тұрады. Олар өз әсерлерімен, құдайдың берген дәрежелерімен, құдайға жақындықтарымен бөліседі. Менің бұл айтқандарымының барлығы «Серагемді» қолданушылардың аймақтық газеттерге берген ризалықтары мен жарнамаларынан алынған.

Алтыншыдан, осындай топтарда, «Серагемде» де оның мүшелерінің арнайы психологиялық көңіл-күйі маңызды. Әркім өз тобындағы жағдайы мен оларға тәуелділіктерін сезініп, өздеріне деген сенімді күшейте түседі. Ал олардың бұл жердегі басты міндеттері «Серагем» жайлы өз жақындарына айтып, жарнама жасау.

Жетіншіден, «Серагемде» басқа секталардағы сияқты белгілі бір жағдайларда туатын өзінің қайталанбас әдістері болады. Бұл ақысыз ем алу, «ұзынқұлақ», әр алуан бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалану, оқу орталықтарын құру, миссионерлік жұмыстар сынды.

«Пирамида» түрінде адамдарды тартып, қызмет ауқымын кеңейтетін коммерциялық ғибадаттарды ұйымдастыратын ұйымдарды ғалымдар ертеден Сайентологиялық Шіркеуге,(дайындық дәрежесі - Дианетика) желілік маркетингке жатқызған. «Серагем» бұлардың қатарына кіре ме, оған өзіңіз шешім қабылдарсыз».

Түйіннің орнына

Бұл ақпарат «Серагемнің» ұйымдастырушыларының ғана емес, олардың «емделушілерінің» де ашуын туғызатынын сезіп тұрмын. Не десек те, әркімнің өз пікірін айтуға құқы бар...

АҚШ-та «Серагемнің» денсаулыққа зиян келтіріп, алаяқтықпен айналымға түскендігінің нәтижесінде 2005 жылдың қыркүйегінен бастап пайдалану мен сатылымға түсуіне тыйым салынғанын естен шығармаңыз. Техас штанының бас прокуроры Грег Аббот өз сөзінде «Серагемнің» жай механикалық массаж төсектерін сатып, олардың қызметтерін америкалық дәрігерлер тарапынан қолдау тапқандарын айтқан. Осыдан ауырған адамдардың берген ақпараттарына қатысты «Серагемнің» қызметіне тыйым салынды.

Сонымен бірге, бұл сотта Кореяда бұл массажер төсектерді 300 долларға, ал Америкада 2500 долларға сатылғандығы айтылды. 2004 жылы АҚШ-та сатылған массажер төсектің құны 18 мың долларды құраған...

Түсініңіздерші: төсек ешбір қан қысымының көтерілуі мен қатерлі ісік,артроз ауруларын емдей алмайды. «Серагем» тек арқаға арналған механикалық массаж төсегі ғана. Осы мәлімет қана «Серагемге» келушілердің құлағына жетуі керек.

Қант диабетінін бастап қатерлі ісікпен ауыратын адамдардың бұндай өтірікке сан соқтырып қалуы олардың жағдайларын төмендетпесе, жақсартпайды. Қатерлі ісіктен арылудың жолы омыртқаға массаж жасап, денені жылыту деу күлкілі болар...

Менің енді бұл тақырыпқа қайта айналып соқпаймын деген үмітім бар. «Өмірде ақымақ адамдар барда оларды қолдан алдауға болады...» Меніңше, солтүстікқазақстандықтар ақымақ емес сияқты еді...

«Добрый вечер» газеті, желтоқсан 2010 жыл

Авторы: Елена Бережная

«СЕРАГЕМ» - ДЕНСАУЛЫҚҚА ШИПА-ЕМ?! – 2

Біздің мақаламыздан кейін «Серагем» орталығының мамандарыөз қателіктерін түсінудің орнына корейлік өнім массаж төсегінің ғажайыптарын айтып әлек... Енді бізге бұл орталықтың қызметінің заңдылығын зерттеуден басқа амал қалмады. Сонымен қатар,

аймақтың денсаулық сақтау өкілдері мен құқық қорғау мамандарын бұл істің мән – жайымен танысуға шақырамыз. Бұл зерттеудің біраз қылмыстың бетін ашатынына сене беріңіз.

Алдыңғы оқиға...

Оқырмандардың есіне түсіре кетсек, осы жылдың 5 қарашасында Петроавлдағы «Серагем» демонстрация залының қызметі туралы әңгі мелеген болатынбыз. Зал өзімен өзі жұмысын жасап, тегін массаж жүргізіп, керемет төсектерді жарнамалауда. Кейде қалталы тұтынушылар бұл төсектерді сатып алып та жатады... Бір қарағанда мұнда тұрған ештеңе де жоқ! Бірақ бір әттегені - «Серагем» залының кеңес беруші қызметкерлері төсек адам бойындағы барлық ауруды, оның ішінде астма, өкпе туберкулезі, өкпе қабынуы сынды инфекциялық аурулардың барлық түрін емдейді деп айта алатындай арсыздықпен батылдыққа ие. Бұған қоса төсек қатерлі ісікке қарсы әсерге және қатерлі ісік жасушаларын ерте уақыттан бастап өлтіру қабілетіне ие екендіктерін айтуда!

Әрине мұндай маңызды хабарламалар бізді есеңгіретіп тастады. «Серагем» емдеріне негізінен сенгіш зейнеткерлер қатынайтынын ескере отырып, біз жаңа «халық апейыны» жайлы «ДВ» беттерінде жариялауға асықтық, соған қоса демонстрация залының ешқандай медициналық қызмет көрсетуге лицензиясының жоқтығын, санитарлық-эпидемиялық нормалар мен ережелерді бұзып жатқандығын және көп белгілері бойынша сектаға ұқсайтынын атап көрсеттік. Осыдан соң не болды деп ойлайсыздар? Қорқынышты өлімге алып келуі мүмкін болған теріс ақпаратты тұрғындырдың арасында таратуды тоқтатудың орнына, «Серагемист»-кеңесшілер біздің редакциямызға шағымдарын айта келіпті. «Серагемді» қолдаушылар да бізге хат жолдаған екен.

«Серагемистер» хат жазуда...

Еңде хатқа кезек берсек... Авторлардың өз өтініштері бойынша ешбір өзгеріссіз, қателіктерімен бірге олардың хаттарын басуды жөн санадық: «Хаттағы жазғандарымызды өзгертпеңіздер. Біз сіздердің басқан ақпараттарыңызға үндемедік қой!». Әділетті: «Бізде араласпадық!» Сондықтан, қымбатты оқырмандар, мұндағы қателіктер үшін кешірім сұраймыз, бұл біздің кінәміз емес!

Барлығына шипа-ем! Барлығына!

Біреулердің келіспеуі мүмкін бе? Бұл тілекке? Мен күнделікті «Серагем» жан-жақты массаж төсегінен ем қабылдауға барғанда, осындай тілектер естимін. Бұл орталық мейірімге толы. Барлық қоғамдық ортадағыдай мұнда да әдепкі тәртіп бар! Қаншама ауру адамдар

келіп жатады. Жаңа келушілерді орталықтың тәртіптерімен таныстырады: аяқ киім шешіп, екі төсеніш, киіміңе қапшық әкелу деген сынды... Ал өзін дұрыс ұстамаған адамдар орталықпен қош айтысып бара береді. Әрине, ұнамағандар жоқтан әңгіме жасап, сөз таратады.

Қызық, құрметті адамдар ем алатын деманстрация залын секта деп айтады. Бұл сауықтыру орны емес, тек адамдарға мүмкіндік береді, бұнда тұрған не жамандық бар екен? Негізінде байырғы шығыстық медицинаның әдістері қолданылады. Нефритті дөңгелектер сіздің омыртқаңыздың айналасындағы бұлшық еттер мен белгілі бір адамның дене мүшесіне байланысты шоғырланған жүйке талшықтарының сыздауын жойып аурудан айықтырады. Бастысы, ауру жойылады. «Серагем» дәстүрлі емес медицинадағы жаңа технология. Карбонды панельден жасалып, нано-технологияның арқасында ұзақ инфрақызыл сәулесін шашады. **Біздің денемізге келген ұзақ инфрақызыл сәулесі патогенді микроб, қатерлі ісік жасушаларын өлтіреді. Нәтижесінде адам жылдар бойы мазалаған ауруынан жазылып кетеді. Ағзаның қорғаныштық қызметі артады. Егер дәрігер де дәрі-дәрмек жазып берген болса, қабылдауды тастамаған жөн.** Бұл ем мен дәрігердің қызметінің теңділігі арта түседі. Қойылатын талап – тек таза су ішу. Бұл жайында И.П. Неумавакин, Ф. Батмахгелидж сынды дәрігерлер көп жазады.

Өкінішке қарай біздің емханаларда бұл мәселе жайлы айтылмайды. Біздің медицинаның қалай жұмыс жасайтын көзімізбен көрдік. Дәрігердің қабылдауына түсу үлкен мәселе: тіркеуге сағат алтыдан кезек алып, сегізде поликлиниканың фойесіне әрең кіресің. Маманға кіретін талон қолыңызға тие ме, ол жағы белгісіз? Мен 3 қараша күні 15 қарашада маманға кіруге жазылып қойдым. Көпшілігіне бұл көрініс таныс. Елена Брежнева қайда қарап жүр!

Осыдан елдің көбі шығатын жол іздейді. Біреулер үшін «Серагем», біреулерге көріпкелдер. Сондықтан да әр адамының өз таңдауын жасауына кедергі келтірмейікі.

Сенімді дәлелдің бірі «Серагем» 14 жастағы Гончаров Костяның қант диабетінен жазылуына көмектесті. Костя облыстық балалар ауруханасына қан құрамында қант мөлшері 43 ед болып, комтозды жағдайды түсіпті. Стационардан шыққан уақытта да қан құрамындағы қант деңгейі төмендемеген. Осыған қатысты инсулинді терапия тағайындалған. Кейін «Серагем» төсегіне массаж алуға келіп жүрді. 117 емнен соң өз қалыпты жағдайына түсті. 4 айлық емнің нәтижесінде оны қант диабетінің диспансерлік тіркеуден алып тастады.

Лодынина Мария Ивановна демонстрация залына 2010 жылдың ақпанынан келемін. Ұйқым мен артериалды қан қысымын қалпына келіп 125 70. Гармондарға жасаған биохимиялық тексерістің нәтижесінде қаным тазаланды. 7 келіге арықтап, иммунитетім жақсарды.

Шайнер анатолий Минович 1940 жылы туылған 2009 жылдың мамырынан осында келемін. Белдегі 3 және 4 омыртқа арасындағы жарықтан құтылдым. Қан қысымым да тұрақталып, ішектерім тазаланды. Тіпті шашымның ағаруы да сиреп, көңіл –күйім көтерілді.

Мершева Тамара Антоновна 60 жаста «Серагем» емін 2009 жылдың 20 қазанынан қабылдап келеді. 85 ем қан қысымын тұрақтандырды. Бас айналымым жоғалып, аяқ басуым да жақсарды, Асқазандағы қыжыл жоғалып, қуық жолы бұлшық еттері қатайды. Тіземдегі ісіктер де жоққа айналды.Таяқтың көмегінсіз жүретін болдым.

Чекушкин Владимир Ильич 1937 жылы туылған 2009жылдың тамызынан орталықта 10 емнен соң жағдайының жақсарғанын сезіне бастаған.Клиникалық өлімнен (жүректің соғуы мен тыныс алу 3 минуттай тоқтаған)соң 6 жыл бойы денсаулығының төмендегенін байқап, үнемі құлағына шуыл келіп тұрыпты. «Серагемнің» арқасында құлағындағы шуылдардан арылып, артериалды қан қысымы төмендепті. Қан қысымын түсіретін дәрі-дәрмекті қабылдау 2-Зесеге төмендеген.

Біз «Серагем» орталығының келушілері «Добрый вечер» газетінің №45 санында 5.11.2010 жарияланған «Серагем - барлығына шипа-ем!» мақаласына өз наразылықтарымызды білдіреміз.

Мақаланың өн бойында келушілерді сауатсыз, ойлары төмен, барлығына сеніп қалатын адам деп ойлап, бізді төмендетті.

Мақала авторлары өзінің туған петропавлдықтарын «қорғап», орталыққа келетін мыңдаған адамдарды кемсітем деп ойлаған сынды. Күніне орталыққа 350 адам келеді. Бұл адамдардың барлығы ір жастағы әр мамандық иелері. Осыншалықты адамды автор «жабайы» деп ойлай ма?

Өзге 70 елде қолданылып, денсаулықты жақсартатын массаж төсегін біздің де қолданғанымыз жақсы емес пе.

Айығудың дәлелі болатын жақсылықты жазып, нақты нәтиже көрсететін құжаттары бар адамдармен дидарласқан жөн шығар.

Серагем! Серагем! Барлығына шипа –ем!

37 қол қойылған. Алғашқылар қатарында – Оберцайзер Светлана, Родионова Тамара Николаевна, И.Т.Краснянская, О.Н.Холкина және басқалар.

Автордың парасаттылығы мен сауаттылығын мен бағаламай-ақ қояйын. Қатерлі ісік жасушаларын жоятын инфрақызыл сәулелерін де мен сөз қылмайын.

Құрметті «Серагемистіктер» сіздер жасөспірім Гончаровтың ғажайып жолмен қант диабетінен айырылғанына сенеді деп ойладыңыздар ма?! Жоқ дегенде шындыққа жанасу үшін баланың фамилиясын жазбасаңыздар...

Солтүстік Қазақстан облыстық ауруханасының эндокринология бөлімінің меңгерушісі, облыстың бас эндокринологы Чабанян Анна Михайловнаның берген ақпаратынан сіздердің ғажайып «Серагемдеріңізден» Костяның сауықпай, әлі де эндокринология бөлімінің тұрақты емделушісі екенін білдік. Енді бұл мәліметті қалай өтірік деуге болады? Деректерді бұрмалап, қант диабетімен ауыратындарды алдап, өмірден адастыру... Бұл нағыз сотта қаралатын іс!!!

Тағы айта кететіні... «Біздің медицина» несімен тақияларыңызға тар келді? Хат авторларының бірі Родионова Тамара Николаевна телефонмен сөйлескенімде тіпті «поликлиникалар мен ауруханаларда адамдарды өлтіріп, емдері өлімге әкеледі» деген ойларын айтты. Дәрігерлерге осындай кінә таққаннан кейін олардың көздеріне қарап, көмек алу ұят емес пе? «ДВ»-ның бірнеше талантты дәрігерлер жайлы жазғанын білесіз бе? Біздің медицина саласында **шынымен** өз емделушісі үшін алаңдап, **шынайы** көмек көрсететін мыңдаған білікті дәрігерлер қызмет істейді, сіздердің «Серагемдік» «көмекші- мейірімшілдеріңіздей» әкесінің құнын сұрайтын массажерларда өз емделушілерін «буға пісірмейді» Корейлік кәсіпкерлер мен жергілікті саудгерлерді қорғамақ ниетпен қазақстандық және солтүстікқазақстандық дәрігерлерді ғайбаттадыңыздар... Бұл жабайылық болмағанда не?

Интеллектуал Интеллектуалға!

Петропавлдық «Серагем» орталығының екі кеңесшісінің біздің редакциямызға келгендегі әңгімеміз фельетон немес юморлық әңгіменің жазылуына себеп те болып қалар ма еді. Егер осыншалықты қайғылы мәселе болмаса, қызық та болар ма! Біздің оқырмандарымызды шаршатпау үшін тек әңгіменің бөлігін ған ұсынбақпыз. Сонымен... Кеңесшілер:(төменірек жай бояумен) «Сіз өз мақалаңызда бізді саудагер, кассир деп атап, кемсіттіңіз!»

«ДВ» (төменірек - қара қою бояумен): «Сіздер медицина қызметкерлері боласыздар ма?»

- Жоқ, мен саясаттанушымын. Бірақ бұл маңызды емес! Біз не жамандық жасадық? Адамдар ақысыз сауығуға келеді, бұл қайырымдылық!

- Неліктен сіздер ауруларынан сауығып кететіндіктеріне уәде бересіздер, мысалы, қатерлі ісіктен?

- Бірақ бұл рас қой. Қатерлі ісіктің алғашқы сатысында «Серагем» емдеп жазады, әрине күніне бір мәрте қабылдасаң, көмектеспейді, үй жағдайында – әрине! Бұл енді үйде қолдануға арналған төсек, үй дәрігері!

- Сіздер қатерлі ісіктен, қант диабетінен сауығасыздар деп, ақылға сыймайтын, қорқынышты жайларды айтасыздар... Неге? Омыртқаға арналған массаж деп нақты айтуға болмай ма? Онда сіздерге ешбір шағым болмас еді!

- Бізде жас Костя деген емделушіміз бар, «Серагемнің» 130 емінен соң, таблетка қолдануға ауыстырдық. Қазір енді толығымен есептен алынды. Сол сияқты 20 жастағы емделушіміз эпилепсиямен ауыратын, ата-анасы төсекті сатып алғаннан соң, жағдай біраз жақсарып, би кештеріне барып жүр. Енді не дейсіз, бұрмалау дейсіз бе? (Бұрмалау ма, басқа ма жоғарыда келтірілген Костя Гончаровтың денсаулық жағдайының дерегінен кейін өзіңіз таразылаңыз).

- Біз бірнеше жылдан бері эндокринолог- дәрігерлер, қант диабеті жайлы жазып келеміз. Олардың айтуынша, әлі күнге дейін қант диабетіне қарсы ем табылмапты...

- Дәстүрлі медицина әлі таппаған... Сіз қазір қазақстандық ауруханаларда не болып жатқанын білесіз бе? Онда тек адамға зиян келтіреді, біз ШЫНЫМЕН көмектесеміз.

- Сіздер адамдарды алдайсыздар, есепсіз ақшаға мүлде қажет емес затты алуға итермелейсіздер.

- Олардың ақшаларынан сізге келіп-кетері қанша? Бізде деманстрациялы зал-дүкен. Ешкім зорламайды. Біздің принципіміз- көріңіз, қаласаңыз алыңыз!

- Адамдар жақсы ала ма?

- Қызғанасыз ба, жұмысыңыз қанша!

- Қызғанбаймын, сіздер сенгіш зейнеткерлерді алдап жүрсіздер!

- Сіз неге зейнеткерлерге жабысып қалдыңыз? Бізде зейнеткерлер өте аз, Бар-жоғы бір топ, сіз білмей-ақ қойыңыз келушілердің басты бөлігінің кім екендерін...

- Тіпті солай ма? Бұлардың кім екенін елестетудің өзі қиын!

- Бірақ, әрине, олар төсекті сатып алып қойды...

- Зейнеткерлерге жандарыңыз ашымай ма? Бар зейнетақысын төсек алуға жинап жүрген!

- Сіз не ойлап таба бересіз!? Петропавл тұрғындарының тұрмысы жақсы! Тіпті зейнеткерлердің де ақшаларымен бәрі ойдағыдай!

- Иә?! Демек, біз әр дәрежедегі адамдармен сөйлесеміз ғой...

- Бұл мақаланы жазуға сізге тапсырысты кім берді? Жоқ әлде сіздің шынымен бөтен адамдарға жаныңыз ашып кетті ме?

- Бұл біздің жұмысымыз, дабылға қатысты пікір айтып үйреніп қалдық!

Өкілетті денсаулық, заң органдарынан ешкім келмеді ғой...

- Енді келеді!

- Сіз журналист ретінде қалай ойлайсыз, Қазақстанға Оңтүстік Кореядан бұл төсектерді жай алып келіп жатыр ма? Мұнда мыңдаған адамның денсаулығы сөз болып жатыр емес пе! Бұл қайырымдылық акциясы!

- Сіз не айтып кеттіңіз! Бұл бизнес! Корейліктер мен сіздер осыдан ақша тауып жатсыздар!

- Алкоголь мен наркотикті сатуға қарағанда жақсы... Жалпы бізге дәрігер Басов өзі көмектесе алмайтын адамдарды біздерге бағыттап жатады. Ал біз көмек береміз!

- Иә... Әңгімені ары қарай жалғастырудың қажеті шамалы...

- Жақсы, сау болыңыз! Денсаулық пен парасаттылығыңыздың артуын тілейміз.

- Парасаттылыққа келсек, менің де сізге айтарым сол!

Міне, біз осылай «парасатты» адамдар ретінде әңгімелестік. Кеңесшілер, өздеріңіз көріп отырғандай, өз емделушілерінің толық айығып кететіндеріне уәде беретіндерін жасырмады. Қант диабеті, эпилепсия, қатерлі ісік ауруларын емдейтіндерін бірнеше мәрте қайталап та өтті. Заманауи қоғамда дәл қаланың ортасында ешкімнен жасырынбай осындай ұйымдар жұмыс жасайды. Не дейміз, олардың өз ауыздарынан естіген сөздерінің қаншалықты шындыққа жанасатынын таразылаймыз. Бұл үшін нағыз мамандарға жүгіндік. Олар медицина саласында беделдері мен тәжірибелері бар тұлғалар болғандықтан білімдері мен таланттарына ешкімнің күмәнін туғыза алмайды.

Сөз - нағыз мамандарда!

Солтүстік Қазақстан облыстық онкологиялық диспансерінің емдеу ісі жөніндегі бас дәрігерінің орынбасары Дәулетбекова Балжан Есенбайқызы :

«- Әрине, ешқандай да массаж төсектері адам баласын қатерлі ісіктен айықтыра алмайды, бұл жай ғана қылмыстық сендірулер! Оған қоса кез келген массаж онкологиялық ауруларға жағымсыз, ал жылу беретін әсері бар массаж одан да жаман. Мұндай процедуралар ауру ағымын тек күшейтіп, қатерлі ісік жасушаларының ары қарай таралуы мен ісіктің үлкейуіне алып келуі мүмкін. Бұлай жалғаса берсе операцияға келмейтін ісікке де қаупі бар. Сонымен бірге алтын уақытын да жоғалтады. Сөйтіп емделуші кейіннен онкологқа қатерлі ісіктің өршіген формасымен келеді. Бұл кезде мамандар еш әрекет жасай алмайды. Бұл әрине өте қорқынышты! Адамдарға айтқым келетіне естеріңізде болсын, кез келген ауру түрінде дәрігерге жүгіну (әсіресе қатерлі ісікте) бұл сауығып кетудің кепілі! Сол үшін утопия төсектер секілділерге уақыттарыңызды босқа кетірмеңіздер».

Мануальды терапевт Владимир Сиепанович Басов:

«Мен «Серагем» төсегінде емделуге өз науқастарымының ешқайсысын да жіберген емеспін! Бұл - өтірік. Мен негізі механикалық массажерге қарсымын. Түсінуге тырысыңыздар, барлық ауруларға, диагноздарға көмектесе алатын әмбебап құрал жоқ, «Серагем» массажер төсегі қарапайым механикалық массажер. Оның жай массажерге қарағанда тигізер пайдасынан зияны көп. Мысалы, массаж жасаушының қолдары науқастың омыртқасының жай күйін сезіп, қандай ақау барын анықтай алады, ал механикалық валик бүкіл денеге бірдей қарқынмен ісер етеді. Ал массажердің белгілі орындарда тоқтап тұрып алатын қасиеті де сын көтермейді. Барлық адам дербес тек дәрігер науқастың жүйке нүктелерінің орнын анықтай алады. Тек тәжірибе арқылы ғана. Ал механиканың аты - механика, ол өз бағдарламасын жасайды, сонымен бітті. Менің мануальды терапиямен айналысып жүргеніме 20 жыл болды. Толық сеніммен айта аламын, массаж ем бола алмайды, ол тек белгілі әрекетсіз ағзаларды жойып отырады, яғни ағза қызметіндегі ақауларды реттеп қана қояды. Массаж тек көмекші процедура, бірінші орында барлық уақытта негізгі ауыртпалықты емдеу тұрады. Ал бұл емдеумен дәрігер айналысуы керек, «Серагем» емес».

Солтүстік Қазақстан облыстық емханасының эндокринология бөлімі меңгерушісі, облыстың бас эндокринологы Анна Михайловна Лобаня :

«Өзімнің жұмыс тәжірибемде қант диабетінен айыққан адамды кездестірген емеспін, бұл бос сандырақ! Ал «Серагем» төсегіндегі массажға қатысты айтар болсам, мүмкін оның көмегі бар да шығар,

бірақ тірек қозғалыс жүйесінің ауруларына , омыртқаға зақым келген жағдайларда ғана. Бірақ диабет... Төсек ешқашан глюкозаның орнын алмастыра алмайды. Емдейді деп сену - сауатысыздық!»

Солтүстік Қазақстан облыстық қант диабетімен ауыратындар қоғамының басшысы Ольга Ивановна:

«Диабет емделмейтін ауру. Бұл аурудың емін біреу тапқан болса, бұл өнертапқышқа «Нобель» сыйлығын берген болар едім. Ал «Серагем» диабеттің емі емес! Бұған қоса қант диабетімен ауыратындарға мұндай массаж қабылдауға болмайды. Құрметті қант диабетімен науқастанғандар, «Серагендіктердің» ойламай айтылған уәделеріне сенбеңіздер! Егер өз денсаулықтарыңызды жақсартып, қант мөлшерін қалыпқа келтіргілеріңіз келсе үш басты нәрсеге көңіл бөліңіз: дене шынықтыру, диета, дәрілік препараттарды қабылдап отыру».

Қырық жылдық тәжірибесі бар, эндокринолог дәрігер Л.А.Бессонова:

«Қант диабетін дәрі-дәрмектермен немесе инсулинмен емдеуге болады. Бірақ «Серагеммен» емес. Массаж ешқашан қандағы қант мөлшеріне әсер ете алмайды. Менің қант диабетімен науқастанған көршім «Серагем» массажының емдеріне баратын, нәтижесінде дәрі - дәрмек қабылданудан инсулинге дейін жетті. Осылай! Науқастарға мұндай массаж төсектеріне үміт артпаңыздар дегім келеді. Ал жағымсыз жақтары, қалықанша безінің кейбір ауруларында жылу беретін массажды қабылдауға тыйым салынған. Мысалы, Базедова ауруы массажды түйіндік жемсау (зоб) кезінде де алуға болмайды. Мұндай массаждан түйіндер зиян шегуі мүмкін. Эндокринологиялық кеселдері бар науқастардың «Серагемнен» соң өздерін жақсы сезінуі тек уақытша! Олардың маманға көрінулері қажет, өз денсаулықтары мен өмірін көз бояушыларға сеніп тапсырмай! Осылай жүргенде науқастар ауруларын күшейтіп, уақыттарын жоғалтып, дәрігерге келеді. Уақыттарын өткізіп алған соң дәрігерді айыптайды. Өз тәжірибемде көз бояушыларға көп тап келгенмін. Бірде Петропавлға Өзбекстаннан біреу келіп, науқастарға инсулиннен бас тартуды ұсынған. Ол кеткеннен соң біздің бөлімге диабетпен ауыратындар кома жағдайына жетейін деп түсіп отырды... Тіпті бір фельдшер де инсулинді алып тастады. Сондықтан абай болу шарт!»

Облкомдиспансер КГПП эпидемиологы санитарлық дәрігер Алефтина Ушакова:

«Серагем» төсектерін жарнамалау толық албырттық, әсіресе инфекциялық аурулардан айықтыратыны жайлы жарнама ойланбай айтылған. (Өкпе ауруы, тұмау, ЖРВИ тері аурулары, вирусты гепатиттер және басқалар.) «Серагем» төсектерінде массаж қабылдай отырып, аурудан айықпайсың, керісінше сондай науқастардан ауру жұқтыру қаупі бар. Бұған науқаспен жақын қарым - қатынаста болуы залалсыздандыратын режимнің болмауы, «Серагем» массаждарының емі

өтетін бөлмені желдету, Санитарлық эпидемияға қарсы іс -шаралардың өткізілмеуі ауруға әкеп соғады. Инфекциялық ауру белгілері байқала бастағанда науқас дәрігерге барсын! Естеріңізде болсын, «Серагем» кеселдерді қоздыруы мүмкін!

«ДВ» газетінің №45саны 5 қарашада жарияланған мақаласында «Серагем» залының дұрыс емес қызметі туралы мәселе ашық жазылған. Менің ойымша, бұл мәселені мамандар қарастырып, мұндай нысандардың жарнамаланбауын қадағалап, жұмыс режимін бақылауға алу керек!»

30 жылдық еңбек өтлі бар, дәрігер-невропатолог Александр Колесников:

«Мен массажға қарсымын. Бізге мұндай төсектер қабылдаған көп науқастар келеді. Біз оларды емдейміз. «Серагем» массаждарына жасы асып кеткен аталар мен әжелер қатынайды. Ал оларға массаж алуға болмайды. Мен өз емделушілерімді онда жібермеймін. Мұндай массаждан соң олар тұра алмай қалса қайтеді? Диабеті мен аденомасы бар қарт сонда барған болатын. Массаж оның бүкіл жерін шайқап тастапты. Массаждың уқалаумен қатар, жылытатын әсері бар. 120 емі әр емделушіге не беретінін бал ашып білуге болады. Әрбір дәрігер гипертониясы бар адамдарға массаж қабылдауға болмайтынын біледі. Омыртқаға зақым келгенде ғана сол саланың дәрігері омыртқаны зерттеп, нәтижелеріне сүйеніп отырып қана массаж тағайындай алады. Жылыту арқылы массаж жасау онкологиялық аурулардың қарқынын күшейтетінін ұмытпағанымыз жөн. Егер науқастың омыртқасы майысса, омыртқааралық диск протрузиясы болса, мұндайда массаж төсегінің тигізер көмегі мол екендігін сенімділікпен айта аламыз. Бұл төсек дені сау адамдарға арналған, яғни ауыр дене жұмысынан соң бұлшық еттерін босаңсытқысы келгендерге тиімді. Соның өзінде бұл процедураларды дәрігердің бақылауымен қабылдау керек. Сауда орнында емес».

30 жылдық еңбек өтілі бар, дәрігер-терапевт Лилия Петроана Заболотная:

«Массаж төсегіне жатардан бұрын кез келген адам невропатолгтан не болмаса емдеп жатқан терапевт дәрігерден кеңес алуы қажет. Рентген сынды да тексеруден өткені жөн. «Серагем» массажына қарсы көрсетпелер көп. Ешқашан өткір ауру синдромы кезінде егер адамда омыртқа аралық дискте жарық болса, онкологиялық ауруларда, гемморологиялық жатыр миомасында; өткір безгек ауруында дененің ыстығы жоғары болады. Инфекциялық ауруларда (ұшық, дизентерия, т.б.), атеросклерозда (бұл қар адамдардың барлығында дерлік кездеседі); жүрек ырғағының бұзылуында, остеопарозда (сүйектердің желінуі), өткір тромбозда массажға тыйым салынады. Мұндай массажға жүкті әйелдердің жатуына болмайды. Қарт адамдардың да абай болғаны дұрыс. Сол сияқты 14 жасқа толмағандарға да массаж

қабылдауға тыйым салынады. Себебі, олардың сүйек қаңқалары толық қалыптаспаған».

Александр Васильев, психолог:

«Емдеудің кез келген жаңа әдісі 40 пайызға дейін плацебо эффектке ие, азаматтар бұл әдістің керемет күшіне сеніп, бұл кеселдерінен өздерін айыққандай сезінеді. Бірақ, егер кеселдің бары рас болса, бұл айығулар уақытша. Керісінше, керек көмекке бармай, уақытын соза отырып, азамат өз денсаулығынан айырылуы мүмкін. Сонымен «Серагем» компаниясының маркетингтік дамуында психотехнологиялық элементтер қатыстырылады, нәтижесінде дәстүрлі емдеудің әдістерін жоққа шығару арқылы тыңдаушы топта плацебо-эффект пайда болады. Өз денсаулығынды, өзіңді мұндай психологиялық әсерге сеніп тапсыру үшін дәрігерге қаралу қажет. Кез келген дәрігер массаж курсы мен медициналық көрсетпелерге сүйеніп өткізуге болады деп айтады. Оның үстіне сол бір процедураға азаматтар түрлі кеселдермен келіп жатады, бірақ емдеудің бәріне ортақ бір ғана тәсілі жоқ. Олай болғанда барлығының дені сау болар еді. Мені сөзсіз алаңдататаны, компанияда дәрігер жоқ. Ал процедураға келген әрбір адам сол «Серагемдіктердің» массажер төсекте алынатын «емге» жауапты еместіктерін көрсететін құжат толтырады. Есіңізде болсын: тегін ешнәрсе жоқ, әсіресе медицинада».

P.S. Біздің «Серагем» жайлы мақаламыз басылып шыққаннан бірнеше апта өткен соң, «Адам және заң» бағдарламасы Мәскеуде «Серагем» компаниясының қызметі жайлы сюжет көрсетілді. Бір қызығы, сюжет те біздің ақпарат сынды жағымсыз жақтарын ашуға тырысқан. Мұндай да сәйкестік бола ма?! Мүмкін емес!

«Добрый вечер» газеті, қазан 2010 жыл

Авторы: Елена Бережная

ҚАРҚЫНДЫ ЖАНЖАЛ

Авторлық құқықты қорғауға қатысты атышулы сот ісі Петропавлда орын алмаған болар. Мүмкін осыған дейін солтүстікқазақстандықтар ешкімнің өнер туындысын шеттен алып пайдаланбағандықтан ба әлде интеллектік меншік құқығын қорғау ерсі көрінгендіктен бе... Не десек те бүгін қозғалатын жанжал қарқынды болғандай.

Жанжалдың мән жайымен қысқаша таныссақ. Солтүстікқазақстандық танымал суретші Валерий Крестников «Компания «Максимальный Размах» ЖШС иесі, жартылайфабрикат өндірушісі Максим Калининнің атынасотқа шағым түсірді. Суретшінің айтуынша «Абылайдың жастығы» деп аталатын туындысын автордың рұқсатынсыз «Батыр» тұшпарасының орамасына орналастырған.

- «Абылайдың жастығы» картинасы 2006 жылы салынған еді. Дәл қазіргі уақытта Солтүстік Қазақстан облыстық өлкетану мұражайында экспонаттар қатарында сақтаулы, - Валерий Крестников өзінің авторлық құқығын қорғауға берген арызында осылай деп жеткізеді.- Қазіргі уақытта бұл сурет менің рұқсатымсыз «Компания «Максимальный Размах» ЖШС «Батыр» өнімінің орамасына қиылған түрінде, яғни картинаның бастапқы параметрлері бұзылған күйінде орналастырылған.

-Менің картинамның бөлігінің коммерциялық бағытта қолданылуын, сондай-ақ көркемдік құнын ескере отырып өлшемі 20 000 болатын ең төменгі жалақы көлемінде залалды өндіріп беруін талап етемін. 2010 жылдың 1 қаңтарынан ең аз жалақы мөлшері 14 952 теңге. Осыған лайықты өтемақы көлемі 299 040 000 теңгені құрайды.

Кейінірек Валерий Крестников республикалық телеарнаға берген сұхбатында «Менің картиналарымды газет, журнал, мұражай журналдары қиылған түрінде бастырып шығаруға құқылы, бірақ тұшпара...» Ал «Взгляд» республикалық газетінің журналисті Татьяна Егорова ««Батыр» тұшпарасын ашулы Крестников «сасыған» деп атайды» деп жазған.

Суретшінің ашуы орынды сынды, себебі оның жұмысын сыртынан ұрлап отыр. Сондықтан барлық аймақтық БАҚ өкілдері бірауыздан өкпелі Крестниковты қолдауда. Бірақ «ДВ» газеті бұл жағдайға құлақ түріп, оқиғаның мән-жаймен толығырақ танысуды жөн көрді. Жауапкердің өзі және өкілімен, сондай-ақ Крестниковтың әріптестерімен кездескен соң, істің басқа бағытқа бұрылғанына біраз таң қалдық. Сонымен...

-Біріншіден, Валерий Крестников өзінің картинасының фотосын қолдануға рұқсатын берген. Біздің қателігіміз суретшінің сөзіне сеніп, жазбаша түрде келісім-шарт жасаспағанымыз. Енді осының сазайын тартып отырмыз.

Жауапкердің өкілі заңгер Павел Афанасьевтың айтуынша, автордың туындысын қолдануға оның ауызша рұқсатының өзі жеткілікті. Себебі ҚР МК 978 – бабына сәйкес автордың меншік құқығын айқындайтын мүлікке міндетті түрде автордың жазбаша рұқсатының болуы шарт емес.

- Демек Крестников істің басынан әділ болмады. Жақында біздің компанияның қауіпсіздік қызметі солтүстікқазақстандық суретшінің «Абылайдың жастығы» деп аталатын картинасының американдық суретші Крейг Теннанттың жұмысының нақ көшірмесі екенін анықтады, - дейді кәсіпкер Калинин. Бізде бірнеше мамандарға, өнертанушылар мен суретшілерге жолыққан едік, оларда бірауыздан осындай ойда: бұл плагиат!

20 ғасырдың сурет галереясының топтамалары арасында «Native America» немесе «Байырғы Америка» деп аталатын серияның кездесетінін «ДВ» анықтады. Осы топтамаға үнділер мен олардың тұрмысына қатысты суреттемелер енген. Калининнің айтып отырған жұмысы «The Sentinels», демек «Сақшы» деп аталады. Оның авторы 1946 жылы туылған американдық суретші Крейг Теннант. Сонымен қатар Крейг Теннанттың Нью-Джерси қаласында туылып, өскендігін де анықтадық. Жабайы Батыс, үнділер, кавбойлар тақырыбында салатын суретші біраз танымал да екен. Оның «Сақшы» картинасының сатылып, қазір жеке топтамада сақталынып тұрғандығы да белгілі болды. Картинаның қай жылы салынғандығы анықталмаса да, 2003 жылы пазла жанрында сатылымға түсіпті (американдықтар картинаның пазла жанрын жақсы көргендіктен, суретшілердің жұмыстары да осы жанрда дүниеге келеді).

-Демек 2006 жылы жарыққа шыққан Крестниковтың жұмысын Крейг Теннант көшіріп алды деп күмәндануымыз ақылға сыймайды, -деп мәлімдейді Максим Калинин.

-Мүмкін біреулер Крестниковтың жұмысын біраз өзгертілген деп айтуы да мүмкін, себебі Крестниковтың жұмысында қыз және шайқас жағдайы бейнеленген,-заңгер Павел Афанасьев осылай пайымдайды. – Әуенмен аналогия жасап көрейікші, өте танымал әнді алып, оның әуенін мүлде өзгеріссіз қалдырып, қайырмасы мен есте қалатын сөздердің орнына өз шумағымызды қояйық... Нәтижесінде бұл біздің әніміз бола ма әлде плагиат па? Өлең шумақтарын да алсақ, мысалы Александр Сергеевич Пушкиннің «Евгений Онегинін» «Иван Петров» деп атап, төрт жолдан тұратын бірнеше шумақ қосып, өз туындымыз ретінде берсек... Осындай жасандылық өтімді ме? Әрине, жоқ! Суретте де дәл сондай. Шишкиннің «Рожь» немесе «Қарабидай» картинасына комбайнын қойсақ та, бұл бәрібір Шишкиннің табиғат көрінісі болады.

Крестниковтың картинасының плагиат екенін анықтауды қажет ететін шешімді сот қабылдайды. Бағалау үшін мұндай қызметте лицензиясы бар сарапшылар тартылып, біздің оқырмандар да өз пікірлерімен бөлісе алады. Екі жұмысты салыстырған суретші және өнертанушылардың пікірлері төменде келтірілен. Олардың өтініштерін ескере отырып, аттарын атамауды жөн санадық.

«Суреттегі үндінің суреті дәлме-дәл алынған, бірақ нашарырақ салынғандығы көрініп тұр. Тас үстіндегі мысық пен жауынгерді суретші өз туындысына арқау етіп алса болар еді, ал ол жауынгерді тік тұрғызып, мысықты жауынгердің аяғына жатқызған. Идеяны шеттен алып пайдаланғандығы түсінікті».

«Маңызы бөлігін бұл суретшінің басқа жұмыстан еш өзгеріссіз, дәлме-дәл алғандығы рас, тіпті жаманырақ салған. Туындыны дәл ортасынан бөлген, бір жағы – бос, екінші жағы – тығыз. Бірінші нұсқасында үнді-жауынгерді нақ ортаға орналастырып, айналасына еш кескін сызбаған, суретші екінші жұмысында бар кескіндерді солға қарай ығыстырып, оң жақтағы қызды сауатсыз отырғызып, мысықты шетіне қысып қойған. Демек үндінің картинасы жекелей алғанда тартымды, сауатты әрі қызықтырақ».

Абылайдың басынан басындағы бас киім үш өлшемге үлкен болып, шынайы көрінбей тұрғандығын да мамандар атап өтті. Бұл арқылы суретші американдықтан көшіріп алған нұсқадағы жіберілген шашты дулығамен жабуға тырысқан.

«Әсемділік жағынан Абылай мен қыздың кескіні өзара үйлеспеген: ханның кескіні көзге әсемдірек, себебі ол көшіріліп салынған, қыздың кескініавтордың өз идеясы болғандықтан, нашарырақ шыққан, манекенге ұқсайды... Шайқастың фрагменттері де түсініксіз, шайқасқа ұқсамайды, халықтық қыдырыс немесе төбелесті еске түсіреді. Мұнда он айырмашылығын тап деген байқау жариялау керек сияқты! Мен таптым, шынында, суреттегі қызды Крестников өзі қосқан, жауынгердің киімі мен түрі өзгертілген. Садақ нағыз көшірме, тас алдыңғы планға ауысқан, жауынгердің қолы да көшірме».

-Тұшпарада картинаның маңызды бөлігі алынғандығын түсіну үшін өнертанушы не суретші болу міндет емес. Демек, Крестниковқа тиесілі деген ой болмау керек,- деп ойлайды заңгер Павел Афанасьев.- Мұнда Крестниковтың қосқан бөлігі алынбаған. Картинаның оң жағы , Абылайдың әйелі, Крейг Теннанттан алынған. Сондықтан да Крестников Калининге еш шағым айта алмайды, тіпті оның рұқсатынсыз алса да.

Крестниковтың өзінен бұған қатысты түсініктеме ала алмадық. Оның өкілі әрі жұбайы Вера Гаврилконың өзімен кездескенімізде бұл екі жұмыстың мүлде бөлек екенін алға тартып қоймады. Кейінірек оның аузынан «реминисценция» терминін естіп қалдық(ресейлік өнертанушылардың айтуы бойынша бұл плагиаттың бір түрі). Бұл терминнің қолданылуы оған таққан айыпты біраз жеңілдетеді.

- Егер сен кәсіби маман болсаң, көшіріп алмай, сурет салуды біліп, өз идеяңның болуы шарт. Суретшілердің арасында көшіріп алу ұят

нәрсе. Студент, оқып жүрген кезінде көшіріп салу -оқудың міндетті бағдарламасына кіреді. Суретшілердің императорлық академиясы тіпті ең таңдаулы көшірмелер үшін алтын және қола алқадан жүлде берген еді. Себебі, көшірудің шебері болудың өзі үлкен еңбек. Бұл әрине бөлек жанр, басқа әңгіме. Крестников бұл жұмысының көшірме екенін мүлде аузына алмай, бірнеше жыл жұмыс істеген өз картинам деген пікірде. Маңызды бөлігін көшірді дегенді мүлде жоққа шығарады. Ал бұл картинаны мамандарға көрсете қалсаңыз, сызық, қол, садақтың, яғни бастан аяқ көшірме екенін айтады. Крестниковтың өз кескіндерін салуы... Кез келген туындыны «аяқтауға» болады. Айзовскийдің табиғат көрінісіне қайықтың суретін қосып қояйық.

- ҚР Азаматтық Кодексінде айтылғандай, тіпті туындының бір бөлшегін алуға да автордың рұқсаты керек, - деп Павел Афанасьев әңгімесін жалғастырды. – Автор өз туындысына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге және өз туындысына басқалардың өзгеріс енгізуінен қорғауға құқылы. Крестников Теннанттың картинасына өзгерістер енгізді, ол болса американдық суретшіден рұқсат алуға міндетті еді. Демек, тұшпараның орамасында Крестниковтің жұмысына қарағанда Крейгтің картинасы қолданылған. Сондай-ақ облыстық өлкетану мұражайында американдық суретшінің картинасының контрафакттық көшірмесі сақтаулы тұр.

- Осы адамдардың сотқа маған шағым түсіруінен менің барлық есеп-шоттарым мен 300 миллионды құрайтын мүлігіме тыйым салынды. Толықтай жұмыс істей алмай отырмын, тіпті салық та төлей алмаймын... Астанадаға сауда да төмендеп кетті (бұл әрине біздің фирманың тұшпарасын «сасық» деп атаған «Взгляд» газетінде жарияланған мақаладан кейін). Енді компания Крестниковқа фирманың іскерлік беделіне нұқсан келтірді деген шағым түсірмек(іскерлік бедел - іскерлік және кәсіби сапаға қоғамның берген көзқарсы мен әсері).Екінші шағым-Крестниковтың біздің компанияға келтірген шығынын өндіріп алу. Сонымен бірге біз Крестниковтың контрафакттық жұмысының көшірмесін американдық жазушы Теннантқа жіберіп не жібермейтінімізді шешеміз.

Бұл оқиғаның немен аяқталарын уақыт шешпек...

«ОКО» республикалық заңдық апталық, қараша 2010 жыл
Авторы: Вера Гаврилко

СОТ ШЕШІМІ ШОТ ЕМЕС

Тұтынушылар денсаулығына қауіп төндіретін тауарлар неге дүкендерге келеді?

Осы жылдың қыркүйек айында Петропавловск тұрғыны әмбебап дүкендердің бірінен жергілікті «Максимальный размах» ЖШС компаниясы шығарған бір қалта тұшпара сатып алады. Жартылай дайындалған өнім иісі көңіліні күдік келтірген тұтынушы санитарлық-эпидемиологиялық сараптама орталығына шағым білдіріп, өнім сапасын тексеруін өтінеді. Алайда, санэпидемиологиялық қызметкерлер күдікті тұшпара сыртындағы белгіде көрсетілген өндіруші фирманың қызметі тазалық тәртібі мен ережелерін өрескел бұзғандығы үшін осы жылдың маусым айынан бастап тоқтатылғанын хабарлап, тұтынушы көңілін су сепкендей басты.

Иістенген тұшпара

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Солтүсік Қазақстан облыстық санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің талабы бойынша Солтүстік Қазақстан облысының ауданаралық экономикалық соты 2010 жылы 21 маусымда «Максимальный размах» ЖШС компаниясы туралы шешім шығарған. Оның мәтіні ҚР Жоғарғы Сотының ресми ашық сайтында тұр. Кез келген қалаған адам оқып-таныса алады. Бірақ, өкінішке орай, тұтынушылардың көбі кешкі асқа қандай жартылай дайындалған өнім алуға болатындығын білу үшін мемлекеттік органдардың ресми сайтына кіре бермейді. Сатып алушылар одан гөрі «Максимальный размах» ЖШС шығарған өнімдерді «ең үздік азық-түліктер» деп жан сала жарнамалаған жергілікті баспасөздің «Өнім дәмді ғана емес, денсаулыққа да пайдалы» деген үгіт-насихатына көбірек ден қояды.

Соған қарамастан, «Максимальный размах» ЖШС-нің өнірістік ғимараттарына тексеру жүргізген санитарлық дәрігерлердің сот шетімінде атап көрсеткен кемшіліктерінің өзі бірнеше бетті алады. Қайда қарасаң да қаптаған заң бұзушылық, сау жер жоқ. Сот өндіру цехында ауа алмастырғыш қондырғының, жұмыс киімдерін қоятын арнайы бөлменің, жуынатын бөлменің, залалсыздандыратын заттарды сақтауға арналған орынның жоқтығын атап көрсетеді. Әжетханаға қызметкерлердің қолын залалсыздандыратын қондырғы қойылмаған, бір рет қолдануға арналған сүлгілер мен электр қуатымен

жұмыс істейтін кептіргіштер де жоқ. Сондай-ақ, дайын шикізаттарды сақтайтын қойманың жағдайы да тазалық шартына мүлде сай келмейді. Қызметкерлерді кезекті мерзімдік дәрігерлік тексеруден өткізу талабы дұрыс сақталмаған, дәрігерлік тексеру қортындысын тіркейтін журнал атымен жоқ, осындай көптеген кемшіліктер анықталған. Сондықтан санитарлық-микробиологиялық зерттеу нәтижесінде жартылай дайындалған «Хинкали» өнімінен бактериялық ішек таяқшалары тобының табылғанына таң қалуға болмайды. «Азық-түлік өнімдерінің құндылығы мен қауіпсіздігіне қойылатын тазалық талаптарына» сәйкес, азық-түлік құрамында мұндай микроорганизмдердің болуына тиым салынған.

Іс материалдарын зерттей отырып сот «Максимальный размах» ЖШС-нің өндірістік ғимараттары санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сай емес, сондай-ақ жартылай дайын өнімдерді өндіріп-өткізуге рұқсат беретін санитарлық-эпидемиологиялық қорытындының жоқтығы тұрғындардың денсаулығына қауіп тудыруы мүмкін деген шешімге келеді. Сот төрағасы Ю. Налимова Петрпавловск қаласы, Базарбаев көшесіндегі 2 «а» ғимаратында орналасқан «Максимальный размах» ЖШС компаниясының еттен және көк өністен жартылай дайын өнімдер өндіріп сатуын анықталған заңбұзушылықтарды толық жойғанға дейін алты айға тоқтатуға шешім шығарады. Қазіргі уақытта сот шешімін еріксіз орындату міндеті Солтүстік Қазақстан облысының Сот әкімшілігіне тапсырылған.

Көзбаяудың көкесі

Заңды сұрақ туады. Фирамың тазалыққа қайшы жағдайда дайындалған өнімдері сауда дүкендерінің сөрелеріне қалай жетті? Өкілетті орындар заңды белден басуға неге мүмкіндік берді? Міне, нағыз детектив осы арадан басталады!.. Қырағы тұтынушымыз сатып алған тұшпара қорабында өндіруші ретінде сот үкімімен жабылған «Максимальный размах» фирмасының аты-жөні көрсетілген. (Бас директоры – М. С. Калинин деген біреу). Алайда, өнімге берілген сәйкестік сертификаты «Максимальный размах» ЖШС-не емес, Калинин М.С. деген жеке кәсіпкердің атына толтырылған. Айтпақшы, ол кәсіпкер де сол мекенжайға, яғни, Базарбаев көшесіндегі 2 «а» ғимаратына тіркелген. Сертификат берген – өнім сәйкестігін растайтын «НацЭкс» АҚ-ның Солтүстік Қазақстан облыстық бөлімі. Сертификат 2010 жылы 29 наурызда берілген. Нақты жағдайда өнімді таңбалау тәртібі бұзылған. (Өндіруші жеке кәсіпкер Калинин болса, қорап сыртына «Максимальный размах» ЖШС-інің аты-жөні көрсетілген). Не бұл сертификат негізсіз.

Оқиғаға бойлап енген сайын, «көзбаяушылықтың көкесі» көбейе түседі. Петропавловск дүкендерінде «MAX RAZMAN GROUP» ЖШС-і шығарған

кезекті «Халал» тұшпарасы пайда болады. Белгісіне қарағанда өндіріс цехы сол баяғы мекен-жайда – Петропавловск қаласы, Базарбаев көшесіндегі 2 «а» ғимаратында орналасқан. Сауалдың көбейгені сонша, басың айналады. «Халал» сертификаты өнімге ғана емес, өндіріс орнына, буып-түюге, өнімді таңбалауға өте жоғары талап қояды. Егер сот Базарбаев көшесі, 2 «а» ғимаратында орналасқан өндіріс орнында өндірілген өнімдерді санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сай емес деп таныса, «Халал» сертификаты қалай беріледі?

Осының бәрі тұтынушыны еріксіз «көзбояушының көкесі осы екен» деген ойға қалдырады. Болмаса, жоғарыда айтылған «таңбалау ойынын» қалай түсінуге болады? Заң бұрмалауға көнбейді. ҚР Үкіметінің 2008 жылы 21 наурызда шыққан «Таңбалау, буып-түю, белгілеу және оны дұрыс жазу туралы техникалық талаптарды бекіту» атты нөмірі 277-і қаулысына сәйкес тұтынушыларға арналған ақпаратта өндірушінің мекен-жайы, өнімнің сапасына жауап беретін ұйымның аты-жөні толық көрсетілуге тиіс. Ал «Тұтынушылар құқығын қорғау туралы» заңда өндіріс орны шығарған өнімге міндетті түрде өндірістік белгі қойылады делінген. Онда дайындаушының есімі, мекен-жайы, дайындалған өнімнің сәйкестігін анықтайтын нормативтік-техникалық құжат көрсетіледі. Олай болса бір өнімнің сыртында бірнеше өндірушінің қатар таңбалануын қалай түсінуге болады? Мәселен, «Халал» тұшпарасының қорабында «MAX RAZMAN GROUP» ЖШС-і мен жеке кәсіпкер Калининнің аты-жөні бірге жүр. Ендігі сұрақ бақылаушы органдарға. Өндірушілер есімінің араласып жүруі ҚР-ның «Азық-түлік өнімдерінің қауіпсіздігі» туралы заңына қайшы келмей ме? Ал онда азық-түлік өндірушілерге «азық-түлік өнімін өндіру барысындағы сәйкестікті дайындау процесінің кез келген деңгейінде, айналымға түскеннен пайдалануға жарамсыз деп табылып, жойылғанға дейін толық сақталу» міндеті жүктелген.

«Меніңше, бұл жауапкершіліктен бас тарту үшін әдейі жазылған. Өйткені, «Максимальный размах» ЖШС-і мен жеке кәсіпкер Калининнің аты бөлек болғанмен, заты бір. Екеуі – бір өндіріс орны», - дейді Солтүстік Қазақстан облыстық кәсіпкерлер мен тұтынушылар құқығын қорғау Ассоциациясының төрағасы Надежда Дубовая. – Еріксіз «Сот шешімі не үшін шығады?» - деген сауал пайда болады. Әрине, тұтынушыларды сапасыз тауарлардан қорғау үшін. Сот үкімі осы жылдың 21 маусымында шығарылған. Одан бері төрт ай өтті. Біраз уақыт өткеннен кейін ол қайтадан баяғы кәсібіне кіріседі. Бұл жолы оның қандай ат қоятынын бір құдайдан басқа ешкім білмейді!..

Расында да, ЖШС «Компания Максимальный размах» басшыларының өз тауарының таңбасын қайта-қайта өзгеріске ұшыратуы – сот үкімінен бұлтартып қалу үшін ойлап табылған айла. Сол себепті бұны адал ни-

етпен жасалған амал деп айтуға адамның аузы бармайды. Мақалада «тайға таңба басқандай» көрсетіліп өткен деректер прокуратурадан бастап, Индустрия және жаңа технологиялар Министрлігінің техникалық реттеу және метрологиялық комитеті секілді бақылау органдарының назарынан тыс қалмай, қайта үлкен тексеріс жүргізуге бастау боларына сенеміз. «Око» газеті өз кезегінде журналистік зерттеуін әрі қарай жалғастырмақ. Себебі, мұндай кезде қол қусырып қарап отыру ағаттық болады. Сіз секілді, мен секілді қарапайым адамдардың өліміне әкеліп соғар оқиғаның орын алуына жол беруге болмайды.

P.S. Зерек оқырманның осы орайда бір сауалы туындауы әбден мүмкін. Неліктен осынау «Око» газетінің журналистік зерттеу жасауына мұрындық болған жағымсыз иісі бар тұшпара дүкен сөрелеріне сатылымға түскен? Құрметті оқырман, жартылай фабрикат өнімі лабораторияға сараптамаға жөнелтілгені есіңізде болар. Мақала авторының қолындағы 2010 жылдың 21 қыркүйегінен берілген №1084/312 сынама қорытындысының көшірмесіне сенер болсақ: «Сынаққа жіберілген сыртқы түр-түсіне, дәмі мен иісіне байланысты шығарылған қорытынды бойынша, ҚР СТ 1029-2000 «Аспаздық өнім. Тоңазытылған жартылай фабрикат. Негізгі техникалық шарттары» талабына сай емес. Сонымен қатар, сарапшылар сынаманың иісі мен дәмі «жағымсыз және жаңа өнімге жат қасиеттерге ие» деп көрсеткен. Меніңше, бұл оқиғада тек осы тұшпара жағымсыз атаққа ие болған жоқ. Жалпы осы оқиға біразға дейін адамдардың есінен кетпейтін болады.

*«Всё об охоте в Казахстане» республикалық журналы,
қыркүек 2010 жыл
Авторы: Марина Ангальдт*

ҚАТАРДАН КЕШ ҚАЛМАЙЫҚ НЕМЕСЕ КӨҢІЛДЕГІ ТҮЙТКІЛДЕР

«Қазақстандағы аңшылық кинологияның ахуалы қандай?» деген сауалды осы салада еңбек етіп келе жатқан ондаған маманға қойдым десем артық айтпаспын. Сондағы алған жауабым барлық жерде бірдей. Шыны керек, іштей қынжылдым...

Бүгінде отандық кинолог мамандарымыздың жағдайы мүшкіл. Сол себепті жақын арада бұл салаға жарық сәуле түсері екі талай. Кинолог мамандарымыздың айтуынша, Қазақстандағы ит баптау саласы қайта жанданып, бұрынғы деңгейіне жетуге мүмкіндік аз. Сонда бұған «Кім кінәлі?» және «Не істеу керек?» деген сұраққа жауап іздеуден әбден

шаршадық. Бұл мәселе, шыны керек, «Айта-айта Алтайды, Жамал апай қартайдының» кебін киіп отыр. Себебі, мәселе көтергелі он бес-жиырма жылдай болып қалды, бірақ билік тарапынан еліміздегі кинология кәсібіне дендеп көңіл бөлінген емес. Ал, қазіргі таңда бұл мәселе мүлдем назардан тыс қалып отыр. Сондағы олардың айтқан уәждері: «Бұл мәселені қалай шешу керек екенін білмейміз (сірә, білгісі де келмейді), сондықтан бүйректен сирақ шығармай-ақ қояйық...

Қарапайым адамның қалтасы көтермейді

Кеңес заманындағы көрсеткішпен салыстырар болсақ, бүгінде аңшы иттердің саны күрт азайған. Ондай ит жабайы аң ауларда таптырмас көмекші, әрі күнделікті өмірде тасадан шыққан ұры-қарыдан қорғар еді. Алайда мұндай асыл тұқымды итті асыраудың өзі – бір ғанибет. Тіпті, асырамақ түгілі, оны сатып алудың өзі арман ба дедім... Олай деуге негіз бар. Мысалы, асыл тұқымды курухарды сатып алғыңыз келсе, бюджетіңізден, кем дегенде, 300 евро, ирландық сеттерге 500 евродай бөлуіңіз керек. Ал, Ресейден әкелінген қазақы тазының бағасы ұсталған шетел мәшинесінің құнымен тең, 3-4 мың евроға дейін жетеді.

Оған тағы шежіресіне шығарар шығыныңызды қосуды ұмытпаңыз, ол бір 4-5 мың теңгедей болады. Сонан соң оны оқыту керек, баптау керек дегендей... Бұған 40-60 мыңдай кетуі әбден мүмкін. Сонымен қатар, сүйікті жануарыңызды күнделікті тамақтандырып, мал дәрігеріне көрсетіп тұру қажет. Осы талаптардың бәрін орындаған соң, өзіңіздің асыл тұқымды итіңізге жәрмеңкеде мамандардың баға бергенін қаларыңыз сөзсіз. Ал, Қазақстанда мұндай шараға қатысу үшін тіркелу барысында қалтаңыздан тағы 5-10 мың теңгедей шығаруға тура келеді. Оған және жолкіре, жатар орын, ішер асыңыздың ақшасын қосуды ұмытпағаныңыз абзал. Сонда басы-аяғы неше ақша керек?..

Павлодар ит баптау мектебінің басшысы, әрі баптаушысы Евгений Обиденконың айтуынша, мұндай сүйікті жануарына қомақты сома бөліп, оның оқуына қыруар ақша жұмсайтын азаматтар осы күнде саусақпен санарлық. Баптаушы соңғы төрт жыл ішінде небәрі бес аңшы ит баптаған (Евгенийге ит баптау мәселесіне байланысты келетін тек қалтасы қалың адамдар, оларға ондай иттер ішкі-сыртқы жаулардан қорған үшін қажет).

- Жалпы біздің елде аңшы итті баптаумен айналысатын адамдар жоқтың қасы, себебі, ол үшін біраз ақша жұмсау керек, - дейді Е. Обиденко, - Өзіңіз ойлап қараңызшы, аңшылыққа шыққанда көмекші бола алатындай итті баптау үшін тек қана оқыту жеткіліксіз. Сондай-ақ, оны бір емес, бірнеше рет аңға алып шығасыз. Ол үшін құрал-сайман, оқ-дәрі қажет. Ал, бір оғыңыз қазір 85 теңге тұрады...

Евгенийдің есебі бойынша, бір асыл тұқымды итті баптау үшін бас-аяғы 60 мың теңге шығарарыңыз даусыз. Ал, біздің анықтамамыз бойынша, бұл қайта ең арзан аңшы итті баптау мектебі болып саналады. Өйткені, астаналық, я болмаса алматылық жаттықтырушылар мұндай еңбегіне 800-ден 1500 евроға дейін сұрайды екен.

Бәрінен де қой артық...

Павлодарлық қазақы тазыны тәрбиелеп баптаушы Марат Нүкенов отандық итбегілердің бірі емес, бірегейі десем артық айтпаспын. Себебі, ол мұндай асыл тұқымды иттерді өзі асырап, өзі баптап отыр. Демек, қаржыны да өз қалтасынан шығарады. Ал, оның «тәлімгерлерінің» саны елуге жетіп жығылады. Маратты жергілікті және алыс-жақын шетелдердегі кинологтарға таныстырып жатудың қажеті жоқ. Өйткені, оның Қазақстандағы асыл тұқымды тазыны зауыттық үлгіде өсіріп баптауды өз қолына алғанына міне бірнеше жылдың жүзі болды. Сондағы баптаушының алға қойған мақсаты – аңшы иттердің ішіндегі дәл осы тұқымның жойылып кетпей, ең мықты экстерьерлік және аңшылық қасиеттерін сақтап, баптау. Ал, жақында Астанада өткен дара тұқымды иттердің жәрмеңкесіне қатысқан Мараттың иті үшінші орынды иеленді. Ең қызығы, бірінші орынды қанжығасына байлаған – ҚР Денсаулық сақтау министрі Досқалиев мырзаның жеке аңшы иті. Демек, ит баптаудағы қиыншылықтар барлық отандық жоғары қызметтегі шенеуніктерге жат болмағаны ғой. Ендеше, неге бұл мәселені май шаммен қарамасқа?..

Осы тұста Марат Нүкеновтың түйген өз ойы бар. Мараттың айтуынша, қазақстандық аңшы иттерді баптау мәселесінің назардан тыс қалуына «кінәлі» – жергілікті менталитет. - Яғни, Қазақстан үшін, сиыр немесе қоймен салыстырғанда, асыл тұқымды иттер «табыс көзіне» айнарлар жануар емес, - деп түсіндіреді М. Нүкенов, - Тіпті біздің елде итбегілік кәсіптің құқықтары мен міндеттерін реттейтін заң жоқ, қабылданбаған. Ал, басқа алыс-жақын шетелдерде кинология кәсібі әлдеқашан заңдастырылып, түрлі сайыстарды ұйымдастыру шараларына мемлекет тікелей араласып, өз қазынасына қаншама қыруар қаражат құйып жатыр...

Еуропа елдерін мысалға алайық. Германияда Асыл тұқымды иттер Одағына жүз мыңға жуық жергілікті итбегі мүше екен. Ол ол ма, тек Неміс овчаркасы Одағының өзіне ол жақта жүз мың адам мүшелік етеді!.. Ал Швецияда асыл тұқымды иттердің клубтары үлкен бір федерацияға бірігіп, бүкіл швед кинологиясы саласының жұмысын реттеп қана қоймай, белгілі бір сауал туындаса, оны заңды түрде шешеді. Олардың кинолог мамандарының бетін қақпайды, аузын қу шөппен сүртпейді!..

Қазақстандық кинологтарды, шыны керек, мұндай дәрежеге жақын арада көтере қоюы екі талай. Мұндай мәдениет біздер үшін, өкінішке қарай, «арман»!.. Алайда осыдан жиырма-отыз жыл бұрын кинология кәсібі бір жүйеге келтіріліп, әжептәуір дамып келе жатқан болатын. Сол себепті де ішім қан жалайды...

Қолды болған мамандар

М. Нүкеновтың пікіріне тәжірибелі, білікті **аңшы, әрі итбегі Вениамин Ворошилов** та толықтай келіседі. Қазақстандық кинология кәсібінің қазіргі мәселелері тікелей Кеңес Одағы кезіндегідей біржүйеліліктің жоқтығына байланысты. Одан қалса, В. Ворошиловтың айтуынша, білікті кинолог және аңшы мамандардың шетел асып кеткені жығылғанға жұдырық болды. Ал, елде қалған мамандардың көбісі ішімдікке салынып кеткен. Ал, олардың орнын жаңа мамандармен алмастыруға әзір ешкім асықпайды.

- Біздің ең басты қателігіміз өз өткен күнімізден қалып қойғанымызда, тіпті шаңына да ілеспей қалғанымызда, - деп қынжылады В. Ворошилов, - Олқылығымыздың орнын толтыру үшін басты назарды жаңа маман даярлауға аудару қажет. Өйткені, қазіргі таңда асыл тұқымды иттерді өсіріп, баптап жатқан кәсіпқой емес, әуесқой итбегілер. Демек, олар бұл кәсіпті толыққанды, бүге-шүгесіне дейін білмейді.

Осы пікірге Павлодар қаласындағы **ЦКФ «Сталкер» басшысы Елена Проценко** да қосылады және қазір нағыз отандық кәсіпқой кинологтарды дайындайтын уақыт деп есептейді. Еленаның айтуынша, бүгінде Павлодардағы бірде-бір сарапшының қолында жаңа лицензия жоқ (осыдан он жыл, я одан да көп жыл бұрын берілген рұқсат қағазының негізінде күші жоқ), яғни, бұл – ол сарапшылар асыл тұқымды иттерді бағалайтын жәрмеңкелерде және үздік иттерді анықтайтын сараптамаларда төрелік ете алмайды деген сөз.

Егер дара тұқымды аңшы иттер жәрмеңкесі жайлы айтар болсақ, соңғы рет мұндай шара Павлодарда он жыл бұрын өткізілген болатын. Себебі, аңшы иттердің саны бізде өте аз. Соңғы кезде елімізде ұйымдастырылып жатқан ұлттық кинология сайысына иттердің барлық түрлері бірдей қатыса береді. Оған қоса, сайысқа қатысушылардың айтуынша, ол сайыстардың өзі жоғары деңгейде өтпейді. Олай деуге негіз бар. Мәселен, көбінесе сайыс дәл уақытында басталмайды, бірнеше сағатқа кеш бастап жатады. Бұл уақытта иттер шаршап, я болмаса олардың қарны ашып қалуы мүмкін. Әлде ұйымдастырушыларға осының бәрін тәптіштеп түсіндіріп жату керек пе? Анықтама, каталог дегендерде көп қате кетеді және көбіне-көп объективті түрде төрелік жасай бермейді.

P.S. Еліміздегі аңшылық итбегі саласындағы былықтар жайлы айта берсең, таңды атырасың. Мейлің, ол билік тарапынан қолдау көрсетілмейтіндігі болсын; мейлің, ол өмір сүру деңгейінің төмендеуі болсын, шекарадағы былық-шылық болсын және мамандардың жетіспейтіндігі болсын... Алайда осы айтылған сөздердің бәрі өз жүйесін, өз иесін тапса игі. Себебі, біздің елдің осы салада да әлемдік деңгейде өзін-өзі көрсетуге толық мүмкіндігі бар. Ең бастысы, бүгінде кинология саласында орын алып жатқан қиыншылықтар өз шешімін табатынына сенемін. Келер күннен үміт бар, себебі, «Көш жүре түзеледі» емес пе?..

*«Бәрі де Қазақстандағы аңшылық жайлы» Республикалық журналы, желтоқсан 2010 жыл.
Авторы: Марина Ангальдт*

ЕРТІС «ҮШБҰРЫШЫ» НЕМЕСЕ ҚОРҒАУЛЫ АЛҚАПТЫҢ ҚҰПИЯСЫ АЛДЫНДАҒЫ ҚИСЫННЫҢ ӘЛСІЗДІГІ ТУРАЛЫ

Павлодар облысында да өзіндік «бермуд үшбұрышы» бар. Бұл – Ертіс өзенінің жайылма алқабы, оның ерекше қорғалатын табиғат өлкесі мәртебесі тек сөз бен қағаз жүзінде ғана болып отыр, ал құжаттарының заңды құндылығы тым күмәнді.

Тоғыз жыл бойы жергілікті тұрғындардың санасына симайтын сан алуан сұрақтар мен жұмбақ қайшылықтар туындатқан өзінің осындай оғаштығы үшін Ертістің жайылма алқабы кейбір қисынсыз заңнамаларға міндетті...

Құрдым

Ұзақ жылдар бойы Ертіс өзенінің жайылма алқабы өзінің суармалы шабындығымен бірге жергілікті тұрғындардың аң аулауына аса қолайлы жерлердің бірі болып келді. Ол жерде аңшының саятшылық құмарын қандыруына да, аңшы иттердің олжа үшін кеңінен созыла шабысына да мүмкіндік бар еді. Аалайда 2001 жылы ҚР Үкіметінің Қаулысы шығып, осы кезге дейін ашық жатқан әрі жалпыға ортақ болған аумақ бір мезетте ерекше қорғалатын табиғат өлкесіне, - қорыққа айналып шыға келді. Сол кезден бастап Ертістің жайылма алқабына бару аңшылар үшін орындалмас арманға айналды.

Бірақ бір парадокс: алқаптың жаңа мәртебесіне сәйкес өзен күзеті өз жұмысын тоқтатты. Осы кезге дейін асығыс құрылған қорықтың орман

қорын және жануарлар әлемін баықлауды тиісті дәрежеде іске асырушы өз қызметі әлі жоқ.. Бұл жұмысты Павлодар облыстық табиғат ресурстары басқармасына қарасты Павлодар, М.Горький және Үрлітөбе орман қорғау және жануарлар әлемін өрбіту жөніндегі үш мемлекеттік мекеме қызметкерлері ара-тұра атқарып отырады. Бірақ Ертістің жайылма алқабының флорасы мен фаунасының сақталуына және өрбітілуіне олардың ешқайсысы заң жүзінде жауапты емес.

Ең қызығы, қорықтың заңды «қожайыны да» , тиісті жобалары да жоқ. Ал ең сорақысы ресми түрде ерекше қорғалатын аймақ мәртебесі берілген аумақта өсімдіктердің сирек кездесетін түрлері жыл сайын жойылып, құстар мен балықтар қырылып жатыр. Оның себебі – Шығыс-Қазақстан облысындағы Шүлбі және Бұқтырма су қоймаларының табиғат қорғау өткелдерінің көлемі бұзылғандығына байланысты болып отыр. Мысалы, жағалаудағы аумақты қоқыстардан тазарту және төлдер мен жас балықтарды құтқару жұмыстарына негізінен студенттер ғана жұмылдырылады...

Жалпы, Ертіс өзенінің жайылма алқабының біртіндеп өлі өлкеге айналу мәселесі жергілікті тұрғындар арасында аңызға айналды. Бұл кесепатты бәрі көріп, біліп отырғанмен де оны келешекте қорғауды қолға алу мәселесі әлі айқындалмай отыр. Сонымен қатар, қорықтың және оның аумағында көптеп (атап айтсақ – бір мың жүз алпыс сегіз шаруашылық, - ескертпе) орналасқан шаруа қожалықтарының бұдан арғы заңды мәртебесі де тұманды. Дегенмен ретімен тоқталайық...

Жұмбақ ережелерге сәйкес берілген кво-мәртебе

Ертістің жайылма алқабын жабық өңірге айналдыру туралы бастаманы көтерген «Ұлы Ертіс» («Великий Иртыш») тәуелсіз су тұтынушылар қауымдастығының бұрынғы төрағасы Ж.Рамазанов еді. Дәл соның ұсынысымен жайылма алқап бір мезетте өзінің қазіргі мәртебесін иеленіп алды. Қоғам белсендісі сол кезде осы реформаның қажаттігі туралы елдің бәрін барынша үгіттегенде мүмкін тек жақсы мақсатты ғана көздеген болар. Бірақ, керісінше, оның жақсылық жаршысы болу арманы іске аспай қалды, - Рамазановтың ойын павлодарлықтар теріс деп санап, оны қолдамай қойды. Әсіресе, заңға жаңа түзетулер енгізілуіне байланысты мемлекеттік бюджеттен (қорықтың флорасы мен фаунасын сақтап, өрбіту үшін) бөлінетін қаражаттың берілмеуі мүмкін екендігі анықталғаннан соң тіпті қарсылық күшейді.

Өздерінің сүйікті істерімен айналысу мүмкіндігінен айырылып қалған аңшылар тіпті қатты ашынды. Мысалы, облыстың Май және Ақсу сияқты аудандарында жайылма алқаптан басқа аңға шығатын жер жоқ. Сол уақыттарда Павлодар облыстық аңшылар қауымы мүшелерінен

сансыз арыз келіп түсті, - айрықша белсенділік танытқандары тіпті астанадағы министрліктерге де хат жолдап, шенеуніктерге жайылма алқапта аң аулаудан ешқандай зиянның болмағандығын түсіндірмек болды. Бірақ министрліктерден жөні түзу жауап әлі күнге дейін келген жоқ. Сөйтіп жайылма алқаптың жаңа мәртебесі төңірегіндегі дау-дамай біртіндеп басылды, ал аңшылар көңдігіп, бейімделді...

«Ұлы Ертістің» қазіргі басшысы (бұрынғы Рамазанов сырқаттанып, қайтыс болып кетті, -ескертпе) А.Аженов аңшылыққа тиым салынғаны туралы тіпті естімеген болып шықты. Және де ол Ертіс өзенінің жайылма алқабында он бес жылдан аса мұқият зерттеу жүргізілмегендіктен, мұндай қаулының қалай шығарылғанына таңданды. Сонда жайылма алқап алдын-ала зерттеу жүргізілместен мемлекеттік қорғаулы алқапқа айналған ба?.. Айтары жоқ, шешілмес жұмбақ!

Жуырда билік басындағылар арасында Ертіс өзені қорығына кезекті мәртебе беру туралы сөз қозғалды. Бұл жолы – табиғат жетілдіру қоры мәртебесі. Алайда осы жоба бойынша жұмыстар басталмай жатып, кенеттен тоқтап қалды. Павлодар облыстық орман және аң шаруашылығы аумақтық басқармасының бас маманы С.Сағадиев бұл жобаның жүзеге асырылуына тосқауыл болған экономикалық дағдарыс деп отыр.

Дегенмен, уақыт жеткілікті, дейді Сағадиев, - «Жасыл даму» бағдарламасына сәйкес табиғат жетілдіру қорын жасау жөніндегі ғаламат жоспарды іске асырудың соңғы мерзімі – 2014 жылдың аяғы.

Оның мақсаты ерекше қорғалатын табиғат өлкелерінің бірыңғай қазақстандық жүйесін жасап, жұмысын жандандыру. Дегенмен де, тіпті, егер мемлекет қазынасында «ертис өзенінің жайылма алқабы» қорығын табиғат жетілдіру қоры етіп қайта құруды аяқтау үшін қаражат табылғанмен де, осының бәрі жүзеге асырылатынына сенім жоқ. Өйткені, алқаптың аумағында, жоғарыда айтып өткеніміздей, мыңнан аса шаруа қожалықтары орналасқан. Сондықтан жекешелендірілген жерлерде табиғат жетілдіру қорын қалай құратыны тіпті миға симайды. Павлодар облыстық орман және аң шаруашылығы аумақтық басқармасында осы мәселеге қатысты маңызды түсініктеме бере алмай отыр: білмейміз дейді.

P.S. Қалай болғанда да, алқапты қайта құрудың жұмбақ мәселесі әлі де шешімін таппай отыр, жергілікті аңшыларға бұдан келіп-кетер еш пайда жоқ. Аңшылыққа салынған тиымды ешкім де жойғысы келіп отырған жоқ, - Ертіс өзенінің жайылма алқабында мылтық асынып жүру әлі де айыппұлмен жазаланады. Жайылма алқап ерекше қорғалатын аумақ болғанына қарамастан балық аулауға осы кезге дейін рұқсат етілгенін

тағы ескерте кеткім келеді. Мүмкін, кезекті «қисынсыз заңдылық» шығар?..

Расында да, егер әділет тұрғысынан алсақ, онда іс жүзінде балықшылар да сол аңшылықпен айналысып жүр, бірақ тек балық ұстайды. Және де, қармақ ұстаған адамдар өсімдіктердің сирек кездесетін түрлерін таптап тастап, орманға өрт салуы да мүмкін емес пе?! Қорық аумағында балық аулауға неге тиым салмайды?.. Аңшы -биолог В. Ворушиннің пікірінше, бұл жерде бәрі де түсінікті, егер де жергілікті тұрғындарға балық аулауға да тиым салса, онда тіпті демалатын жер де қалмайды, қоректену мүмкіндігі де жойылады. Жергілікті тұрғындардың отыз пайызының тіршілік-күнкөрісі тікелей осы Ертіс өзенінің жайылма алқабымен байланысты екені ешкімге де құпия емес.

“Казахстанская правда” газеті, тамыз 2010жыл

Авторы: Татьяна Бредихина

ПАРОДАКСальді ОПЕРАтивтілік

Жоғары сот алқасы бақылау өндіріс іс қозғаудан бас тартқан соң Виктория Колбинаның бар үміті тек Бас прокурорда еді.

Осыдан үш жыл бұрын Жамбыл облысы Мерке аудандық сотының судьясы Еркін Кенбаев Николай Смирновты 11 жыл бас бостандығынан айыру туралы шешім шығарды. Содан бері оның жұбайы Виктория Колбина күйеуінің ақталып шығуы үшін күресіп жүр. Тергеу ісінің нұсқасында ол бір өзі қолмен бір тонна кенепшөп дайындаған. Және де бұл салынған айыптың негізіндегі жалғыз парадокс емес. Құжаттарға сенетін болсақ, айыпталушының осы шөпке қатысы болғанын анықтаған сот алдындағы химиялық экспертиза шешімі таңертең оннан жиырма минут кеткенде дайын болған, ал сол экспертизаны өткізу үшін айыпталушының қолынан алынған белгілер сол күні күндізгі бір жарымда орын алған. Жергілікті полицейлердің ерекшеленуге деген құштарлығы дұрыс ақыл-ес пен жай ғана логикадан күшті болғаны ғой.

Лайықты кандидат

...Таразға ерлі-зайыптылар Колбинаның ұлы Максимге келген. 2007 жылдың қыркүйегінде оның отбасында тұңғышы дүниеге келуі керек еді. Қалада Николай Дмитриевичке жұмыстың да орайы табылып, ол

вокзал маңайындағы «Түрксіб» мейрамханасын жөндеу жұмыстарына қатысатын болды. Тапсырыс беруші Айгүл Ақшалованың ұсынысын бірден қабылдады. Адал жұмыс істеді. Смирнов туралы түсініктемесінде басшысы: «Өзін өте еңбекқор, ұқыпты және құдайдан қорқатын адам ретінде көрсетті. Нашақорға ұқсамайтын» деп жазды. 2007 жылдың 9-қыркүйегі, жексенбі күні Ақшалова оған жұмысы үшін 60 мың теңге береді. Ал, келесі күні таңертең Николай қамауға алынады, қалтасында бір тиын ақшасы жоқ.

Дәл осы кезде аймақта «Көкнәр-2007» жедел іздеу шарасы жүріп жатқан-ды. Өкінішке қарай, Смирнов барлық тұсынан қылмыс ашудан үлкен нәтижелерді көздеп, дәлелдің айшықтығы сияқтығы «ұсақ-түйек» дүниеге мән бермейтіндер үшін таптырмайтын адам боп шықты. Өзбекстан азаматы, орта білімді, ресми ақпарат бойынша жұмыссыз, арам ойы жоқ және ешқандай мықты таныстары да табылмайды. Мұндай адамды кім қорғаштайды дейсіз?

«Казахстанская правда» газетінің редакциясына Виктория Колбина осы жылдың сәуір айында өтінішпен келді. Әйелдің айтуынша, оның күйеуін аяқтан шалған, айыпты ойдан шығарған. Жеке тергеуді біз қылмықтық істі зерттеуден бастадық. Құжаттармен танысқан соң осы оқиғаның екі нұсқасын жасадық.

Бірінші нұсқа.

Тергеу ісінің мәліметтері бойынша, Николай Смирнов 2007 жылдың 9-қыркүйек күні шамамен сағат 14:00-де такси жалдап Мерке ауданына барады. Хаттама бойынша оның мақсаты «аса ірі көлемдегі есірткі заттарын заңсыз сатып алу және сақтау». Ол Тәтті ауылының маңынан түсіп қалып, жабайы кенепшөп өсетін құмды жер жаққа тартқан. Жоғарыда аталған ауылдан бес шақырым жерде Смирнов шөпті көріп, оны жұла бастайды. Және бір түннің ішінде, ешқандай құралсыз бір тоннасын жинайды, нақтырақ айтқанда 1005 кг!

Таңертеңгі жеті жарымда ол Мерке ауданы және осы жерге іссапармен келген Павлодар облысының ішкі істер департаментінің қызметкерлерімен ұсталынады. Смирновтан бірнеше метрдей жерде қараусыз қалған көлік кузовының астында осы шөптің тағы бір үйіндісі болған көрінеді. Оған қоса қамауға алу барысында болған Мерке ауданының есірткі бизнесімен күрес бөлімінің қызметкері Бауыржан Ибрагимов сотта Смирновтың қасында бір шөлмек арақ жатқанын көрсетті, бірақ айыпталушының өзі сау болған...

Айыпталушыны және жақын жерлерді тексеру барысына Меркі ауданының тұрғындары Ержан Дәрімқұлов пен Юрий Осипов қатысты. Олар полиция қызметкерлерінің шақыруы бойынша куәгер ретінде екі-

үш (!) күнге осы шараға қатысуға келіскен-міс.

Осымен-ақ бәрі түсінікті сияқты. Әрине, мұндайда видеокамераға түсірген жөн. Сол кезде полиция қызметкерлерінің осы «керемет» ісінде еш күмән болмас еді.

Екінші нұсқа.

Николайдың айтуынша, ол ауданға жалғыз бармаған. Жөндеу жұмыстарының аяқталуына екі аптадай қалғанда оған Рустам есімді жігіт келетін болған (оның фамилиясы мен мекен-жайы редакцияға белгілі). Бұл жігіт оны құрылыс нысанының қожайынымен келістіріп беремін деген уәдемен екеуі вокзалдан бағытты таксиге отырып кетеді.

Меркенің өзіне жетпей, оның серігі дүкендер орналасқан жерден түсіп қалуды ұсынған. Николай тоқаш, ал оның серігі бір шөлмек арақ алады. Кейін олар көк жигулиге отырады. Ішілген арақтан кейін Николай ес-түссіз ұйықтап қалады. Ол тек таңертең салқыннан кенепшөп үйіндісінде есін жинайды. От жаққаны сол еді, оны ұстап алды.

Бұл алдын-ала дайындалған айла дейді Колбина. Бұл жер жалғыз ағашпен тез анықталады. Жартылай бұзылған, фундаменті қалған ескі ғимарат та бар. Виктория Николаевна Рустам берген арақта қатты әсер ететін психотропты препарат бар болуын да жоққа шығармайды. Сол үшін оның айыбын бірден дәлелдеген жоқ. Керекті анализдерді барлығы тек бір аптадан соң жасалған (бұл да таң қаларлық жәйт).

Смирновтың айтуынша, оқиға орнында ешқандай арнайы куәгерлер мүлдем болмаған, бірақ Рустам болыпты. Қаша жөнелген оны полиция қызметкерлері қуып жетті.. бірақ бірден жібере салған.

Істің сорақылығы

Оқиға орны мен айыпталушыны, яғни Смирновты 10-қыркүйек күні сағат таңертеңгі тоғызда тексеріп болған. Ал, оннан жиырма кеткенде экспертиза нәтижелері дайын тұрған!

Демек, бір жарым сағаттан аз уақытта полиция қызметкерлері бір тонна шөпті көлікке салып, Тәтті ауылынан 32 шақырым жерде орналасқан аудан орталығына жеткізген. Содан кейін айыпталушының қолынан, аузынан үлгілер алынып, мәліметтің барлығы хаттамаға жазылған. Не деген оперативтілік!

Бірақ Мерке ауданының зертханасында кімнің үлгілерін зерттегені белгісіз. Өйткені аға эксперт С.Назаренко дайын эксперттік шешімнің астына өз қолтаңбасы мен жұмыстың уақытын қойғаннан кейін үш сағат өткен соң ғана фельдшер С.Байболатова қажетті үлгілерді алды.

Бұл сорақылықтың беті Меркенің орталық емханасы Марат Жаманқұловқа редакцияның салған сұрауына келген жауаптан соң ашылды. Ал, жабайы өсімдіктің және лаборатория алған үлгілердің нақты әкелінген уақыты туралы сауалды біз Жамбыл облысының сот экспертизасының ғылыми-өндірістік зертханасының Мерке ауданы бөлімінің жетекшісіне жолдадық. Дегенмен, ол газетке жауап қайтармады.

Тағы бір қызықты жәйт. Зертханаға әкелінген шөпті эксперт маман Назаренко орылған екенін анықтаған, өйткені жартыметрлік өсімдіктің тамыры болмапты. Бұл жәйт полиция қызметкерлерінің Смирнов шөпті қолмен жұлған деген нұсқасымен жанаспайды.

«Комбайн» адам

Өз жұбайын қорғауға білек сыбана кіріскен В.Колбинаның арқасында бір адам бір түнде өз қолымен тонна шөпті жинай алмайтындығы дәлелденді. Ол комбайн емес қой! Виктория Николаевна базарға барып, жем-шөп сатушылармен сөйлескен. Теңдердің габаритін қарап, сатушылармен кеңескен, көргенінің барлығын видеоға түсіріп алған.

Сонда нығыздалған жем-шөптің көлемі мынадай болады екен: 3 (ұзындығы) x 2 (ені) x 2 (биіктігі) метр. Жаңадан орылған шөптің қандай көлемде болатынын елестетіп көріңіз. Сонымен қатар, С.Назаренко зертханаға екі адамнан екі полиэтиленді шатырға салып әкелінгенін айтты. Сонда, әр қайсысына 250 келіден деген сөз.

Апелляция беру орталығында Колбинаның дәлелдеріне ешкім құлақ аспады. Бірақ облыстық прокурор А.Кәрімовтың наразылығы бойынша Жамбыл облыстық сотының бақылау алқасының судьясы Смирновқа қатысты істі өзгертті. Оның мерзімін алты жылға дейін азайтып, оны қатаң түрдегі тергеу абақтысынан жалпы жағдайдағы тергеу абақтысына ауыстырды.

Осындай жағдайда Смирновтың қорғаушысы болды ма деген сұрақ еріксіз ойға келеді. Болуына болды ғой, бірақ оған иә ашуланарыңды не таң қаларыңды білмейсің. Өйткені тіпті заң туралы түсініктің мұрнына иісі де бармайтындарды қызықтырған мәліметтер Ж.Досайұлына мүлдем әсер еткен жоқ. Қылмыстық істің мәліметтерімен танысқандығы туралы хаттамасында жоғарыдағы сипаттамасына сай: «ескерту мен өтінішім жоқ» деп жазылған. Сонымен қатар, Ж.Досайұлының қолтаңбасының сәйкестігіне қатысты ешқандай да экспертиза жасалған жоқ. Оған қоса қылмыстық істегі көптеген хаттамаларда Смирновтың өзі қол қоймағандығы анықталды. Бұл дерек Жамбыл облысының ғылыми-өндірістік зертханасының expertі А.Черняховскийдің сот экспертизасы бойынша қорытындысында айшықталады.

Демек, істі Меркенің ішкі істер басшылығының тергеушісі Аршат Макаев жүргізсе, ол құжаттарға қолды кім қойғанын білуі керек. Өкінішке қарай, осындай олқылық үшін маманға қандай жаза қолданылғаны біздің редакцияға белгісіз.

Жоғары сот алқасы бақылау өндіріс іс қозғаудан бас тартқан соң Виктория Колбинаның бар үміті тек Бас прокуратурада еді.

12-шілде күні ол Қайрат Мамидің жеке қабылдауында болды. Бүгінге республиканың бас тексеруші органы қылмыстық істің материалдарын қайта сұратқан.

P.S. Осы жылдың 17-тамызында өткен құқық қорғау жүйесін реформалау жайында жиында ел басы жұмыстың сапасына баса назар аударды және құқық қорғаушылар жұмысының басты критерийі – халық сенімі екенін айтып өтті. Ол өз қызметін адал атқарған, заңды бұлжытпай орындаған және азаматтардың құқығын сыйлаған жағдайда ғана пайда болады. Бірақ біз сіздерге баяндап берген оқиғада олардың ешқайсысы да жоқ...

28.09.10 **(Резонанс)**

МӘСЕЛЕ ЖОҒАРЫ СОТТА

Бас прокуратура айыпталушыны ақтады

Көп адамның қуанышына орай Тараз колониясында есірткіге қатысты қылмысы үшін отырған Өзбекстан азаматы Николай Смирнов ақталды. Н.Смирнов қылмыстық ісінің қаншалықты «бір түрлі» екендігі жайында «Казахстанская правда» газеті Татьяна Бредихинаның 2010 жылдың 27-тамызында жарық көрген «ПАРАДОКСальді ОПЕРАтивтілік» мақаласында айтқан еді. Енді, міне Смирнов қамауға алынғалы тура үш жылдан соң бас прокуратураның орынбасары Иоган Меркель айыпталушының әрекетінде қылмыс құрамы жоқ деген себеппен Жоғарғы сотқа бас сот актілерінің барлығына наразылық енгізді.

Бастапқыда Мерке аудандық сотының судьясы Еркін Кенебаев Николай Смирновқа қатаң түрдегі тергеу абақтысындағы 11 жыл белгілеген. Бұл істің көп қарама-қайшылықтар мен түсініксіз жәйттері болды. Смирновтың шөп арасында оянуынан бастап, сот экспертизасына дейін.

Тергеу амалдарының нұсқасы бойынша Смирнов өз қолымен бір тонна кенепшөп жинаған. Ал, экспертизаға болса тамыры жоқ орылған шөп әкелінген. 2009 жылы оның әйелі Виктория Колбина ешқандай құралсыз осындай көлемдегі шөпті жинау мүмкін еместігін дәлелдеп шықты.

Жамбыл облысының прокуроры сот актілеріне наразылық енгізді. Нәтижесінде Смирновтың қылмыс өтеу жазасы өзгертіліп, оның мерзімі алты жылға қысқарып, ол жалпы тергеу абақтысына ауыстырылды.

Бірақ Виктория Николаевна жұбайының еш кінәсі жоқ екенін дәлелдеуден шаршамады. Ағымдағы жылдың сәуір айында Виктория Колбина бас прокурормен кездесу үшін Астанаға келді.

Сол кездің өзінде оның қолында қолтаңба анықтау экспертизасының нәтижесі болды. Ол жерде тергеу барысында жасалған құжаттарда Смирновтың қолтаңбасы жоқ екендігі айтылған. 2009 жылдың 12-шілдесінде Виктория Николаевна бас прокурор Қайрат Мамидің қабылдауында болып, прокурор өз кезігінде бұл іс өз әділетті шешемін табатындығына уәде берді.

Өз кезегінде газет редакциясы жеке зерттеуін жүргізді. Соның барысында бас прокуратураның құқықтық статистика және арнайы есептер комитетіне, Мерке ауданының сот экспертизасының ғылыми-өндірістік зертханасына және ауданның орталық емханасына арнайы сұрау салынды.

Емхананың бас дәрігері Марат Жаманқұловтың жауабы Смирновтың ісіндегі «шикілік» жайында біздің ойымызда күшейте түсті. Соттың химиялық экспертиза нәтижелері айыпталушыдан қажетті үлгілер алынғаннан үш сағат бұрын шыққаны белгілі болды.

Осы факт жайында редакция қызметкерлері шұғыл түрде жоғары тексеру органына хабарлады. Колбинаның бас прокурормен кездесуінен кейінгі істің қаралу уақыты ұзартылды, қылмыстық істің құжаттары қайта сұралды. Істің мән-жайы анықтап қайта қаралғаннан кейін бас прокурордың орынбасары Иоган Меркель жоғары сот инстанциясына ресми түрде наразылығын жіберді.

Смирнов Н.Д. мырзаға қатысты барлық сот актілері оның әрекеттерінде қылмыс көрінісітері жоқ деген себеппен алып тасталынды, - деп прокурорлық құжатта жазылған. Сонымен қатар, ол жерде тергеу барысында айыпталушының конституциялық құқығы және бостандығына нұқсан келтірілгендігі, жазықсыз адамның түрмеге қамалуына алып келген заңның дұрыс қолданбағандығы айтылады.

Сонымен қатар, осы заң бұзушылыққа қатысты Мерке ауданының тергеушісі Аршат Мақаевтің материалдары Жамбыл облысы бойынша ҰҚК-не жіберілгендігі айтылады.

Енді кезек Жоғарғы сотта. Виктория Колбинаның бізге хабарлауынша, оның жұбайына шартты түрде уақытынан бұрын босатуға байланысты бостандыққа шығуға ұсыныс жасалыпты...

ҰЛЫҚБЕК БАБАҚҰЛОВ

ЖУРНАЛИСТІК ЗЕРТТЕУДІ ҚАЛАЙ ЖҮРГІЗУ КЕРЕК?

Іс – темекі (Дело - табак)

Журналистік зерттеудің оқырманға белгісіз тұсы – қызықты зерттеу жасау үшін қажетті тақырып таңдау. Оқырмандармен әңгіме-дүкен құру тәжірибесін еске ала отырып, көп адамның тереңдетілген журналистік жұмысқа кез келген тақырып келе береді деп ойлайтынын айта аламын. Тіпті, кейбір баспасөз өкілдерінің өзі кез келген оқиғаға байланысты ақпарат жинауды зерттеу қатарына жатқызады. Шыны керек, кезінде өзім де осындай пікірде болғанымды мойындаймын, тек журналист-зерттеуші болып, біліктілігім артқалы бері ол ойымнан қайтып, жаңа ұйғарымға келіп тоқтадым.

Сонымен, журналистік зерттеудің өзегі не болуы мүмкін? Мәселен, бір атақты шенеунікті не танымал қылмыс әлемінің беделдісін өлтіріп кетті делік (есімде, қайбір кездері осындай оқиғалар жиілеп кетіп еді). Мұндай қазаның өзі – жаңалық, журналист өлтірді деген адамға және тапсырыс берушіге, қылмысқа не себеп болғандығына қатысты өз болжамдарын, бұдан әрі оқиға оқиғаның өрбуіне қатысты ойларын, т. б. айта алады. Алайда бұл журналистік зерттеу бола алмайтын негіз.

Ал, бірақ, енді бірінен кейін бірі атағы жер жарған кісі өлтіру оқиғалары болып жатса, соңына түсіп, мәселенің мән-жайын анықтамаққа ұмтылып көруге болады. Алайда біраз уақыттан кейін өзіңіздің жоғалып кететініңізге кепілдік беремін. Сондықтан, «мықты» жігіттердің қатысы бар істерді құзырлы органдардың еншісіне қалдырған жөн, олар сол үшін жалақы алып отыр.

Барлық дүние бастауы – тақырып

Журналистік зерттеу жүргізуге өзге де қауіпсіздеу (дұрыс жүргізе алсаңыз) және қызықты тақырыптарды табуға болады. Құрметті оқырманым журналистік зерттеу жүргізу үшін оқиға түріндегі негіздің қажет еместігін түсінді деген үміттемін. Тақырып ұзақ уақыт бойы бір-бірімен байланысты оқиғаларды мұқият зерттеуден де келіп тууы мүмкін. Менің тәжірибемде ұзақ мерзімге (кейде жылдарға) созылған оқиғалар желісінен тұратын зерттеулер аз емес: ол, мысалы, республиканың оңтүстігіндегі балалар жезөкшелігіне қатысты мәселе, бұл зерттеудің барысында мен жас балаларды «сатып алу» үшін арнайы орындарға баруыма тура келді; ол ірі психиатрлық мекемелердегі психикалық аурулардың жағдайына қатысты мәселе, бұл зерттеу барысында мен емделушілердің еңбек күші ретінде пайдаланылуына байланысты адам сенбес мәліметтер жинадым және тағы басқалары. Бұл зерттеулердің бірде-бірі қандай да бір жаңалықтың пайда болуына байланысты басталған жоқ.

Мен өзім мақтанатын және мақтануыма болады деп санайтын зерттеулерімнің біріне толығырақ тоқтасам ба деймін. 2001 жылдың ортасында мен қырғызстандықтардың қазақ темекі плантацияларында батырақ болып жүргендіктеріне байланысты зерттеу жүргізуге кірістім. Проблеманы және жоспарланған жұмысты талқылау барысында, біз, бір топ журналистер, мәселені объективті түрде және анық жазып көрсету үшін, маған құлдыққа сатылу қажет деген ұйғарымға келдік.

“Топтық ойын”

Азғантай шегініс жасайын. Толыққанды зерттеуді жалғыз жүргізіп шығу, тіпті ең мықты журналистің де қолынан келе қоймас, ол үшін өте көп күш, уақыт және қаржы керек. Ауқымды және қызықты зерттеуді журналистер тобы ғана жүзеге асыра алады.

Мен ат салысқан зерттеулердің көбінде маған тәжірибелі әріптестерім, қазақстандық Наталья Домогальская, Әсел Сағынбаева, Әйткен Қадырбаев және басқалар көмекке келді. Біздің жұмысымызды танымал, өзім ерекше құрметтейтін және алған баға жетпес тәжірибем үшін алғыс білдіретін, сол кезде Соғыс және бейбітшілікті жариялау жөніндегі институтқа (IWPR) басшылық еткен Шынар Жақыпова үйлестіріп отырды.

Қазақстандағы қырғызстандықтардың құлдық жағдайы тақырыбы кездейсоқ таңдалған жоқ. Жергілікті БАҚ-да қазақ шаруаларының қол астында жұмыс істеген кезінде көрген қорлықтары туралы айтып, әңгімелеген жекелеген адамдардың мәселесі арагідік көтеріліп қалып жататын. Билік мұндай жарияланымдарға селт етпейтін, ал мәлімдеме жасап, мәселені көтермек болғандарға, мазамызды алмаңдаршы дегендей болып, өздері жалқау, жұмысты дұрыс істемеген, содай кейін оларды қуып жіберген деген жауап қайтаратын-ды.

Менің міндетім Қазақстанға кеткен қырғыз еңбеккерлерінің ауыр жағдайын не дәлелдеу, не ондай мәселенің жоқтығына көз жеткізу болды. Ал шындықты білу үшін, өзіме де бір уақыт еңбек мигранты болуға тура келді.

Шыдам мен еңбек, бәрін де жеңбек

Менің «қожайынға» қалай жеткенім, «тірі тауар» саудасының қалай жүргендігі, қандай «хикаямен» қажетті жерге кіргенім, мұның бәрін жазсам, көп орын алып кетеді. Оның үстіне, зерттеу нәтижесі бойынша жазылған материалымда осының бәрін көрсеткен едім. Сондықтан бұл жерде мен «кадр сыртында» қалған фактілермен ғана бөлісейін.

Зерттеу жүргізу барысында ешқашан және ештеңеге де сенімді болуға болмайды деп айта аламын. Мен плантацияда құл ретінде жұмыс істейтінімді білдім. Тіпті алдын-ала темекі алқабында жұмыс істеген жандармен кезіктім, олар маған темекі өсірудің ерекшеліктері жайында айтып, «өндірістік» терминдерді үйретті және басқа да ақпараттармен бөлісті. Нәтижесінде, белгілі бір дәрежеде мен дайын «темекі өндіруші» болып шыға келдім.

Дене еңбегі мен үшін қорқынышты емес, сондықтан плантациядағы жұмыстан жүрексіне қойған жоқпын. Маған ауыр тигені моральді тұрғыдан төмендету еді, мәселен, түн ортасында ұйықтап жатсаңыз, қожайынның ұлы келеді, жанында бір топ достары бар, қыдырмақ болып жүр екен. Мұндай жағдайда біздің шағын топ тұрып, от жағып, су қайнатып, әкелінген азық-түліктен тамақ пісіріп, келгендерді күту керекпіз. Ал егер біздің, жұмысшылардың, жартылай аш, жабайы жалбызды «дәмдегіштер» қосылған, дұрыс піспеген картоп пен макарон жеп жүргенімізді ескерсек, «мен – қожайын, сен – жынды» қатынасының ерекше әсер ететінін айтпасқа болмас. Тек мұның бәрінің өтетінін, кететінін және осының бәрі жайлы жазу керектігін саналы түрде түсіну, мені артық қадамнан арашалап қалып жүрді.

Ақпаратты барынша көп жинау үшін, мен түнде өзге де батырақтар еңбек етіп жүрген басқа алқаптарға барып жүрдім. Олардың менен айырмашылығы мына тозақтан қашып құтылу туралы ойларының жоқтығы еді. Олар қожайынның ұрысы мен ұрып-соғуына көнетін, кейбірі әйтеуір бір ақша төлейді деген ойда болды. Мүкін олар қашып кетуден сескенген де шығар, себебі егер қашқын ұсталса, оның күні тіпті де қиындап кетер еді. Жай ғана соққыға жығып қоя салса жақсы ғой, ол байғұсты құладүзге түйе бағуға жіберуі ықтимал, ал ол жерден қашу тіпті де мүмкін емес.

Оқырман «Құқыққорғау органдарына шығуға болар еді ғой!?» деп айтуы мүмкін. Алайда мен біздің қожайынның баласының аудандық прокуратурада тәжірибеден өтіп жүргендігін, ал оның түнгі серіктері де сол мекеменің қызметкерлері екенін жеткізгім келеді. Сондықтан, егер прокуратураның жас қызметкері өз «фаендасында» бірнеше жанды пайдаланып қалуды айып көрмесе, құқыққорғау органдарының өзге қызметкерлері туралы сөз айтудың өзі артық.

Тауыққорадан қашу

Меніңше, көпшілік оқиғаға тап болудан гөрі, оған белшеден батып кету жеңіл деген танымал ережеге келісетін шығар. Бұл кезде мен тығырыққа әбден тірелгенімді сездім, егер дер кезде қашып үлгермесем бірнеше

адамның жадында мәңгіге қалып қояр едім. Әрине, егер мен қайта оралмасам, әріптестерім шу көтеретін еді, алайда тарих «олай болар еді», «былай болар еді» дегенді көтермейді, сондықтан мен қазір артық болжам жасамай-ақ қояйын.

Мен жақын маңды зерттеп, қашудың жоспарын ойластыра бастадым. Менің ойымша, ең ыңғайлы жол біздің учаскенің шетінде орналасқан қорым арқылы жатты. Осылайша, бір түні, жағымсыз ақ жаңбыр сіркіреп тұрған кезде, қашайын деген шешімге келдім. Шамамен үш сағат бойы қорымды аралап қалдым, нәтижесінде адасып кеткенімді түсіндім де, қайту керек деп ойладым. Ақырында, бұрынғыдан да жаман адасып кеттім. Бір өзенге тап болдым, өзен жағасымен жүріп отырып, терезесінде шам жанып тұрған ұзын қораға жолықтым. Жергілікті тұрғындар мұндай жаман құрылыстың ішінде тұрмас деген оймен, дауыстап шақырып, жанына жақындадым...

Мені бір топ жігіттер қарсы алды. Олардың ақша табу мақсатында Ош облысының Ноокат ауданына келгені кейін анық болды. Сағат шамамен таңғы бес болды. Бір шыны ыстық шай іштім де, мен ұйықтап қалдым.

Біреудің тапжылмай қарап тұрғанынан оянып кеттім. Атып тұрсам бойы екі метрге жетеғабыл, салмағы 120 килограмм шамасындағы ірі денелі еркек жанымда тұр екен. Ар жағында бағанағы бір топ батырақ та бар. Қожайын маған саусағын кезеді де «Сен кімсің?» деп сұрады. Өзімді сенімді ұстауға тырысып, алдын-ала дайындаған хикаямды айтып бердім: солай да солай, жерлестеріме қонаққа барып едім, қожайыныма түнде қайтып келе жатып, адасып кеттім дедім. Ол маған: «Қара, алдасаң, өз обалың өзіңе!», - деді де, «бақылаушыларға» бұрылып: «мынаған қарап қойыңдар. Маған тағы бір адам артық етпейді», - деп нұсқау берді.

Қожайын шығысымен, мен киімдерімді жинадым да, алқап арқылы, жол осында-ау деген жаққа қарата тартып кеттім.

Басына қайта оралсақ

Мен зерттеу нәтижелерін жариялаған соң, бұрын қырғызстандықтардың құлдықта жүргенін мойындамай келген үкімет проблеманы шешуге кірісіп кетті. Өз комиссиясын Жогорку Кенеш депутаттары да құрды. Сол кездегі омбудсмен Турсунбай Бакир мен жүрген жолмен жүріп өтті. Түрлі басылым журналистері «ыстық материалдың» соңынан түсті...

Нәтижесінде, Қырғызстан мен Қазақстан арасында еңбек мигранттарының құқығын қорғау туралы үкіметаралық келісімге қол қойылды. Ал бұл құжат іс жүзінде қандай нәтиже беріп жатыр, оны айта алмаймын. Алайда қазір де баспасөз де біреудің құлдықтан қашып

кеткені жайында не кезекті құл сатушының қолға түскендігі туралы ақпарат көрініп қалып жатады.

Ал мен әңгіменің басына орала отырып, қырғызстандықтардың батырақтығы туралы ұзақмерзімді және жүйелі құбылысты зерттеу жаңалықты қажет еткен жоқ. Журналистік зерттеу журналистиканың басқа жанрларынан осынысымен ерекшеленеді.

*Материалдарды Соғыс және бейбітшілікті жариялау
жөніндегі институт ұсынды
(IWPR- Бішкек-Алматы)*

ЖУРНАЛИСТІК ЗЕРТТЕУ: ҚЫРҒЫЗ БАТЫРАҚТАРЫ ҚАЗАҚСТАН ПЛАНТАЦИЯЛАРЫНДА

Қазақстанға маусымдық жұмысқа келген мыңдаған қырғызстандық құқығынан айырылған батырақтар жағдайына түсіп отыр.

Жыл сайын мыңдаған қырғызстандық Қазақстанға маусымдық жұмыстарға келіп, темекі плантацияларында еңбек етеді. Өздерінің материалдық жағдайларын түземек ниеттегі бұл жандардың көпшілігі құл ретінде саналып, өмір сүруге қажетті дүниелерден айырылып жатады.

Батырақтар таңертеңнен кешке дейін жұмыс істейді, аш-жалаңаш жүреді және өздерін жұмысқа алғандарға толықтай тәуелді болады. Оларды жалдаумен делдалдар айналысады, делдалдар өз кезегінде жұмыскерлерді қайта «сатады». Маусымдық жұмысшылар өте қиын жағдайда жұмыс істеп, өмір сүреді, алайда олар өздерін қорғай алмайды. Жалғыз үміт – қожайындардан берілуге тиіс ақшаның ең болмағанда бір бөлігін алып, отанына оралу. Алайда осы бір азын-аулақ ақшаның өзін жолда милиционерлер қағып алулары мүмкін.

Қазақстанға ұйымдасқан жұмыс күшін апару салыстырмалы түрде жақында - 1998 жылы, Қазақстанда жұмыс күшін қажет ететін, бай шаруалар пайда бола бастаған кезде басталды. Кейбір мәліметтерге қарағанда, Қазақстанға маусымдық жұмысқа жыл сайын 10 мыңдай қырғызстандық барады екен. Тіпті бүтіндей бір отбасылар да кетіп жатады.

Қазақстанда орташа жалақы көлемі айына \$136 құрайды, бұл Қырғызстандағы көрсеткішпен салыстырғанда бес есе көп. Қырғызстандық Мемстаткомның мәліметтері бойынша, ел халқының 45 пайызы кедейлік деңгейінде, алайда тәуелсіз сарапшылардың пікірінше, бұл көрсеткіш әлдеқайда жоғары.

Заңсыз еңбек мигранттарының ешқандай құқығы мен заңды статусы жоқ, олар өздерін қорғай алмайды. Заңсыз жұмыс күші нарығы – көпшілікке жабық және аз зерттелген сала. Журналистік зерттеуімізді бастай отырып, біз бұл әлемді танып-білудің бір жолы – оны ішінен көру екендігін түсіндік. IWPR тілшілерінің бірі еңбек мигрантының рөлінде Қазақстанға аттанып, темекі плантациясына жұмысқа орналасты.

Жұмысқа жалдану

Қырғызстаннан шыққан еңбек мигранттары жай ғана біліксіз жұмыс күші емес. Олардың көпшілігі темекі плантацияларында жұмыс істеуден үлкен тәжірибеге ие. Қырғызстанда мұндай плантациялар бар, алайда олардың ісі оңға басып тұрған жоқ, оның үстіне қосымша жұмыс күші де қажет емес.

Әдетте маусымдық жұмысқа жалға алу делдалдар арқылы жүреді. Адамдарға жоғары жалақы береміз деп уәде беріп, кейін оларды белгілі бір ақыға жұмыс берушіге «қайта сатады». Жұмыс беруші өз шығынының орнын батырақтардың есебінен толтырады. Осылайша, жұмысшы қожайынның «қолына түседі» және оған қарызын қайтаруға тура келеді.

Бұған мысал ретінде Ош облысы Карасу ауданының тұрғыны Эрик Душематовтың жағдайын келтірсе болады. Наурыз айында Бішкекте ұзаққа созылған жұмыс іздеу сәтсіздігінен кейін, Эрик Қазақстанға жалақысы жоғары жұмысқа шақырған адамға жолығады, ол жол шығынын да өз мойнына аламын дейді.

21 наурыз күні Эрик 17 адамнан тұратын топпен бірге Алматы облысына келеді, бұл жерде оларды жергілікті жұмыс берушілер күтіп тұрған болатын. Эрик үшін делдал қожайыннан 6 мың теңге (шамамен \$40) алады. Кейін Эриктің осы ақшаны қарыз ретінде мойнына алғаны, оны қайтаруы керектігі анықталады.

Тағы бір маусымдық жұмысшы Салахидин Чомоев осыған ұқсас жайтты әңгімеледі. Екі әйел оны Қазақстанға, құрылысқа жұмысқа шақырады. «Жақсы тамақ пен өмір сүру жағдайын ұсынды», - деп еске алады ол. Душематов секілді, Чомоев және тағы 15 мигрант шекарадан Қазақстанға өтеді, ол жерде қырғыз делдалы оларды қазақ плантаторларына өткізеді.

«Қожайын бізге жақсы ақша төлеуге уәде берді, алайда делдалға берген ақшаны бізге «іліп» қойды, енді бізге ол ақшаны қайтару керек еді», - дейді Чмомев ренішпен.

Базарбай Эргешов Чомоевпен бірге жұмыс істейді. Қазақстанға осы жылдың мамырында өзі секілді жұмыс іздеп жүрген бір топ адаммен келген. «Мені алдап әкеткен әйел жұмыстың құрылыста болатынын, бізге жатақханадан орын тиетінін, үшмерзімді тамақ берілетінін жеткізді. Ол қожайын бізбен келісім-шартқа отыратынын және жалақыны уақтылы төлеп тұратындығын айтты. Есі дұрыс еңбек және өмір сүру жағдайы болады деп уәде етті. Менің мұнда жүргеніме үш ай болды, ал ол әйелді біз көрген де жоқпыз, естіген де жоқпыз», - дейді Базарбай.

Жұмыс орнына жеткізу

Қазақстанға әдетте автокөлікпен жетеді, себебі тасжолдарда теміржолға қарағанда тексеруден өту әлдеқайда оңай. Құжаты дұрыс еместер шекарашыларға 2-5 доллар аралығындағы пара төлейді, ал қайтар жолда бұл баға артып кетеді.

IWPR контрибьюторы қазақстандық Тараз қаласына пойызбен жетті, бұл қала Бішкектен 300 шақырым қашықтықта орналасқан. Жолсерігін IWPR контрибьюторында бағасы \$11 тұратын билеттің болуы таң қалдырды. «Батырақтар әдетте билет сатып ала алмайды. Көбінесе олар бізбен жарты бағасына келіседі», - деді ол.

Батырақтар біздің контрибьютор аттанған Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданында ең үлкен сұранысқа ие. Бұл жерде жүздеген шақырым аумақты темекі плантациялары қамтып жатыр, осы плантацияларға Қырғызстаннан адам әкелушілер тірі тауарды жеткізеді. «Жұмыс күшін» сату орталығы – Шелек ауылы. Сауда мал базардағыдай қызу жүріп жатады.

Делдалдардың бірі жұмысшыларды жүк мәшинесіне салып алып келді. «Кімге арзан қырғыздар керек?», - деп жар салды ол. Жаңа келген батырақтарды тез арада бөліп алып әкетті және делдалдан тағы әкелуді сұрады.

«Бұл сендердің ұлт үшін қорлық емес пе», - деп егде шаруа-қазақтарды бірі IWPR контрибьюторын мұқата бастады, бірнеше минуттан кейін өзі екі батырақты жалға алды да, «кезекті жас қырғыздар тобын» асыға күтетінін мойындады.

Плантаторлар IWPR контрибьюторның бір айға кем дегенде \$50 сұрағанына ұзақ күлді. «Сенің есің дұрыс емес! Маусым бойы істеген жұмысыңа \$50 тапсаң, соған мәз бол», - деді олардың бірі.

IWPR контрибьюторы өзінің қырғызстандық милициядан қашып, іздеуде жүргендігі жайлы «аңызды» айтуы мұң екен, оған деген сұраныс артып кетті. Фермерлер «қашқын» қылмыскерлерді қуана-қуана жұмысқа алады, себебі олар ақша сұрамай, тамақ үшін жұмыс істейді және алқап аумағынан ешқайда кетпейді.

Ақырында контрибьютор Шелек аулының тұрғыны, 2 гектар темекі алқабы бар Нурахмет Тохтахуновқа жұмысқа жалданды. Қожайын өзінің шын атын атамауға және шарушылық аумағынан шықпауға кеңес берді.

Алқапта

Еңбек мигранттарының көпшілігі Қазақстанға жаз айларына жұмыс істеуге келеді, бұл кезде темекі пісіп жатады, ал күзде, өнімді жинау аяқталған соң елдеріне қайтады.

Басында қожайындар жұмысшыларға адам сияқты қарайды, тіпті күніне 3 рет тамақтандырып отырады. Жұмысқа аттанарда, сеніп қалғыш қырғызстандықтар заңдық сауатсыздықтарының кесірінен жұмыс берушімен ешқандай келісім-шартқа отырмайды. Тек біраз уақыт өткен соң батырақтар жағдайларының қиын екендігін түсіне бастайды.

Жұмыс күні таң атқаннан күн батқанға дейін созылады. Ысып тұрған күннің астында жұмыс жасауға тура келеді. Қазақстанда, жазда 40 градус жиі кездесетін жағдай. Әдетте темекіні жинап, іріктеп, орауды қолмен жасайды. Жұмысқа бүтіндей бір отбасылар шыққан кезде, балалар мен жасөспірімдер ата-аналарымен қатар істейді.

«Күні бойы жұмыс істегенде, тек түскі ас ішуге жарты сағат үзіліс аласың. Демалыс күні деген атымен жоқ. Тек қатты жауын жауған кезде ғана біз жұмыс істемейміз, сондықтан нәсер болса екен деп тілейміз», - дейді Чомоев.

Жұмысшы әдетте жұмыс берушімен ауызша ғана келісімге келеді. Қожайын я белгіленген айлық қояды, я түскен өнімнің ақшасына байланысты жалақы төлеуге уәде береді. Тохтахунов IWPR контрибьюторына айына 3 мың теңге төлеп тұрамын деді, онда да оның 1 000 теңгесін тамақ, темекі секілді дүниелер үшін ұстап қалатынын ескертті.

Қожайынның жұмысшыларға мүлде ақша төлемей қойған оқиғалары да жиі кездеседі. «Менің жұмыс істеп жүргеніме 3 ай болды, алайда әлі күнге келісім-шартты да, ақшаны көрген жоқпын. Қожайыннан сұрасам, ол егер мен жақсы жұмыс істесем ақша беретінін айтады», - дейді Чомоев.

«Темекі алқабының иесі үшін қырғыз – нағыз құл. «Қырғыз» сөзінің өзі қорлау ретінде айтылады. Егер қожайын ұлынан бірнәрсені істеуді сұраса, ол «Жасамаймын. Мен не қырғызбын ба?», - жауап береді», - дейді ашумен IWPR-ға қырғызстандық Қарабек Шабдалиев.

Шабдалиев бір жыл бойы отбасымен Қазақстанда, темекі плантациясында жұмыс істеп, отанына бір тиынсыз оралды. Жалақы алу уақтысы келгенде, темекі алқабының қожайыны түскен табыстың жартысымен бөлісетіндігі туралы уәдесін «ұмытып» қалған. «Менің айлар бойы жасаған жұмысымның алғысы ретінде, ол маған Бішкекке дейінгі жолға әрең жететін соманы берді», - дейді Шабдалиев.

Ал Шабдалиевтің қожайыны болған Серік Естемісов жұмысшылар жұмыстарын дұрыс істеген жоқ, сондықтан олар ешқандай ақша таппады деп санайды. «Мен солар үшін тақырға отырдым. Олар тек менің ақшамды жеп кетті. Мен күткендегідей өнім ала алмадым, себебі олар дұрыс жұмыс істеген жоқ», - дейді плантатор.

Батырақтарға қалай қарайды

Қайыршы жалақы мен құлдық жағдайдан бөлек қожайындардың жұмысшыларына қатал қарайтын оқиғалары да кездесіп жатады. IWPR-ға белгілі болғандай, кей жағдайда батырақтарға «жұмысты дұрыс істемеді» деген сылтаумен ақы төлемейді. Қожайындардың өзге плантаторларға жоғары бағамен жұмысшыларды қайта сатуы да кездеседі.

Эрик Душматов 2 ай бойы жергілікті шарулардың біріне жұмыс істеген. «Бірақ, бұл адам жұмысшыларға тамақты жөнді бермейтін, сондықтан мен оған жұмыс істеуден бас тарттым», - дейді Эрик. Сол кезде қожайын Эрикке делдалға берілген 6 мың теңгеден бөлек, тамағына кеткен 4 мың теңгені (\$26) қайтару керек екендігін айтқан.

Ақырында қожайын Эрикті 10 мың теңгеге (\$66) басқа бір темекі шарусына сатып жіберген. Эрик осылайша Тохтахуновтың қолына түседі. Жаңа қожайын оған, контрибьютерге берген уәдесіндей, айына 3 мың теңге (\$20) төлейтінін, ол сомадан тамақ пен басқа да шығындарды алып тастап отыратынын айтады.

Қырғызстандық Салима да қарызы үшін қайта сатылған. 2003 жылдың наурызында ол жұмыс табу мақсатында Қазақстанға келеді. Бір «қожайынға» 4 ай бойы темекі көшеттерін отырғызысып, жұмыс істейді. Ақырында, жұмыс беруші оның отырғызған көшеттерінің сапасыз отырғызылғандығын, осының кесірінен өзінің 20 мың теңге (\$112) шығынға батқанын айтып, ол соманы Салиманың мойнына іліп қояды да, оны 20 мың теңгеге «сатып алатын» плантатор тауып келуге

жібереді. Салима қашып кетпес үшін, екі жас баласын кепілдікке алып қалады.

Салима қаша алмайды. Жұмысшылар келген кезде олардың төлқұжаттарын алып қояды. Қашқындардың соңына қуғыншы топ түседі, ол қолға түскен жағдайда соққыға жығылып, жаяу адам кете алмайтын алыс аймақтарға жұмысқа жібереді.

Контрибьюторге қашқындарды ұстау үшін 200 доллар көлеміндегі ақы уәде еткен. Темекі өсіруші оған «Қашқындарды тап, мен саған осы соманы төлеймін», - деді. «Мен оларды қу далаға мал бағуға жіберемін. Ол жақтан қашып кете алмайды», - деп қосып қойды ол.

Батырақтарға еш адамшылықсыз қараудың тағы да басқа мысалдары кездесіп жатты. Мәселен, Қырғызстанның оңтүстігінен келген Арап Саипов қараушымен сөзге келгендігі үшін соққыға жығылған.

Өмір сүру жағдайы

Батырақтардың барлығы дерлік адам тұра алмайтын жерлерде тұрады. Бір темекі плантаторының «фазендасында» Қырғызстаннан келген 20-дай батырақ үй сиқы бар қорада тұрады. Ұзынша келген саман үй бірнеше бір бөлмелік бөлімдерге бөлінген. Әр отбасына жеке бөлме беріледі, ал бойдақ еркектер бірнеше адам болып бір бөлмеде тұрады.

Батырақтың төсек-орнына еденге төселген кір матрац пен шағын жамылғыш кіреді. Төсек-орынды қожайын береді, оның да ақшасын жұмысшылардың жалақысынан ұстап қалады. «Қонақүйде» қандаладан аяқ алып жүре алмайсыз. Қорада бір түн өткізген IWPR контрибьюторы бір сағаттың ішінде 15 қандаланы ұстап, өлтірген.

Алайда, бұл сарай журналист көрген орындардың арасындағы иман-таразысы болды. Батырақтардың көпшілігі бұтақтар мен сырықтардан тұратын лашықтарда не көлік қоятын жерлерде тұрған-ды.

Тохтахунов жаңа батырақты (IWPR контрибьюторын) ашық көлік тіркемесіне жатқызды. Оның төсегі жұлым-жұлымы шыққан, ескірген екі матрац, жастығы ішінде қажетті заттары бар жол қапшығы болды.

Көршілес кішкентай гаражға Тохтахунов тағы үш қырғызстандықты – Эрикті, Майрам атты әйел мен оның ұлы Имарды орналастырды. Бірге тұрардан бұрын Эрик пен Майрам бір-бірін тіпті танымапты да.

«Мен киім ауыстырғанда, жанымда бөтен адамның бар екеніне мән де бермейтін болдым. Эрикке үйреніп кеттім», - дейді Майрам.

Қырғызстандық жұмысшылардың арасында ең жақсы тұратын жер тапқан Нуриддин Матаевтың отбасы болса керек. Ош облысында туылған Матаев 6 баласымен және немерелерімен Қазақстанда тұрып, жұмыс істеп жатқанына төрт жыл болды. Олардың үйі - электр сымы тартылған бірбөлмелі тұрмыстық вагон. Мұндай «керемет» жағдай темекі плантацияларындағы қырғыз батырақтарына өте сирек бұйырады.

«Жақсы қожайындар кездеседі, олар жұмысшысының жақсы жерде тұруын қалайды. Бірақ, ондайлар аз», - дейді Матаев.

Жұмысқа аларда жұмыс беруші жұмысшылардың тамағы үшін бөлек пайыздық соманы алып қалатынын айтады. Сондықтан батырақтар тамақтан үнемдеуге тырысады.

Тохтахунов өзінің жұмысшыларына солардың ақшасына алынған бірнеше килограмм макарон мен бір қап ұн алып келді. Майрам бәріне тамақ әзірлей бастады. Ас бір түрдегі ғана болады: таңғы, түскі, кешкі тамақ тек бақшадан әкелінген, шала піскен картоп пен қайнатылған макароннан тұрады. Дәмін кіргізу үшін Майрам жалбыз және басқа да шөптерді теріп, макаронды «қоспаға» қосты.

Оралу

Қайтар жолда мигранттарды көптеген кедергілер мен жағымсыз кездесулер күтіп тұрады. IWPR контрибьютері қайтар жолға екі адаммен шықты, олардың бірі Қазақстанға батырақтардың кезекті үлкен тобын әкеліп тастаған делдал, екіншісі оған еріп келген, жұмыс іздеушілердің бір болды. Ол жұмыс істеу жағдайын көріп, қайтып бара жатыр екен.

Қайтар жолда көптеген қазақстандық милиция, кеден және шекаралық посттардан өтуге тура келеді. Көк қырғыз паспорттарын көріп, олар бірден миграциялық кәртішкелерді сұрайды, ол болмаған соң, жаппай тінту жүргізеді. Ақырында мигранттар әр адамнан 10-15 доллардан шығарып беріп, өтеді. Мұндай жағдай әрбір постта шекараға дейін қайталанады.

Контрибьютор полицейлер мен шекарашыларға IWPR қызметкерінің куәлігі мен іссапар куәлігін көрсетіп отырды. Бұл құжаттар күштік құрылым өкілдеріне әсер етіп, олар ақшаны қайтарып берді.

Заңнаманың кемшін тұсы

Қырғызстандық еңбек мигранттары Қазақстанда заңмен қорғалмаған. Екі елдің заңдары көп жағдайда өз аумағындағы азаматтардың қарым-

қатынасына қатысты болып келеді. Ал трансшекаралық миграция секілді жекелеген жағдайлар заңмен тіпті де қаралмаған.

Internews Network халықаралық компаниясының заңгері Ақмат Алагушев Қырғызстанның Қылмыстық кодексі «сексуалды не өзге де эксплуатация мақсатында азаматтарды алдап-арбау» секілді қылмыстарды қарастырады дейді.

Алайда, адамдардың алданып кеткенін, кейін іс жүзінде сатылып кеткендігін дәлелдеуді мүмкін емес десе де болады. «Жұмысқа тұрушы жұмыс берушімен ешқандай жазылған келісім-шартқа отырмайды ғой», - дейді Алагушев.

«Қылмыстық іс қозғау үшін айтарлықтай негіз керек. Ең алдымен жәбір көрушінің арызы қажет. Алайда адамдар мұндай арыз бермейді», - дейді заңгер.

Құқыққорғау органдарының қызметкерлері алданған еңбек мигранттары милицияға бірнеше себепті келмейді дейді. Біріншіден, олар таныстары мен көршілерінің алдында күлкіге қалғылары келмейді. Екіншіден, шетелге тағы да, өз беттерінше барамын, бұл жолы сәті түсер деп ойлайды. Үшіншіден, адамдар «пайдаланушылар» мен «делдалдар» кек ала ма деп қорқады.

Соңғы кезге дейін Қырғызстан заңнамасы адам саудасына қатысты жауапкершілік тарту мәселесін қарастырмай келген-ді. 2003 жылдың 27 шілдесінде Қырғыз Республикасының Заңнамалық жиналысында депутаттар адамдарды заңсыз шығарып әкету және сатуға қарсы заң қабылдады. Алайда заң күшіне енуі үшін, оған президент қол қоюы керек.

Заң жобасын жасауға ат салысқан депутат Токтокан Боромбаева оны дайындауға шамамен бір жыл кеткендігін айтты. «Көп адам мұндай заңды қабылдау керек пе, жоқ па деп күмәнданды. Себебі, заңның қабылдануы құлдықтың бар екенін мойындау деген сөз. Ал іс жүзінде бұл дәлелденіп отыр. Яғни, оған қарсы күрес жолдары қажет», - дейді ол.

Парламентарий енді республиканың Қылмыстық кодексіне заңсыз миграция үшін бес жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасын қарастыратын сәйкес өзгерістер енгізіледі деп отыр. «Егер мұндай заң Қырғызстанда бұрын болғанда, көңілге қаяу түсіретін көп дүниені айналып өтуге болар еді», - дейді Боромбаева.

Алайда кейбір құқыққорғаушылар бұл шаралардың жеткіліксіз екендігін, Қырғызстан азаматтарының тіпті шет елде де өз елі заңнамасының

қорғауына ие болулары қажеттігін айтады. «Жастар құқыққорғау тобының» жетекшісі Мария Лисицина мұндай қорғау Қырғызстан Конституциясымен кепілдендірілген дейді. Мемлекетке тек оны жеке заң түрінде бекіту ғана қалады, оның өзінде еш алалаусыз, заңсыз мигранттармен қосқанда, барлық азаматтардың құқығы қорғалуы тиіс. «Біз, мемлекеттен барлық азаматтарды қамқорлығына алып, қорғаныш болсын деп талап етеміз. Түптеп келгенде, мемлекет тіпті заң бұзғандарды да қорғау қажет», - дейді ол.

Лисицинаның ойынша, қазақстандық билік те өз тарапынан еңбек мигранттарының құқығын қорғау үшін шаралар қолданулары керек. Себебі, Қазақстанда жұмыс орнындағы еңбектің негізгі жағдайы және техника қауіпсіздігін сақтауды талап ететін Еңбек Кодексі бар ғой. «Бұл нормалар азаматтығына қарамастан барлық жұмысшыларға қатысты болуы керек», - дейді ол.

Алайда Қазақстан әзірге тек елге шетелдік азаматтардың кіруі мен шығуын қамтамасыз ететін ережелерді қатайтумен шектеліп отыр. 2003 жылдың 1 шілдесінен бастап 16 жасқа толған әрбір шетелдікке Қазақстан шекарасынан өтерде миграциялық картішке беріледі, ол ел аумағында бір ай жүру құқығын береді. Бұл мерзім біткен құжатты ұзарту керек. Аталған ереже үкіметтің 2000 жылы қабылдаған «Қазақстан Республикасындағы шетелдік азаматтардың жүріс-тұрысын бақылаудағы жекелеген мәселелері туралы» қаулыға байланысты енгізілді.

Алайда қазақстандық парламентарий Серік Әбдірахманов заңнамалық актілердің өз бетінше мәселені шеше алмайтындығын айтады. «Біздің заңдарымыз жап-жақсы. Бірақ олар орындалмайды. Шекарада бәрі бір-бірін таниды, бәрі бір-бірімен байланысқан, бәрі сатылады, бәрін сатып алуға болады. Параны бәрі алады, шекарашылар да, милиция да», - дейді ол.

Әбдірахманов Қазақстанда еңбек мигранттарын құл ретінде секілді сататынын біледі. Оның сөзіне қарағанда, мигранттарға ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігін беру керек, себебі олардың көпшілігі сауатсыз және өз құқықтарын білмей жатады.

Миграция бойынша халықаралық ұйымның жергілікті үйлестірушісі Екатерина Бадикова IWPR-ға адам саудасы болып саналатын жағдайларға БҰҰ-ның трансұлттық қылмыс туралы Конвенциясы қолданылуы керектігін түсіндірді. Аталған құжат адам саудасына тыйым салады, алайда Конвенцияның ережелерінің бәрі бірдей қолдана беруге болмайды. «Көп жағдайда тіпті ауызша болған күннің өзінде бар келісім-шарттың бұзылуы туралы әңгіме қозғалады», - дейді ол.

Қорытынды

IWPR әңгімелескен түрлі сарапшылардың пікірлеріне сүйене отырып, қазіргі заңнамаға қажетті қосымша шараларды екі бағытта жүргізу керек деп белгілеуге болады.

Қырғызстанның СІМ жанындағы Миграциялық Қызметтің директорының орынбасары Булат Сарыгулов еңбек миграциясының тамырын экономикалық және әлеуметтік себептерден іздеу керек дейді.

«Адамдарға жұмыс, олардың ауылдарына дұрыс өмір сүру жағдайын берсе, еңбек миграциясы өздігінен жоғалар еді», - дейді ол. «Сезім» әйелдер дағдарыстық орталығының жетекшісі Бюбюсара Рыскулова да «батырақтарды» мемлекет қорғау үшін, ең алдымен оларға өз елінде жұмыс орындарын тауып беруі керек деп санайды.

БҰҰ БЖКБ жобасының «Әділет» құқықтық қызметі директоры Чолпон Джакупова Қырғызстан мен Қазақстан еңбек миграция мәселелерін реттейтін мемлекетаралық келісімге қол қоюлары керек дейді. «Ел сыртына нәпақа табу мақсатында кетіп жатқандардың құқығы бұзылып жатады, алайда қазақстандық биліктен жауапсыз жұмыс берушіні жауапқа тартуды біз көп жағдайда талап ете алмаймыз», - дейді ол. Заңсыз еңбек миграциясы проблемасы бойынша екі ел арасындағы келіссөздің жүріп жатқанына біраз болды, алайда ол министрліктердің деңгейіне жеткен жоқ. Ешқандай келісімге де әлі қол қойылмады.

Заңсыз еңбек мигранттарының мәселелерімен айналысатын құқыққорғаушы Абдуназар Маматисламов құлдық пен адам саудасына тоқтауыл болатын шараларды мемлекет қолға алуы үшін, ең алдымен қорлықтан өткен адамдардың өзі жарыққа шығуы керек дейді. «Қазір олардан мұны талап ету қиын. Олар ештеңе де айтпайды, себебі ертеңгі күні Қазақстанда өздеріне не боларын білмейді».

«Алайда баратын адамдар бәрібір барады, мұның бәріне көз жұма қараудың орнына билік Қазақстанмен қырғызстандықтардың еңбек шарты туралы келісімге келуі қажет», - дейді ол.

«Құлдықты ақтай алмайсың. Қырғызстандықтар Қазақстанға күн көруге барғанда, оларды мемлекет жалдамайды. Алайда өздерінің әрекетсіздігімен Қазақстан мен Қырғызстан билігі адамдардың осындай еріксіз жағдайда қалуына белгілі бір дәрежеде себепші болды».

ЖУРНАЛИСТІК ЗЕРТТЕУ: ПСИХИАТРЛЫҚ ЕМХАНАЛАРДЫҢ ЕМДЕЛУШІЛЕРІ ЕҢБЕК КҮШІ РЕТІНДЕ ПАЙДАЛАНЫЛАДЫ

Психиатрлық емхана пациенттерін заңға қарсы тегін жұмыс күші ретінде пайдалануда

Қырғызстанның психиатрлық емханаларында аштықтан жүдеген емделушілер тұрғындар мен дәрігерлердің үйінде қара жұмыс жасап жүр.

Ош қаласының жиырма жылдық тәжірибесі бар дәрігер-психиатры Әбдікерім Темірбедиев IWPR контрибьюторымен әңгімелесу барысында, психиатрлық емхана науқастарын пайдаланып жүргенін айтты. Мұндай еңбек терапиясы қалыпты жұмысқа жатпайтынын да ескертті. «Еңбек терапиясы деген бар. Тәртіпке сай, белгілі бір науқастарда рефлекс орнату үшін, күніне 2-3 сағат ғана жұмыс жасауға болады», - дейді, маман.

Заң бойынша, дәрігерлер науқасты сауықтыру және қоғамға бейімделуі үшін еңбек терапиясын қолдануы керек. «Дұрыс ұйымдастырылған жұмыс тәртібі емделушінің сана сезімін көтеріп, өзін-өзі бағалауын жоғарлатады. Өзге адамдармен қызметтес болудың арқасында, тәртібін нығайтатынына» Әбдікерім Темірбердиев сенеді.

Расында да Қырғызстанның заңына жүгінсек, еңбек терапиясын пайдалуға арналған заң шығарылған. Бірақ, 1999 жылдың 25 мамырында қабылданған «Психиатрлық көмек және көмек көрсетуге кепілдеме туралы Заңның» 16 бап, 2 тармағында көрсетілгендей «психиатрлық аурулармен ауыратын емделушілерге әлеуметтік қолдау және көмек ретінде мемлекет: еңбек терапиясын жүргізу мақсатында емдік-өндіріс кәсіпорындарын салып береді. Психиатрлық емделушілер және де мүмкіндігі шектеулі мүгедектерді жаңа мамандыққа баулып, осы кәсіпорында не цехтерде жеңілдетілген еңбек шарты бойынша жұмыс істеуіне мүмкіндік жасайды».

Осы заңның 37 бабына сәйкес «психиатрлық емханада жатып емделіп не күндізгі стационардағы барлық ем қабылдаушылар жұмысының қиындығы мен сапасына сәйкес басқа қызметкерлермен тең еңбекақы алуға құқылы».

«Бірақ, еңбек терапиясынан қорытынды шығу үшін, емделуші біріншіден, қоғамға керек екенін өзі сезіну керек. Уақытты еңу үшін оларды қара жұмысқа салғаннан еш нәтиже шықпас. Өйткені, онсыз да жүйкесі ауыратын адамды жұмысқа салып қинау дұрыс емес», - дейді Әбдікерім Темірбердиев

Әңгіме аяғында Әбдікерім Темірбердиев: «Психиатрлық емханаларда науқастарға: осы жерде ішіп-жеп, тұрып жатқандықтан, жұмыс жасауға міндеттісің деген принциппен қарайды», - деді.

Емханаларға қысқаша мінездеме

IWPR контрибьютерлары республикадағы үш психиатрлық емдеу мекемесін аралады. Олардың бірі солтүстіктегі Чу облысының Чымкорган ауылында, екіншісі ел оңтүстігіндегі Жалалабад облысындағы Кызылжар ауылында орналасқан. Сонымен қатар IWPR назарына Қырғызстанның оңтүстігіндегі Ош облыстық психиатрлық емханасы ілікті. Үш мекемеде жалпы саны шамамен 1400 емделуші бар.

«Психикалық денсаулық орталығы» – психиатрлық емханалар бүгінгі күні осылай аталады. Ал халық арасында мұндай мекемелерге «жындыхана» секілді атаулар тағылған. Жалалабад облысы Базаркурған ауданының құқыққорғаушысы Азимжан Аскарлов Кеңес Одағынан бері елдің санасында мұндай аурулар емделмейді, есі ауытқығандар қайта оралмайды деген түсінік әбден қалыптасқан дейді.

Қоғамда психиатрлық емханалар мен олардың емделушілеріне деген біржақты, теріс көзқарас бар. Нәтижесінде мұндай мекемелердің емделушілері елден аластатылған жанның күнін кешеді. «Психиатрлық емханаларда адам құқығы мен дұрыс өмір сүру деңгейі, сәйкес емдеу жолдары мен қажетті орта жоқ, ақпаратқа қол жеткізу құқығы бұзылып жатады», - дейді Жастар құқыққорғау тобының қызметкері Назгуль Турдубекова.

Бөлімдердегі емделушілердің қандай жағдайда тұрып жатқандығы жайлы емхана әкімшілігінің қызметкерлері әсіресе журналистерге айтпауға тырысады.

2002 жылы Жаркын К. Кызылжар психиатрлық емханасында 18 күн жатқан. «Мен санитарларға бағынғысы келмеген емделушілерді басымен төсекке байлап, кейде тіпті бірнеше күндеп жатқызып қоятынын өз көзіммен көрдім. Олар тамақ іше алмайды, дәретке астына барып қояды, ал санитарларға бәрібір еді», - дейді ол.

«Аура адамдар палаталарын өздері тазалауы керек. Олай етпесе санитарлар ұрсады», - деді Жаркын.

Ел астанасының оңтүстігінде орналасқан Ош психиатрлық емханасы басқаларға қарағанда жағдайы жақсы болып есептеледі, себебі мұнда бар болғаны 150 емделуші және олар маусымдық алқап жұмыстары үшін пайдаланылмайды. Оның есесіне өз территориясының жоқтығы

мен жақын маңда үйлердің болуы емхананы түрме секілді қылып жіберген, есік-терезелерде тор бар, ересектер мен балалар бір палатада жатады, емделушілер серуенге шыға алмайды. Бірақ бұдан да қиын жағдай өзге ірі, республикалық маңызы бар екі психиатрлық мекемеге тән.

Жалалабад облысы Кызылжар ауылында орналасқан психиатрлық емханада 750 емделуші бар, алайда ол басында 700 емделушіге арнаған болатын. Көлік бұл жерге сирек келеді, сондықтан қиырды жатқан осынау емханаға келуге емделушілердің туыстарының мүмкіндіктері болмай жатады. Облыс орталығы мен астанада қашықта орналасқандығының кесірінен дәрі-дәрмек пен қажетті дүниелерді жеткізуде де қиындық туындайды.

Чымкорган ауылында (Чу облысы) орналасқан психиатрлық емхана – Республикалық психикалық денсаулық Орталығының №1 бөлімшесі. Ол республика астанасынан 85 шақырым жерде және бүкіл Қырғызстан мен Қазақстанның оңтүстік облыстарына қызмет көрсетеді. Емхана 850 адамға арналған, соңғы мәліметтер бойынша мұнда шамамен 500 емделуші бар.

Осы емханаға түрлі үкіметтік емес ұйымдардың қызметкерлері, жергілікті және шетелдік журналистер көп келетініне қарамастан, оның сиықсыз жағдайы әлі де болса оңалмай тұр. Клиникаға бастан-аяқ жөндеу жұмыстарын баяғыда-ақ жүргізу керек еді.

Әрине, мұндай кездесулер емхана әкімшілігімен келісіліп барып өткізіледі. Мекеме бөлімдерінің бірінде істейтін, өзі Анар деп таныстырған санитар IWPR-мен болған әңгімеде, «қонақ» келер алдында емханада тазалық мен тәртіп жүргізілетіндігін айтты. «Арыз айтады-ау деген емделушілерді тығып, олардың орнына мақтау айтатындарын шығарамыз. Асханада бұл күні аса сирек кездесетін тамақ, мәселен тұшпара дайындалады», - дейді ол.

Медқызметкерлер қарапайым себепке байланысты жетіспей жатады: барлық артық-ауыс табысты қосқанда мұнда дәрігер шамамен 880 сом (22 АҚШ доллары), медбикелер 620 сом, санитарлар 420 алады. Ал ресми түрдегі ең төменгі күнкөріс көрсеткіші 1400 сомнан асады. Оның үстіне жалақыны екі-үш ай кешіктіріп беретіндері тағы бар.

Мына жайт та назардан тыс қалмайды. Чымкоргандық емханада аурулардың көбі кез келген ауа райында есік-терезесіне тор орнатылған бөлмеде қамалып отырады, олардың қызығушылығын туғызатын да түк жоқ, ал бөлме ішінде тіпті бір палатада 15-і тұратын темір төсектер, тас еден ғана бар. Серуендеу мен дене қимылынан олар біреудің қара ниетінен емес, медқызметкерлердің жетіспеуінен және емханалардың

аз қаржыландырылғандығынан айырылып отыр. Кей жерінде құлаған қоршауы бар, қақпасы ашық емханада бақылаудың астында болуы тиіс 10-15 емделушіге бір медбикеден келеді, ал бұл қауіпті. Сондықтан оларды қамаудан шығармай ұстайды.

Әрине, барлық мекемелер бір-бірінен аумақ қалған деген пікір айтуға болмас, алайда олардың бәріне ортақ дүние – емделушілердің еңбегін пайдалану.

Аурулардың құқығының бұзылуы

а) Дәрігерлер мен медқызметкерлердің бау-бақшалық учаскелеріндегі жұмыс. Қырғызстанның психиатрлық емханаларындағы емделушілер халықтың ең бір қорғалмаған тобына жатады. Олар қандай да бір құқығынан айырылған және тегін еңбек күші ретінде пайдаланылады. Тамақты тоя ішпеден зардап көретін емделушілер емхана қызметкерлерінің жеке бау-бақша учаскелеріндегі барлық қара жұмыспен ауыр жұмысты істейді. Сонымен қатар, белгіленген баға бойынша дәрігерлер ауруларды жергілікті тұрғындарға жұмыс күші ретінде «сатады».

Ош «Психикалық денсаулық орталығының» емделушісі Бакирджан IWPR контрибьюторына өзін басқа аурулармен қосып дәрігерлер мен санитарлардың үйге және бау-бақша учаскелеріндегі жұмысқа қалай алып кететіндігі жайлы әңгімелеп берді. «Біреуге үй жинау керек, енді біреудің бақшасын қазу қажет. Кеше, мысалы, мен және тағы да төрт ауру санитардың үйіне барып, салынып жатқан үйдің іргетасын құйдық», - дейді ол. Аурулар істеген жұмысы үшін бір тиын алмайтындықтары түсінікті.

Республикалық ПДО №1 бөлімшесінің жақында келген бастығы Жаныбек Ажыбеков мұндай жағдайдың болғанын, яғни дәрігерлер мен медқызметкерлердің емделушілер күшін тегін пайдаландығын жоққы шығармайды, алайда қазір тәртіп орнап жатқанын айтады.

Емханалар орналасқан ауыл тұрғындары жалақының аздығы медқызметкерлерді қол астындағыларды жұмысқа салуға мәжбүрлейді деп санайды.

Чымкорган емханасының 4 бөлімшесі меңгерушісінің ауласын Валерий К. есімді жігіт сыпырып жатты, оны сот жасаған қалмысы үшін еркінен тыс түрде емдеуге жіберген.

«Менің бұл дәрігерге жұмыс істеп жүргеніме 4 ай болды. Ол маған ақша бермейді, тек тамақтандырады, яғни мен тамақ үшін жұмыс істеп

жүрмін. Алайда мұнда емханаға қарағанда дұрыс тамақтандырады, ондағы асқа тіпті ит те қарамайды ғой», - деп ағынан жарылды Валерий.

Валериймен бірге дәрігердің батырағы болып тағы бір емделуші жүр. Оның негізгі міндеті – малға қарау. Күн сайын таңертең ол ондаған сиырды алқапқа шығарып жібереді, кешке қайтып кіргізеді.

Сергея П-ның сөзіне қарағанда, ол да дәрігерлердің бірінің үйінде жұмыс істейді «Міне, жақында кір жуғыш мәшіненің моторын жөндеттім», - мақтанып қойды ол.

Кызылжар емханасының емделушілері де сұранысқа ие. Бас дәрігер Абдужалил Бегматовтың үйінде керең ауру қызмет етеді. Жергілікті тұрғындардың айтуынша ол дәрігердің «малайы», «құлы».

Осы психиатрлық емхананың қабылдау бөлімінің меңгерушісі Сапар Момбековтың жеке шаруашылығында қызықты көрініске тап болдық. Айбек С. дәрігерге үшінші жыл жұмыс істеп жатқандығын айтты. «Мен бөлімшеде бармын, жұмыс барда, дәрігер мені алып кетеді. Момбеков маған тамақ береді, басқа да дүниелер береді. Ал жұмыс көп болса, ол бөлімшеден басқа да адамдарды алып келеді. Дәрігер Момбеков маған өзінің туған ұлындай қарайды».

Журналистермен кездесерде «дәрігер Момбековтың туған ұлы» от жағып, сорпа дайындап отырды. Жанындағы торда маринадталған ет жатты. Ал оттан екі метр жерде жаңа сойылған иттің басы, терісі мен ішкі ағзалары жатыр екен. Айбек кептірілген ит етін жеу үшін, оған тіпті кейде дәрігерлердің өзі келетінін айтып, мақтанды. «Бұл деген араққа таптырмас басытқы емес пе», - деді емхана емделушісі ит еті туралы айтып жатып.

Емхана қойма меңгерушісі Эмиль Айтмырзаевтың бақшасында 2 бөлімнің (еркінен тыс емдеу) емделушісі Абды Р. жұмыс істеп жүрді. Психиатрлық емханаға ол екі жыл бұрын белгісіз еркектің басын таспен жарған соң түсіпті. Дәрігерлер оны есі дұрыс емес деп тауып, сот еркінен тыс емделуге жіберген.

«Мұнда мен қойма меңгерушісіне бақшада көмектесемін. Жалақы алмаймын. Жалақы маған не керек? Әйтеуір күндер өтсе болды. Емханада іссіз отырғанша, осында жұмыс істеймін», - дейді Абды.

IWPR контрибьюторы бір гектар жерді қазып жатқан психиатрлық бөлімнің үш емделушісімен жолықты. Бұл жер Кызылжар психиатрлық емханасының 10 бөліміне меңгерушілік ететін Алтынбек Рыскуловтың отбасына тиесілі екен. Әрине, алқапты трактормен жырта салу

әлдеқайда оңай болар еді, бірақ ол жағдайда тракторшыға ақшасын беріп, дизель сатып алуға тура келеді ғой. Ал ауруларға ештеңе төлеп қажеті жоқ, олар да ештеңе сұрамайды.

Сағат күндізгі 16 шамасы. Ауа Цельсий бойынша 25 градусқа дейін ысыды. «Жұмысшылар» жұмыстарын тоқтатып, үзіліс жариялап, алқапта шай іше бастады. IWPR контрибьюторына олар емханаға түрлі себеппен түскендіктерін айтып берді: біреуін ұйқысыздық меңдеген, енді бірі көктем мен күзде ауырып қалатын болған. Аурулар осылай жұмыс істеп жүрудің емханада отырғаннан әлдеқайда жақсы екенін айтып, мойындады. «Мұнда біз қантты шай іше аламыз. «Қожайын» бізге тандыр нан мен айран береді. Ал емханада қалсаң, аштан өлуге болады», - деді олар.

б) Құрылыс жұмыстарына пайдалану.

Ош психиатрлық емханасының ғимараты 1949 жылы салынған. Мұнда еңбек терапиясы деген желеумен, ауруларды емхананың ескі, құлағалы тұрған жерлерін бұзуға мәжбүрлейді. IWPR контрибьюторы бірнеше аурудың санитардың қарауында үйінділерді тазалап, кірпіш жинап жатқандығының куәсі болды.

Сауықтыру бөлімінің меңгерушісі Абдурахман Омурзаков IWPR контрибьюторымен болған әңгімеде жақын арада емхана аумағында монша салудың жоспарланып жатқандығын айтты. «Қаражат үнемдеу үшін, моншаны бөлім қызметкерлері мен емделушілердің күшімен саламыз. Егер жақсы жұмыс істесек, онда бәрін тез бітіреміз», - деді ол.

в) Алқаптарды өңдеу мен ферма жұмыстарына пайдалану. Чымкорган емханасының медқызметкерлері IWPR контрибьюторымен болған жеке әңгімеде аурулардың жеке алқаптар мен фермаларда жұмысқа салынатындығы жөнінде айтты. Өздерінің іс-әрекетін түсінеді-ау деген ауруларды «қиын және мәртебелі» жұмыстарға тартады, ол біз жоғарыда жазып кеткен жағдайларға қатысты еді.

Ұзақ жылдар бойы ауыл тұрғындары осы емхана емделушілерін тегін күш ретінде пайдаланып келді, олар аса қиын емес құрылыс жұмыстарына жегіліп, бақшаларда жұмыс істеді, малға қарады, мұның бәрін жұмысына ақы сұрамайтын «жыңдыларға» тапсыруға болатынды.

Медиктердің сөзіне қарағанда, аурулар күнделікті бірқалыпты өмірдің ауысқанына, үй тамағына және «жомарт» қожайын алып беретін темекіге қуанатын. Ал егер осының бәріне қоса бір бөтелке арақ болса, тіпті де «қатып кетіп жатты». Ал спирттік ішімдіктің ауру санасына қалай әсер етері ешкімнің ойына да кіріп шыққан жоқ.

«Соңғы кезде тәртіп күшейді, жұмысшылар алу қиын. Бізде ЧП емханада бір ауру екіншісін бауыздап тастапты, соған байланысты болса керек, енді ешкімді жібермей отыр», - деп әңгіме тиегін ағытты базардағы чымкоргандықтардың бірі.

IWPR контрибьюторымен болған әңгімеде Жаныбек Ажыбеков мойындай отырып, мынаны айтты: «Кейде дәрігерлер мен медқызметкерлер жер өңдеу керек, қоршау қою керек деп ауруларды сұрайды. Бірақ біз оларды жібермейміз. Әріптестерім ренжиді. Бірақ мен жұмыстан кететіндей ренжуге апармаймын. «Саған оның не қажеті бар? Егер ауру қашып кетсе, өзің іздейсің, жолға бензин құртасың. Мұның бәрі шығын ғой! Одан да отбасыңмен айналыс» деп түсіндіремін».

Чымкорган психиатрлық емханасында еңбек колониясы деп аталатын бөлім бар. Бұл бөлімде туыстары бас тартқан не мүлде туысы жоқ аурулар жатады. Алқапта он бестей адам қызанақ көшетін отырғызумен айналысып жүрді. Олардың бәрі жергілікті Азамат атты жігіттің қарауында екен.

Таяп келген журналисті көріп, аурулар жабылып нан мен темекі сұрай бастады. Ұсынылған темекіге бәрі бас салды. Аурулардың алаңдап жатқанын көріп, күзетші Азамат айқайлап, бәін орын-орнына қайта құды. «Оларға ештеңе бермеңіз. Әйтпесе бәрін алып алады. Көздері тоймайды», - деді ол.

Аурулардың бірі көшет отырғызып жатып, ұрланып аузына бір жасыл шөп салғалы жатыр екен. IWPR контрибьюторы жақындап барғанда, қорқып кеткен ол, қолын тыға қойды. Тек одан ешкім ештеңені тартып алғалы жатқан жоқтығына көзі жеткен соң барып, алақанында қалған бір уыс жоңышқаны асығып-үсігіп жей бастады.

г) Емхана бау-бақша учаскелерінде пайдалану.

Кызылжар психиатрлық емханасының наркология бөлімінің үш емделушісі емхананың алқабында жұмыс істеп жүрді. Бұл жерде алкогольмен айығу мақсатында жүрген Сыдық Т. жұмыстарының таңғы 6-да басталып, күн батқанда бітетінін айтты. «Дәрігерлер не айтса, соны істейміз. Бізді бұл еңбек терапиясы, осылай болу керек деп сендіреді. Сосын істейміз. Тамақты күніне үш рет береді, ол суға қайнатылған макарон не арпа жармасы. Ешқандай дәрі-дәрмек алмаймыз», - деді ол.

Әңгімеге тағы бір ауру Аман К. қосылды. Ол: «Біз жүгері оырғызамыз, жер қазамыз, бірақ ол үшін ақша алмаймыз. Кейде бізге темекі, артық нан жапырағын береді», - деді. Ол бізге түскі асқа сақтап қойған қараннның бір тілімін көрсетті.

д) Шектелген тамақ.

Әрине мұндай «тыңғылықты еңбек терапиясында» жүрген адамдардың тамақ ішісі көңіл көншітпейді. Мемлекет бюджетінен күніне әр аурудың тамағына деп 13 сом (шамамен 30 цент) бөлінеді. IWPR контрибьюторы Ош психиатрлық емханасының асүйіне бас сұққан еді. Аспаз бізге түскі асты қалай жасайтындықтарын көрсетті: қайнатылған су сорпа және кесектеліп туралған қамыр. «Сәбіз, пияз және басқа да қоспалар қоспаймыз, себебі олар қымбат», - деді тамақ пісіруші әйел.

Әділдік үшін айта кету керек, ыдыстың ішіне түсіп кете жаздап іздеп, аспаз бір сүйекті алып шықты. Ол тамаққа ет иісін сіңіру үшін қажет болған сияқты. Осы жерде, асханада журналист бірнеше үлкен атжалманды байқады. Алайда ол медқызметкерлердің де, емделушілердің де я қорқынышын, я таңданысын туғызып жатқан жоқ. Султан З.: «Бұл атжалмандар менің палатамда да жүреді. Оның еш ерекшелігі жоқ», - деді.

IWPR контрибьюторы түскі ас кезінде Чымкорган психиатрлық емханасының бөлімдерін аралап шықты. Бөтен адамды көрген аурулар нан не жейтін басқа бірдеме сұрап, жалына бастады. Сол күні оларға сорпа аты бар сары-сұр түсті сұйықтық берілді. Сорпада күрішпен бірге құрттар да қалқып жүзіп жүрді.

Клара К. 1995 жылдан бері Кызылжар психиатрлық емханасының емделушісі. Дәрігерлер оған «1 дәрежелі шизофрения» деген диагноз қоған, ауру асқынған кезде ол емханаға жатқызылады. Ол емделушілердің әрқашан аш жүретінін айтты. «Қайнатылған күріш не арпа жармасын береді, одан құрт шығып жатады. Кейде медиктер ақыл-есі дұрыстау деген ауруларды үйіне, жұмысқа алып кетіп жатады. Бірақ, ол жерде олар есі дұрыс тамақ жей алады, нанмен тәтті шай іше алады, ал кешке бөлімге қайта оралады», - дейді ол.

Клара бөлімнен шығарыларда, оны әпкесі қарсы алады. Ол IWPR-ға Клараның емханадан шыққанда өте арық болып келетіндігін айтты. «Басында, төсек-орнында бит өріп жүреді», - деді ол.

Кызылжар емханасының аурулары осы қысты қандай қиындықпен өткізгендіктерін еске алды. «Аштан өліп қала жаздадық», - дейді Борис есімді емделуші.

е) Медқызметкерлердің режимді «босаңсытқандығы» үшін бопсалап ақша алулары.

Кызылжар психиатрлық емханасында ерекше жағдайдағы, ақша төлей алатын емделушілер бар. 2-ші еркінен тыс емдеу бөлімінің емделушілері тұрақты түрдегі бақылауда болу керек болса да, емхана

аумағынан шығып кете алады. Осы жылы қаңтар айының аяғында санитарлар Капар есімді ауруды ауылға жіберген.

Атын атамауды сұраған санитар IWPR контрибьюторымен болған әңгімеде ақшасы бар емделушілерді бір ауық жіберіп тұратындықтарын айтты. «Олар бізге арақ, басытқы әкеліп береді, кейде ақшалай төлейді», - деді ол. Куәгерлердің айтуынша, ауылда әбден қыдырған «ауру», спиртті ішімдікке лықа тойып алған. Емханаға жетіп қалғанда, ол жергілікті Панарбек есімді тұрғынмен төбелесіп қалған.

Төбелесті көрген 2 бөлім санитарлары есікті ашқанда, аурулар досын құтқармақ болып тұра жүгірген. Санитарлардың бірі IWPR контрибьюторына оқиғаны қалай өрбігендігі жайлы айтып берді: «У-шу төбелесте аурулардың бірі Панарбекке пышақ тығып алған. Нәтижесінде ол жігіт ауруханаға түсті. Бірақ істі жауып тастады, ешкім ештеңеге жауап берген жоқ».

Чымкорган психиатрлық емханасында да белгілі бір артықшылықтарға ие емделушілер категориясы бар. Мысалы, бірде кешкі ас кезінде жергілікті кафеге екі жігіт кіріп келеді. Кейін өздері айтып бергендей, олардың еркінен тыс емдеуде және милиция қызметкерлері күзететін 4 бөлімнен екендігі анықталады.

Бұл жігіттердің бірі емхана бас дәрігерінің көлігін жақсы жөндегені үшін, ал екіншісі бас дәрігердің жерлесі болғандығы үшін осындай «жеңілдіктерге» ие екен. Яғни, белгілі бір жағдайлар мен материалдық ресурсы оңынан келсе, психиатрлық емханалардың емделушілері өздеріне біршама жақсы жағдай жасай алады.

Жалпы қорытынды сөз

Жалалабадтық құқыққорғаушы Абдуназар Маматисламтың сөзіне қарағанда, «Қырғызстандағы психиатрлық емханалар дәрі-дәрмектің жетіспеушілігінен емдемеуі былай тұрсын, олар сау адамды жынды қылып жібереді». Маматисламов қоғам психиатрлық емхана емделушілеріне нағыз қолдау білдіруі керек деп санайды, себебі аурулардың жағдайы, олардың онсыз да тұз татитын өмірін қиындатып отыр.

Танымал құқыққорғаушы Ырысбек Омуразков былай дейді: «Қырғызстандықтар психикалық ауруларға «сен тимесең, мен тимен» деп қарамау, олардың құқықтарының аяққа тапталуы мен ит пен жоңышқа жеп жүрген жағдайына бей-жай болмаулары керек». Оның ойынша, аталған проблеманы шынымен қолға алып, тұйықтан шығар жол іздейтін уақыт келді.

«Соңғы кезге дейін, егер психиатрлық емхананың емделушісі бұрыс тамаққа, дәрігерлердің қорлығына, жеке заттарының жоғалуына немесе оны емханадан шығару тәртібінің бұзылуына байланысты арыз айтып, шағым жазса, ол...оның ауру тарихына ұқыптап тұрып тігілетін еді. Бұл емделушінің алаңдатарлық не ызақор жағдайы туралы мәлімет беретін қосымша дерек көзі сияқты болды, ал оның қайдан шыққан, рас-өтірігі ешкімді де мазаламайтын.

Тек кейінгі кездері жағдай өзгере бастады, психиатрлық емханалардағы емделушілердің құқығын қорғауға дайын адамдар пайда болды», - дейді Республикалық психикалық денсаулық орталық қызметкерлерінің бірі.

P.S. IWPR контрибьюторлары барып кеткен соң, екі күннен кейін Чымкорган емханасына психикалық ауытқушылығы бар тұлғаларды қорғаудың тәуелсіз федералды қызметі қызметкерлері келді, олар заңгер Дебора Дорфман мен оның әріптесі, адвокат Крейг Аумиллер болды.

«Чымкоргандағы жағдайдың толық бет-бейнесін көрдік деп айта алмаймын. Емханада қажетті тамақтандыру мен дәрі-дәрмекпен қамтамасыздандырудың жетіспеушілігі көрініп тұрды», - дейді Крейг Аумиллер.

Дебора Дорфман болса бұдан гөрі жақсы көңіл-күйде. Ол: «Мен медқызметкерлер мен емделушілер арасындағы өте жақсы қарым-қатынасты көрдім», - деді.

«Қиындық пен қаржы тапшылығына қарамастан, емхана қызметкерлері, әсіресе басшылық, бізбен ашық сөйлесті. Олардың тіпті осындай тақыр жағдайда отырып, оны жақсартқысы келетіндіктері көрініп тұрды», - деп сөзі аяқтады Дебора Дорфман.

IWPR контрибьюторының ресми жүздесудің олардың күткенін ақтаған-ақтамағанына байланысты сұрағына, «көргіміз келген дүниені көрдік» деп жауап берді. «Бізге барлық жерге есік ашық болды. Өтінішіміз бойынша, біз емделушілермен жеке қалып та еркін сөйлестік».

Психиатрлық емханалардың емделушілерінің аты-жөні этикалық мақсатта өзгертілді.

ЖУРНАЛИСТСКИЕ РАССЛЕДОВАНИЯ СБОРНИК СТАТЕЙ

Проект поддержан Фондом Сорос-Казахстан и
Центром ОБСЕ в Астане

Руководитель проекта: Евгений Саввин

Редактор: Игорь Братцев

Перевод: Динмухамед Зиядин

Дизайн/верстка: Светлана Грудницкая

Тираж издания 500 экземпляров.

Отпечатано в типографии «ВТСОМ»

Международный центр журналистики MediaNet, 2011

ЖУРНАЛИСТІК ЗЕРТТЕУЛЕР МАҚАЛАЛАР ЖИНАҒЫ

Жоба Сорос-Қазақстан Қорының және
Астанадағы ЕҚЫҰ Орталығының қолдауына ие

Жоба жетекшісі: Евгений Саввин

Редактор: Игорь Братцев

Аудармашы: Дінмұхамед Зиядин

Дизайны/версткасы: Светлана Грудницкая

Басылым тиражы 500 дана

«ВТСОМ» баспаханасында басылып шығарылды

MediaNet Халықаралық журналистика орталығы, 2011